





Н. Макаев

**Нұртас
ИСАБАЕВ**

Айналайын арманым


MEREKE
Алматы
2014

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз) - 5
И 83

Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Исабаев Н.

И 83 Айналайын арманым / Нұртас Исабаев.– Алматы:
«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2014.– 288 б:
портр.

ISBN 978-601-7370-53-4

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Ақпарат және Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісінің иегері Нұртас Ибрагимұлы Исабаев оқырманға «Бастау», «Көкейкескен», «Өмірді сүю», «Ұлықпен сырласу», «Қимаймын сені», «Ғашық жүрек», «Өмірмен сырласу» атты жыр кітаптарымен, «Өмірге құштарлық» романымен жақсы таныс. Өлеңдері орыс тілінде «Разбег» атты жинақта, «Таң-шолпан» журналында жарық көргенін де айта кеткіміз келеді. Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтын аяқтап, әдебиет әлеміне енді аяқ басқан кезінде автомобиль апатына ұшырап амалсыз арбаға таңылып қалса да, Нұртас қолынан қаламын тастамай, қиындыққа мойымай, қайсарлық танытып, шығармашылықпен айналысып, өнімді еңбек етіп келеді.

Осы ұсынылып отырған жыр жинағы да сондай әсерлі, жүректен шыққан жалынды жырлардан тұрады. Сондықтан да бұл жинақ оқырманның көңілінен шығатын дүние деп есептейміз.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз) - 5

Барлық құқықтары қорғалған. «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-ының жазбаша рұқсатынсыз бұл басылымның кез келген бөлігін ешқандай мақсатта да, қандай да бір үлгі-нұсқада да, фотокошірме және магнитті таспаға жазу түрін қосқанда, яғни электронды, болмаса, механикалық тасымалдағышы ыңғайында да көшіріп басуға болмайды.

© Исабаев Н., 2014
© көркем безендіру «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014
Mereke baspasy
©«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014
Mereke baspasy

ISBN 978-601-7370-53-4

Жарық күнім

Жарқырап шыға берші, Жарық күнім,
Әлемнің қара түнек жарып түнін!
Жүрейін емін-еркін, құстай ұшып,
Алармын жер қойынына барып тыным.

Жасайды тірі адам тіршілігін.
Күлімдеп тас-төбемде тұршы, Күнім!
Жібітсе шуақ-нұрың өнбойымды,
Оянар талдың жасыл бүршігімін.

Келе бер шуағыңды шашып, Күнім,
Көңілім бара жатыр тасып бүгін.
Жадырап кең дүние, жан дүнием,
Өмірге жалындады ғашықтығым,

Жайнауға шешек атып жақын гүлім,
Бар шығар қуануға хақым бүгін.
Бусанған жер секілді мейірленіп,
Нұрыңнан тасып жатыр ақыңдығым!

* * *

Өмір, кейде қайғы-қасірет шексем де,
Ықыласым, пейіл-көңілім тек сенде.
Ораламын өз ортама сағынып,
Кейде ренжіп араласпай кетсем де.

Сақтап адал ниетімді келем мен,
Кеткеніммен асып талай белеңнен.
Ғашықтардай, қимас құрбы-достардай,
Сырласамын тебірене өлеңмен.

Киындықтар кездесе де көптеген,
Кездерімде мақсатыма жетпеген,
Көңілімді жұбатамын сөзбенен:
«Жақсылықтың ерте-кеші жоқ" деген.

Өкініштен өртенсе де өзегім,
Тағдырымның азабына төземін.
Кейде елеп, кейде елемей жүрсе де,
Қымбат маған туған халқым, өз елім!

* * *

Талай белес, асудан асқанымда,
Жалын лаулап жанады жас қанымда.
Маза бермей жырым да, дастаным да,
Қалықтайды қиялым аспанымда.

Тағдырыма налымай жарытпаған,
Қыран болып көңілім шарықтаған.
Сезім барда дүние жарық маған,
Жүрегімде жыр маздап жанып барам.

Болмайды деп жүрмесем, жүгірмесем,
Арпалысып тағдырмен ғұмыр кешем.
"Жырың барда өмірден түңілме сен",-
Деп өзіммен сырласып, күбірлесем.

Бақытқа да болмадым аса масаң,
Не болғаным жеңілді тасаласам.
Адам болып несіне ғұмыр кешем
Өмірімде бір ерлік жасамасам?!

Азаттық

Неткен бақыт, қандай жақсы Азаттық!
Қонды бізге керемет бақ, ғажап құт!
Аялауға, бағалауға тиіспін
Тамырымда болса қаным қазақтық!

Сүйем оны туған Айым, Күнім деп,
Өше жаздап, қайта жанған Тілім деп.
Азаттық бұл — бодандықтан босанып,
Бостандықтың атқан таңы күлімдеп!

Тәуелсіздік — өркендеген өз елім,
Өзімдікі болып жерім, өзенім.
Қанат жайып, бар әлемге танылып,
Таңырқатқан жарқын, нұрлы кезеңім.

Тәуелсіздік алған күнім — мерекем!
Менің елім шын бақытты ел екен!
Азаттықпен көтерілді еңсеміз,
Бағым жанып, келді менің берекем.

Азаттықпен кірді біздің сәніміз.
Жарқын шығып үніміз бен әніміз.
Сақтау үшін бұл бақытты мәңгілік
Әрқашанда құрбан біздің жанымыз!

Бастан кешіп таңғажайып уақытты,
Шаттанамыз жырлар жазып жақұтты.
Азаттықты, армандаған бабамыз,
Көріп жатқан біздің ұрпақ бақытты!

Адамдар

Сендерден жан сырымды жасырмадым,
Адамдар – айналайын асылдарым.
Тағдырға сендер үшін бас ұрмадым,
Саялар сендерсіңдер жасыл бағым.

Туғанда түнде жарық шашқан айым,
Кетеді тарап бұлғтай басқан уайым.
Жайнаған күндей күліп жас болайын,
Елеусіз өздеріңді тастамайын.

Ағайын дариядай, тоқтамайын,
Жырымды ағыл-тегіл ақтарайын.
Адамдар - алтын күнім, аппақ айым,
Ақ болып алдарыңда ақталайын.

Аңсаған адалдықты шақта ғалам,
Өзімді ар алдында ақтап алам.
Сендерден айырмасын ешқашанда
Мейірімді, әділ Алла-хақ тағалам!

* * *

Сақта мені Құдайым, жалған достан,
Бақытты өмір сүрейін алданбастан.
Адастырма, ешқашан ажыратпа,
Адал достан, ақпейіл армандастан!

Жалған достар жабысып ошағандай,
Жиі алдайды көрініп дос адамдай.
Көлеңкемдей қалмайды қыр соңымнан,
Пайдаланып, жақсылық жасағандай.

Қызғанбайды жақсылық жасағандар,
Ор қазбайды секілді есалаңдар.
Бірін-бірі сыйлайды, алдамайды
Ақ ниетті, мейірімді дос адамдар.

Достарым бар сыйлаған, алдамаған,
Доссымақ бар алдаған, қолдамаған.
Жаман достан құтқарып әрқашанда,
Жақсы достар сыйлашы, Алла маған!

Өнердегі достарыма

Өнерге ғашық, өмірге ғашық жандармыз.
Болса да қиын, басқа жол қалай таңдармыз?
Шаттанған шақта шабытқа нұрлы бөленіп,
Қиялға мініп қияға талай самғармыз.

Жүректі тербер сиқырлы сазды, жыр-әнді
Сыйлайды Құдай түсірген көктен құранды.
Тұра алмас ұзақ тірліктің ұстап тұсауы
Аспанды аңсап еркіндік сүйген қыранды.

Самғайық, достар, ұмытып тұрмыс-күйбеңді,
Сендерді ойлап көңілім ғажап күйге енді.
Бөлейді рахат бақытқа, шабыт, сезімге
Өнер мен өмір өлердей шексіз сүйгенді!

Айналайын арманым

Айналайын арманымсың аңсаған,
Шын жүректен ғашық болдым мен саған.
Суретіңе қараймын да тамсанам,
Қарағандай жұлдыздарға самсаған.

Қандай нұрлы сенің қара көздерің,
Балдай тәтті мінезің мен сөздерің!
Қызық түстей ойымнан бір кетпейді,
Бақытты боп бірге жүрген кездерім.

Кеттің де сен, алыстады арамыз,
Айрылыстық таусылғандай шарамыз.
Жазыла ма жүректегі жарамыз,
Қашан бірге кафелерге барамыз?

Сенсіз өмір жоғалтқандай бар мәнін.
Жапырағынан айрылғандай орманым.
Сағыныштан ән мен өлең арнадым,
Қайдасың сен, айналайын арманым?

Сүйіктім

Сүйкімдісің, сүйіктім,
Лағындайсың киіктің.
Қылығыңмен, көркіңмен
Жүрегімді иіттің.

Тасыған бал сезімсің,
Оралған жас кезімсің.
Қуанышқа бөлеген
Махаббатым — өзіңсің.

Сенсің — әнім, өлеңім,
Саған ғана сенемін.
Сағынамын әрдайым,
Сені жақсы көремін.

Алдыңда бас иемін,
Жаным, жанып-күйемін.
Болшы менің бақытым,
Тек өзіңді сүйемін!

* * *

Айнымас ғашық сезіммен
Талпындық жарқын таңдарға.
Қалқам-ау, маған өзіңнен
Әлемде қымбат жан бар ма?

Атады алдан таң күліп,
Жетерміз асыл арманға.
Махаббат — сезім мәңгілік
Көңілі адал жандарға.

Өзіңдей сұлу қызбенен,
Қалайша мәңгі қоштасам?
Бақытым - сенсің іздеген,
Кетпеймін сенен ешқашан.

Жақынсың туған-туыстай,
Сүйгенім және досым-ай.
Жүрейік бірге, суыспай,
Бақытты болып осылай!

Анашым

Шуақ шашып көңілге,
Жетелеген өмірге,
Сендей ана сыйлаған
Алғыс айтам тәңірге.

Қайырмасы:

Айналайын, анашым,
Маған мәңгі панасың.
Асылымсың, данасың,
Анашым.
Мейірімді мамасың,
Мәпелеген баласын.
Күнім болып жанасың,
Анашым.

Сендік шексіз мейірім,
Көлдей шалқар пейілің.
Сенің бесік жырыңмен
Тербетілген зейінім.

Жанымда жүр, жетеле,
Еркелетіп мәпеле.
Жер бетінде, анашым,
Саған адам жете ме?

Жан әке

Жан әке, жан жылуың алақандай,
Ұшырған балаң едім балапандай.
Алдында арқа сүйер әкесі бар
Бақытты еркелеген бала қандай!

Әкетай, ата берсін күліп әр таң,
Мен дағы болашаққа сенім артам.
Жан әке, жаны жайсаң, көңілі дархан,
Жүргенім жайраң қағып сенің арқаң.

Мейірімді қамқорымсың аялаған,
Баладан қолда барын аямаған.
Өзіңсің — асқар тауым, мақтанышым,
Самалды, салқын бағым саялаған.

Қуанып жүре берші алаңдамай.
Сыйласын саған шаттық балаң талай.
Әкенің ақ үмітін ақтамасам,
Өмірде мен бақытты болам қалай?

Бажалар

Ботадай тату бажалар,
Көңілі аппақ тазалар.
Сыйластықтарын көргенде,
Көңілің судай тазарар.

Қайырмасы:

Әзілі ,сөзі жарасқан,
Біріне-бірі қарасқан.
Бауырдай жақын бажалар,
Сағынып, қимай тарасқан.
Бауырдай жақын бажалар,
Біріне-бірі қарасқан.

Мейманың келсе, безінбей,
Күтетін бірге көз ілмей.
Бажадай қамқор кімің бар,
Көретін сені өзіндей.

Жанашыр, сырлас досыңдай,
Жүзіктің асыл тасыңдай.
Тағдырдың өзі теліген,
Бажалар деген осындай.

Таң жыры

Қуанышпен тағы да бір таң атты,
Жер бетіне Күннің нұры тарапты.
Жарқыратып мол шуағын жаудырып,
Алла қалай тіршілікті жаратты?

Қандай сұлу мөлдіреген жарық таң,
Қуанышка, мол бақытқа жарытқан!
Көңілім тасып шарықтайды, шалқиды,
Ақ тілектер жауып бүгін халықтан.

Шуағыңды төге берші, ақ күнім,
Шалқи берсін әрбір таңда шаттығым.
Мөлдіресін таңғы шықтай көңілдер,
Жоғалтпасын мейірімін, пәктігін.

Жадыратып ғажап ақ таң атыпты,
Жер бетіне шашып сансыз жақұтты.
Әрқашанда қуанышқа бөленіп,
Барлық адам бола берсін бақытты!

* * *

Теңіздей тасып жырым, шалқып әнім,
Сеземін жүрегімнің балқығанын.
Қияға көзін тіккен жас қырандай,
Құлшынып, көк аспанға талпынамын.

Шарықтап барып қонбай шың басына,
Сенемін көңілімнің тынбасына.
Өмірмен сырласамын жым-жырт түнде,
Сыбырлап сыр айтқандай мұңдасыма.

Жанымның сезіп еркін азаттығын,
Өткізем ғұмырымның ғажап түнін.
Асығам сапардағы жолаушыдай,
Қалғандай тіршілікте аз-ақ күнім.

Жыры мен әнін толғап жүрегімнің,
Сүйдім де, сұлу өмір сүре білдім.
Келеді өлең жазғым адамдарға
Қадірін сезіндіріп бұл өмірдің.

* * *

Жүрегімнің табарсың тек сен емін,
Сен болмасаң, гулдей солып, семемін.
Өмір бойы ғашық болған бір қызға,
Ақындардың сезіміне сенемін.

Көңілімді тербетеді сол арман,
Сені сүйсем өмірімде болар мән.
Сенсіз енді жана алмаймын жалындап,
Сенсіз енді бақытты жан бола алман.

Жеңілген соң жасап бәрін айланың,
Махаббаттың жасадым бір байламын.
Мәжнүңдей ғашық болып жүремін,
Есі ауған кайғысынан Ләйланың.

Сондай тағдыр түссе енді басыма,
Амал қанша, айналмадым досыңа.
Жүрегімде жалындайтын, өшпейтін
Шын махаббат деген әлде осы ма?

* * *

Сұлу қыз көрдім жүзінен жылы күн күлген,
Бір көрген қызға ғашық боларымды кім білген?!
Өзі де ғажап, көзі де ғажап, әдемі,
Сол сұлу гүлді көремін артық мың гүлден.

Баурады бірден сахнада ұлттық сәнімен,
Даусымен жақсы, сиқырлы, сазды әнімен.
Сағыныш толы сол әнді күнде қайталап,
Сол сұлу қызды ойлаумен жүрмін әлі мен.

Домбыра шертіп жүр ме екен жиі ән салып?
Тағы да, шіркін, тыңдар ма едім тамсанып!
Бұлақтай мөлдір, шуақтай нұрлы, өнерлі
Сұлулық деген құдіретті еді қаншалық!

Күн күлген жүзін, сүйріктей сұлу саусағын,
Шырақтай жанған көздерін, үнін аңсадым.
Аумайтын гүлден, түсіме кірген сол ару,
Көрініп тағы оралар ма екен бал шағым?!

Жетісу

Жетісу — жанға жайлы кең мекенім,
Білемін бақытымның сенде екенін.
Жаныма тауларыңнан қуат алып,
Тәнімді самалыңа емдетемін.

Өзіңнен жүрегіме табылған ем,
Алыстан аңсап сені сағынған ем.
Астынан жеті салқын өзен аққан
Пейіштің жүргендеймін бағыңда мен.

Жұмақтай жердің сұлу ғажабысың,
Кең байтақ еліміздің ажарысың.
Ақиық Мұқағали жырлағандай,
Қымбатсың, мақтанышсың қазақ үшін.

Ыстықсың жүрегіме, жерұйығым,
Сүйікті Алматымда төрім, үйім.
Аралап қайтсам күнде көшелерін,
Сергимін көтеріліп көңіл күйім.

Көңілді, жылы жүзді адамдарың.
Тамаша бақтарың мен алаңдарың.
Ғажайып картиналар салар едім,
Дарыса суретшілік маған дарын.

Баурайы Алатаудың қалың орман,
Жап-жасыл Алматы мен Талдықорған.
Саялы тауларыңмен, бауларыңмен
Талайды қызықтырып, болдың арман.

Жетісу — гүл жамылған жасыл мекен,
Құнарлы топырағың асыл ма екен?!
Алыстап Алматымнан кете алмаймын:
Бағым да, бақытым да осында екен.

Тауыңда жанға рахат, неткен, ауа,
Жаратқан көктен нұрын сепкен-ау, ә?!
Алакөл шалқып жатыр көк теңіздей,
Мөп-мөлдір суы барлық дертке дауа.

Өзендер, көлдер, таулар өрнектеген
Келбетің кімнің көңілін тербетпеген?!
Мен үшін мынау сұлу кең әлемде,
Жетісу, саған ешбір жер жетпеген!

Жұпармен желпіп бағың, көк терегің,
Басымнан рахат күндер өткеремін.
Бақытты, ұзақ ғұмыр кешсем сенде,
Арманым бұл дүниеде жоқ дер едім!

Қайырлы таң, адамдар!

Көкжиектен келе жатыр күн шығып,
Көлеңкелер жан сауғалап, тұншығып.
Жаңа таңды қарсы алыңдар, адамдар,
Көзін ашты сәбидей пәк тіршілік!

Келе жатыр тағы жаңа атып таң,
Жер бетіне шашу шашып жақұттан.
Ояныңдар, асығыңдар, адамдар,
Кеш қалмаңдар мол ырыстан, бақыттан.

Көктемдегі таң лебінен, шуақтан
Мейірленіп, Жер-анаңдай қуаттан.
Мөддір шыққа шомылған шөп — гүлдер-
дей
Көңілімізді мөддіретсін бұл ақ таң.

Кірбіңінен арылсын ой-саналар,
Адал жанға жау болып кім саналар.
Жауласпайық, достасайық, адамдар,
Жас алмасын көздеріне аналар.

Жойылмасын түсіп қақпан — торға аңдар,
Суалмасын өзен — көлдер, ормандар.
Өз үйіңдей табиғатқа, адамдар,
Пана болып, аялаңдар, қорғаңдар.

Уайымның қуып түнек ақпанын,
Тілейікші таңның күліп атқанын.
Қайырлы таң, қайырлы таң, адамдар,
Бақыт болып ата берсін ақ таңың!

* * *

Серпіп тастап ойды басқан еңсені,
Тастай қашып бөлмелерін, кеңсені,
Сүйсе, шіркін, жұрттың бәрі қуанып,
Еркін өмір, сүйгендей шын мен сені!

Жарығы аз тар үйінен не іздейді,
Күндіз-түні неге қала кезбейді?
Мынау ғажап сұлулықты сүймесе,
Адам нағыз бақытты да сезбейді.

Жарығымен жазға ғана тән нұрдың,
Ару қалам, мені естен тандырдың.
Қалқып бара жатқандаймын ішімен
Ашық күнде сіркіреген жаңбырдың.

Құбылады сәуле алтын буындай,
Желбіретіп самал алаң туын жай.
Мен де солай сезімдерім алаулап,
Өтер ме екем, өмір, саған суынбай?!

* * *

Өмір, тыңдат сағыныш сазын маған,
Жырларымды жазайын жазылмаған.
Бұрын мұндай кенеліп қуанышқа,
Жайраң қағып, уайымнан жазылмағам.

Сүйіп жаздың гүлдерін, жасыл бағын,
Қандай жақсы күн болып шашылғаның!
Жүрегімді нұрлантип шуағыңмен,
Сағынышым, ешқашан басылмағын.

Өмір, енді арнап жыр жазам саған,
Жүрегімнен іздеймін саз-ән соған.
Сағыныштың самала жарықтарын
Жүректерге құямын жаз аңсаған.

Жанды қалай сағыныш баурамасын,
Шоқ гүлдермен тауып тұр бау жарасым.
Жылытайын демімен жүрегімнің,
Жұртым менің жабырқап жаурамасын.

* * *

Өмір, қалай жамандыққа барайын,
Жүрегіме толған сәуле — арайың.
Жылы сөзбен қуантты да бір досым,
Көңілімнен тарап кетті бар уайым.

Өмір, қалай жаман ойға ерейін,
Адамдардың жақсылығын көрейін.
Қуанғанда жеңісіме бір досым
Асып-тасып, өсіп қалды мерейім.

Өмір, қалай адамдықтан азайын,
Қиналғандар болса, қолым созайын.
Көп аңсаған бақытыммен достарым
Қауыштырып, болдым тағы көзайым.

Өмір, нені көңіліме алайын,
Қуаныштың көргенмін мен талайын.
Риза болып, сағынышты жыр етіп,
Ғашықтықпен жүрегіңде қалайын.

* * *

Нағыз адал досым менің сен бе едің,
Неге сенен сезіктендім, сенбедім.
Жараланған жүрегімді жұбатып,
Жылы сөзбен, жәрдеміңмен емдедің.

Жан екенсің жайын ойлар өзгенің,
Тауып беріп, толтыратын тез кемін.
Ақкөңілсің, жанашырсың жұртыңа,
Жақсы болды-ау соны енді сезгенім.

Азаматым, абыройлым, ардақтым,
Әділдікті айтамын деп зар қақтың.
Қуанамын ниетіңе сүйініп,
Кеткеніне көңлімдегі бар дақтың.

Адал екен адамдарға жүрегің,
Жолын ашып келеді екен күрегің.
Несі өмір жақсы адамдар болмаса? —
Сендей достар — өмірдегі тірегім.

Бас сауғалап бөтен жаңдай безбедің,
Неге алтынды танымадым, «жез» дедім.
Адал досым екеніңді білген соң,
Қалай жақсы көргенімді сезбедім.

Ғашықпын, Өмір, саған

Болса да тағдыр қиын, көңіл сараң,
Таусыла жаздаса да менің шарам,
Аңсаған арманыма жетпедім деп,
Айтпаймын өкпе-реніш, өмір, саған.

Басса да уайым бұлты жиі еңсені,
Шуақты, тамаша өмір, сүйем сені!
Халқым бар, бауырларым, достарым бар,
Адамға тірек болар сүйенсе елі.

Ғашықпын тауларыңа, гүлдеріңе,
Жайнаған жылы, жайлы күндеріңе.
Қуанам адам болып жүргеніме,
Өзіңді көріп өмір сүргеніме.

Өзіңсің — тілегім де, тірегім де,
Қаншама қимас жандар жүр елімде.
Ғашықпын әрқашанда, өмір, саған,
Өшпейді махаббатым жүрегімде!

Сағындым, Өмір, сені

1

Сағындым құштарланып, Өмір, сені,
Аңсайды еркіндікті көңіл сері.
Жанымның
 үйге сыймай аласұрған,
Табылар сенен ғана табылса емі.

Көрмеуге сені жаным төзбес менің,
Бола ма сенен ерте баз кешкенім.
Мен үшін қандай рахат
 сыртқа шығып,
Достармен, адамдармен кездескенім!

Есімде жас күндерім сайран құрған,
Бал бақыт басымды шыр айналдырған.
Сағынған қиын күндер емханада
Өзіңе мені мәңгі байландырған.

Мен үшін қымбат алған әр тынысым,
Толғанып жыр жазамын халқым үшін.
Келеді сақтап мені қиындықтан
Өзіңе деген күшті талпынысым.

Сағындым салқын самал, бақтарыңды,
Достармен бірге жүрген шақтарымды.

Өшпейтін саған деген сағынышым,
Кеудеме сыймай тағы ақтарылды.

2

Сағындым, Өмір, ыстық пейіліңді,
Саянда құрған сайран, сейілімді.
Өзіңде талай жақсы адамдар бар,
Шуақтай жылы жүзді, мейірімді.

Бәрі де менің қимас жақындарым,
Тербейтін жылы сөзбен ақын жанын.
Қатал қыс, қиын кезең алыстатып,
Тағы да сағындырып жатыр бәрін.

Сағынып,
еске түсіп сыйластығым,
Жанады жүрегімде қимастығым.
Аңсаған самалыңды, шуағыңды,
Жаным мен тәнім үйге сыймас бүгін.

Сағыныш кемерінен барады асып,
Кетердей мені сыртқа ала қашып.
Анамдай алшы мені құшағыңа,
Жүрейін адамдармен араласып.

Жүргенім қандай жақсы қадам басып,
Көшеде адамдармен амаңдасып!
Тартады мені қатты сағынышпен,
Жүрегім,
жаным тынбай саған ғашық!

Адаммын,
сезімі жоқ темір емен,
Егіз бе ежелден-ақ Өмір, Өлең.
Сезінсем елдің ыстық ықыласын,
Жыр жазып, шабыттанып, тебіренем.

Қалайша жақсылықты сезінбейін,
Сүйемін,
Өмір, сенен безінбеймін.
Шуақты күннен қуат, жылу алған,
Мен дағы мейірімді өзіңдеймін.

Сен дағы менің туған анамдайсың,
Хабарсыз кетсем іздеп, алаңдайсың.
Сағынып, сүйем сені,
мадақтаймын,
Қалайша өз анаңды жамандайсың?!

Баса алмай саған деген сезімімді,
Жыр жазып, таңда әрең көз ілінді.
Жатсынбай, жатырқамай,
анам болып,
Жаныңа тартшы, Өмір, өз ұлыңды.

Мейірімің керек нәзік жаным үшін,
Барады аңсап сені жанып ішім.
Құшайын мен де сені өз анамдай,
Басылсын кеудемдегі сағынышым.

Қарыздармын

Мейірімімен жылытып тамыздардың,
Алып шыққан ішінен сан ызғардың,
Ақ пейілді, жанашыр адамдардың
Алдарында әрдайым қарыздармын.

Ұсынатын көмегін, бүкіл асын
Жандар барда азаптан құтыласың.
Бақыттымын өмірде,
сақтай алсам
Мейірімді халқымның ықыласын.

Шын көңілін толғанып айтар ақын,
Айдын көлдей жел ессе шайқалатын.
Адамдарға, халқыма қарызымды,
Кезім келген секілді қайтаратын.

* * *

Бойымда қуат барда, санам барда,
Жақсылық жасасам деп адамдарға,
Келемін өз әлімше көмек беріп,
Жасауға мол жақсылық шамам бар ма?

Қайтемін, әкім болмай, ақын болдым,
Халқыма жүрегіммен жақын болдым.
Болмадым депутат та, белсенді де,
(Дегенмен соның өзі ақыл болды...)

Болғаны уақытымды қор етпесем,
Жақсылық жасау егер керек десем —
Ақылды жыр жазайын жалыңдаған,
Халқыма сол арқылы көмектесем.

Халқының жайын толқып көп ойлаған,
Мол тағлым берген жоқ па Абай маған?!
Өшпейтін даналардың сөздерінен
Табады мол жақсылық абайлаған.

Бойымда қуат барда, санам барда,
Ойлантып, сезім сыйлар шамам барда,
Жанына азық беріп жырларыммен
Жасайын мол жақсылық адамдарға!

Арманым менің

Арманым менің,
аңсаған асыл арманым,
Ұқтырдың маған
сезімнің сырын, бар мәнін.
Сездірдің маған
бақыттың тәтті бал дәмін.
Әнімді саған,
жырымды саған арнадым.

Өмірдің мүлде
қызығы жоқ қой сүймесең.
Сүйгелі сені
ғажайып тылсым күй кешем.
Қайтсем мен енді
өзіңмен жақын үйлесем,
Қайдасың, жаным,
келмейсің неге үйге сен?

Күтумен сені
өткіздім талай уақытты,
Ойлаумен сені
күндерім талай батышты.
Ұйқысыз талай
таңдарым менің атышты,
Келсеңші, жаным,
болайын тағы бақытты.

Қалады бақытың да, байлығың да,
Қызық та, қуаныш та, қайғы-мұң да.
Жаңқадай толқын қуған жоғаласың,
Теңіздей тіршіліктің айдынында.

Қарамас тағдыр ән мен сәніңе де,
Ғұмырдың білеміз бе мәні неде?
Сақтайық, аялайық бұл өмірді,
Жететін адамдардың бәріне де.

Тағдырмен арпалысқан адамдар-ай,
Сендерге жүре алмаймын алаңдамай.
Ақылды, мейірімді болайықшы,
Әйтпесе жөнделеді заман қалай?..

Мейірім

Мейірімнен қуат алар, бәлкім, дарын,
Бар менің құрметтейтін алтындарым.
Басыма қанша бейнет түссе дағы,
Жеңемін, еске алам да халқым барын.

Сөнбесе бұл өмірге махаббатың,
Жайылар жақсылықпен атақ-атың.
Көп екен бұл дүниеде жақсы адамдар
Тигізер жұртқа мейірім-шапағатын.

Оларсыз көркейтеді заманды кім?
Жеңе алмас жақсылықты жамандығың.
Мейірімді, әділетті жақсылардың
Тілеймін әрқашанда амандығын.

Қолдайтын солар барда не уайым бар?
Жырыммен жанға дауа болайын бал.
Арманға жеткізетін елің болса,
Бақыт қой өмір сүру, ағайындар!

Қайырымды қарындасқа

Өмірдің талай азабын,
Көрсем де әлі тазамын.
Кіршіксіз мөлдір сезіммен,
Мейірімді өлең жазамын.

Жүректің нәзік саздары-ай,
Қоя ма ойды қозғамай.
Жандырдың әнмен, қарағым,
Жүр еді сезім маздамай.

Ояттың ғашық сезімді,
Бақытты жаным сезінді.
Бейнеңе қарап аққудай,
Еске алдым жастық кезімді.

Сиқыр ғой ғажап ән деген,
Толқиды балқып жан-денем.
Ғажайып нұрлы сезімді
Сағындым ба екен әлде мен?!

Пәк жанды нәзік қыздар-ай,
Жүрегі жанған, мұздамай.
Жүргенде сендер құлпырып,
Жазбаймыз өлең біз қалай?!

Қара көздер

Мойылдай қара көздер мөлдіреген,
Жазайын сендер жайлы мен бір өлең.
Күлімдеп маған Күндей қарағанда,
Жүрегім майдай еріп елжіреген.

Тұңғыық әлеміңді көремін де,
Ойлаймын не сыр бар деп тереңінде.
Қызығып айдынына түсіп кетсем,
Түбінен інжу-маржан теремін бе?

Ойнаған көл бетінде күн нұрындай,
Сәулелі ой мен сезім мың құбылды-ай!
Аялы сұлу көздер, тұнық көздер
Жайнаған сұлулықтың символындай.

Сән беріп көркем қыздың ажарына,
Түстіңдер бірден менің назарыма.
Теңіздің тереңіндей жанарларың
Бақыттың ажалы ма, базары ма?

Сырларың, неткен, терең, тылсым еді,
Жаныма күншуақтай нұр сіңеді.
Жәудіреп кетпейсіңдер көз алдымнан,
Жүрегім неге мұнша күрсінеді?..

* * *

Елге берем жүректегі барымды,
Ойларымды, сезімімді жалынды.
Сүйемін мен Отанымды, Өмірді,
Достарымды, барлық бауырларымды.

Тыншымаймын дәптер жырға толмаса,
Шабыттанам бауырларым қолдаса.
Солар менің жағдайымды жасайды,
Қайтер едім егер олар болмаса?!

Бауырларым, сүйемін мен сендерді,
Пейілдерің көңіліме дем берді.
Мейірімдерің күннің жылы нұрындай,
Ерітеді жүректегі сендерді.

Пейіліне риза болып ағаның,
Дариядай тасып-толып ағамын.
Жаным еріп мейірімінен інінің,
Асып кетем кемерінен жағаның.

Табылады қорегім де, киім де,
Болып жатыр жағдайым да, күйім де.
Ағамызға, жеңгемізге еркелеп,
Өлең жазып жатып алам үйінде.

Ағам, інім, қарындасым, жиенім,
Қызым барда мол бақытқа иемін.
Бауырларым — қуанышым, байлығым,
Барлығын да жақсы көрем, сүйемін!

Аяулым – әнім

Аяулым, мен өзіңді армандаймын,
Шынымен ғашық болып қалғандаймын.
Жанымды жұбататын сен болмасаң,
Сәбидей басқа жанға алданбаймын.

Өзіңді аңсап, жаным, сағынамын,
Өзіңсің – қуанышым, бағым, әнім.
Жаралған Ай нұрынан сен тұрғанда,
Басқаны ойлап, қалқам, неғыламын?!

Сен мені сағындырдың, зарықтырдың,
Жүрегім бара жатыр жанып, құрбым.
Қол жетпес аспандағы толған Айдай,
Қараңғы көңілімді жарық қылдың.

Оянған көзіңменен, сөзіңменен,
Кетпейді бұл ғашықтық сезім менен.
Мен нағыз бақытты жан болар едім,
Әрдайым бірге жүрсем өзіңменен.

* * *

Қоштаса алмай бейнеті мол өнермен,
Болып алдық беті қайтпас өлермен.
Көніп жүрміз азабына пайдасыз,
Азайса да оқырман мен көрермен.

Әуре болып құны біткен өлеңмен,
Түн ұйқымды төртке бөліп келем мен.
Қоя алмаспын, тоя алмаспын жазуға,
Әл кеткенше, жан кеткенше денемнен.

Қиналсам да, күйінсем де, ағайын,
Өздеріңе қайтіп кінә тағайын?
Жалындаған жырмен, жылы сезіммен
Жүректерде үміт отын жағайын.

Өкінемін кездеріме жазбаған,
Ықылас болса жетеді ғой аздаған.
Жаралған ғой жылытуға жүрегім,
Күн секілді алаулаған, маздаған.

* * *

Өмірге келдім
жаңбырлы, салқын күзде мен
Сондықтан
жалғыз шуақты кезді іздемен.
Жатады күнде
шаттық пен қайғы алмасып,
Алыса берем
болғанша қатып мұз денем.

Төгеді аспан
жаңбырын, жылы ақ нұрын,
Алғашқы қардай
кіршіксіз содан пәк жырым.
Құбылып тұрар
қараша айы секілді
Шуақты және
жаңбырлы менің тағдырым.

Тапқандай жаным
мезгілмен жақсы келісім,
Көреді күзде
көктем мен жаздың жемісін.
Мен үшін өмір —
мылтықсыз майдан секілді,
Күреспен ғана
келеді күткен жеңісім.

Әртүрлі әркім
бағалар айдың он үшін,
Қиналып жатсам
береді өмір қол ұшын.
Жапырақтардай
жанымнан жырлар ұшады,
Мінезім ұқсас —
ұнатам күзді сол үшін.

Келіпті күзім
жылы шуағын таратқан,
Күтеді алда
қаһарлы қаңтар, қар, ақпан.
Қарттықтан қорқам
қолына жұрттың қаратқан,
Қамқорым болшы,
қайырымды, әділ Жаратқан!

Туған күн

Бүгін менің туған күнім, мерекем,
Тасып жатыр қуанышым, берекем.
Тойлап жатыр бауырларым, достарым,
Туған елдің пейілі де кең екен.

Қайырмасы:

Өмір қандай сұлу бүгін жайнаған,
Жақсы екен ғой туған күнді тойлаған!

Алданғандай арман деген елеске,
Келіп қалған екенмін бір белеске.
Белес деген — өнерімді сыйлаған,
Адамдардың мейірімі емес пе?!

Жан достарым әрқашанда бағалар,
Қуанышпен адам көңілі ағарар.
Аман болсын туған елім, достарым,
Бауырларым, апалар мен ағалар!

* * *

Есімде сенің тәтті қылықтарың,
Жанымды сезіміңмен жылытқаның.
Жүруші едік сырласып, әзілдесіп,
Бөгеттердің жеңуші ек күліп бәрін.

Есімде содан кейін ұмытқаның,
Неліктен жүрегіңді құлыптадың?
Өз-өзіме келе алмай жүрмін әлі,
Жинай алмай көңілдің сынықтарын.

Сүріндіріп қапыда кеткен едің,
Алғашында қиналдым, өкпеледім.
Шаттығына бөлеген махаббаттың,
Өмірімнің ғажайып көктемі едің.

Еске аламын, әлі де қиялдаймын,
Ұмытсам деп өзімді жиі алдаймын.
Сен екенсің шынайы махаббатым,
Басқа жанды өзіндей сүйе алмаймын.

* * *

Тұр ғой тағы шұғыласын шашып Күн,
Қуанышым бара жатыр тасып тым.
Жердің бетін ақ қар жауып жатса да,
Өмір, саған мен өлердей ғашықпын!

Өзіңсің ғой — арманым да аңсаған,
Ғұмыр бойы ғашық болам мен саған.
Өн бойымды жылытады шуағың,
Жүрегімді маздатады қанша адам.

Шаттанамын Күн күлгенде жайрандап,
Мәз боламын көше кезіп сайрандап.
Қымбат маған сенің нұрлы келбетің,
Сағындырып күнде құшақ жайған бақ.

Көңілім саған әрқашан да алаңдар,
Шаттығыңды сыйлай берші маған бар.
Қадіріңді білер еді-ау аялап,
Өмір, сені мендей сүйсе адамдар!

* * *

Шіркін-ай, дала бүгін қандай жарық,
Қуанып қарай берем таңдай қағып.
Келбеті табиғаттың тамылжыған,
Жаныма бара жатыр балдай жағып.

Аспан да бүгін бұлтсыз, қандай ашық,
Таулар да көрініп тұр болмай қашық.
Тамсанып қарай берем көзімді алмай,
Елжіреп жан жүрегім жандай ғашық.

Жарық күн жақсылыққа жарытқандай,
Көңілді көшедегі халық қандай.
Нұрланып бара жатыр жандүнием,
Жайнаған, жарқыраған жарық таңдай.

Жаныма шат сезімді дарытты кім,
Сүйсінем көріп күннің жарықтығын.
Жаныма сәуле шашып жайнай берші,
Қуаныш сыйлап дәйім, Жарық Күнім!

* * *

Қараймын ұзақ
аяздап тұрған бақтарға,
Жабырқап, жаурап,
малынған ұлпа ақ қарға.
Терезелердің алдында отыр
кептерлер,
Қарқылдап ұшып
қонады жерге көп қарға.

Ашиды жаным,
мүсіркей қарап бәріне,
Бүрсеңдеп жүр-ау
ұшырап қыстың кәріне.
Мен болсам жылы
үйімнен шықпай отырмын,
Тұмауым көнбей
сорпаға, балға, дәріге.

Сонда да көңілім
далаға, жұртқа алаңдар,
Жазылмай сыртқа
шығуға қандай шамам бар?!
Әлжуаз болып
жаралдық екен неліктен,
Жылыны неге
аңсайды екен адамдар?!

Қаланы көміп
тастады ерте қыс қарға,
Қайранмын анау
бүрсеңдеп жүрген құстарға.
Кетпеді екен
неліктен жылы жақтарға,
Олар да меңдей
өмірге мынау құштар ма?

* * *

Әзірге қуатым бар, жүрек аман,
Қырандай самғау керек, сірә, маған.
Төменде тарылатын тынысыма,
Дем беріп, шақырады мына ғалам.

Алыстан қол бұлғайды арай бағым,
Келмейді аз олжаға қарайлағым.
Арманы асқақ жанның бірімін-ау
Соғатын жырдың зәулім сарайларын.

Қайратым жас жігіттің қайратындай,
Жүрегім, бұлбұл болып сайра тынбай!
Жазайын емін-еркін бауырымды,
Ұзаққа шабар жүйрік бәйге атындай.

Болғаны күлімдесем, жырым десем,
Абайсыз орта жолда сүрінбесем.
Самғайын тағы да бір емін-еркін,
Өйткені қырандарша ғұмыр кешем!

* * *

Сәулешім, ғашық болу жасқа лайық,
Одан да, кел, екеуміз дос болайық.
Сыйласып күнделікті тіршілікте,
Сәттерде қиын-қыстау тастамайық.

Көнігі құрбылардай сырласайық,
Достықты өзгелер де қылмас айып.
Жақсымен сөйлескенің бір ғанибет,
Лұқпан хакім секілді мың жасайық.

Өмірде кішіпейіл жаңды ұнатам,
«Көп жаса! Бақытты бол!» — менің батам.
Сен жассың, екі арамыз жер мен көктей,
Болса да қызға ғашық Жамбыл атам.

Гете де сексенінде ғашық болған,
Сезімін жыр етіпті тасып-толған.
Сен келіп пейіліңмен сәуле шашып,
Көтердің көңілімді жасып қалған.

Сезіндім көңілімнің гүл ашқанын,
Нұрланып, жарық болып тұр аспаным.
Қалаймын сол шынайы пейіліңнің
Айнымас шын достыққа ұласқанын.

Жүрегім еріп,
 сол лақты қатты аядым,
Аңшының иті
 тістеген екен аяғын.
Өрістен қайтқан
 ешкіге салып кеш сайын,
Ағаммен бірге
 жетелеп шөпке жаямын.

Сол сұлу киік
 өзіңе қатты ұқсаған,
Даласын, бәлкім, сағынды...
 өлді құсадан.

Адамдар неткен
 қатыгез жыртқыш секілді,
Киікті аулап,
 бейкүнә лақты тұсаған.

...Өзіңді көріп,
 есіме түсті баяғым,
Келеді сені
 сұқ көзден қорғап, аяғым.
Құралай көзді,
 сүйкімді сұлу, қалқам-ай,
Болсыншы әркез
 тұсаудан аман аяғың.

* * *

Жұртым мені қуанышқа жарытты-ау,
Қандай жақсы шабыттанып, шарықтау!
Жырлар жазам қалықтаудан жалықпай,
Жер бетінен ашық аспан жарықтау.

Арылмасаң ұсақ-түйек күйбеңнен,
Серпілмессің өмірді шын сүйгенмен.
Күйбең қағып ақындар жүр үйленген,
Ал мен еркін шарықтауға үйренгем.

Бір кездегі асқар шыңдар, алып тау
Бұлт жамылып, жерде төмен қалыпты-ау.
Жұртым қолдап, маған қуат дарытты-ау,
Қандай жақсы еркін ұшып, қалықтау.

Шайды аспан көңілдегі алаңды,
Тек жақсылық жаулап алды санамды.
Құшағыма алғандай боп баламды,
Ұшсам деймін түгел шарлап даламды.

Ұшқан адам биіктен көп сыр аңдар,
Өмір жайлы сол жандардан сұраңдар.
Секілденіп жорғалаған жыландар,
Жерге сыйып жүре алмайды қыраңдар!

* * *

Адаммын ғой берген сезім, ми, ақыл,
Тағдыр маған там-тұм ғұмыр қия тұр.
Қайғы-мұңды, қуанышты, күлкілі
Өмір деген — қызығы мол театр.

Ақиқат қой бар екені бір өлім,
Сонда да мен бақытты өмір сүремін.
Қиындықпен, Жамандықпен күрескен,
Ойнай берем Жақсылықтың рөлін.

Маған басқа талап қойып сұрама,
Тағдырымнан аса алмаспын, сірә да.
Араласқан қуанышы, қайғысы,
Мендік өмір — тұнып тұрған драма.

Адамдардың оятып ой-зердесін,
Қалғуына жырым мұрша бермесін.
Кетпейінші сахнаның төрінен,
Жапқанша ол шымылдығын-пердесін...

* * *

Өмірде іс жасама ұялатын,
Адал бол өмірді шын сүйе алатын.
Бумеранг секілді қайтып келер,
Біреулерге жасаған қиянатың.

Адамдар жақсылықтан нәр алады,
Ащы сөз жанды дәйім жаралады.
Жасаған жақсылығың біреулерге —
Өзіңе кептер болып оралады.

Келеді саған жақсы хабар алып,
Әйтеуір бір қайтарым болары анық.
Жаманның жатса өзі жараланып,
Жақсылар көрінеді дараланып.

Біреудің қала көрме қарғысына,
Құдайдың қарсы келме жарғысына.
Қалғанша біреулердің көз жасына,
Бөленсең бақыттысың алғысына.

Ғашық жүрек

Жүрегім-ай, аласұрған байғұсым,
Жарлысың ба, әлде жырға баймысың?
Тыншымайсың, уайымдап сыздайсың,
Ойлап өзге жандардың да қайғысын.

Жайын ойлап жұрттың, жетім-жесірдің,
Ренжіткен жандарды да кешірдің.
Бұл өмірде азаймасы белгілі,
Қайғы-мұңның, зұлымдықтың, кесірдің.

Аққа қара жағып жатса күйесін,
Күйзелесің, ашынасың, күйесің.
Бәріне де қорған болғың келеді,
Күйінсең де, сен өмірді сүйесің.

Сондықтан да айналаңа ашықсың,
Зұлымдықтан, жамандықтан қашықсың.
Жас баладай қызығасың әлемге,
Сұлулыққа, өмірге сен ғашықсың.

Нәзіксің сен, таңғы шықтай мөлдірсің,
Лас көңілді тазартамын деп жүрсің.
Елжірейсің көрсең мейірім, жақсылық,
Таусылмайтын шапағаты мол жырсың.

Сен әрқашан маған демеу-тірексің,
Жырың сенің жүректерге гүл ексін.
Ешқашан да қартаймайсың, сөнбейсің,
Өйткені сен мәңгі ғашық-жүрексің!

Алыста менің
 жанымды ұғар сырласым,
Тауға да сыймай,
 сайға да сыймай жүр басым.
Сағынған жүрек
 жыласың, мейлі, жырласың,
Сарқылсын мұңым,
 таусылсын жасым құрғасын.

Кеудемде менің
 өшпейтін сондай бар арман,
Айналып жырға
 жас болып тamar жанардан.
Аңсайды жаным
 пәк махаббатын нәр алған,
Жырлайды жүрек
 тек сүю үшін жаралған.

* * *

Жетімді көрсем келеді үнсіз жылағым,
Жүрегім еріп, ағызып жастың бұлағын.
Солды деп неге балауса өмір құрағы,
Құдірет күштен келеді менің сұрағым.

Кетемін аяп көшеден көрсем қарт адам,
Ажары солып, базары ерте тарқаған.
Сәбиді көрсем анасын іздеп жылаған,
Басынан сипап, келеді қаққым арқадан.

Қыздарды көрсем, сәбиді көрсем жарымжан,
Ашиды жаным, өртеніп ішім жалыннан.
Құтқарар едім бәрін де келсе қолымнан,
Күрсінем іштей күйініп қайғы-зарымнан.

Бола алмай талай жандарға сүйеу-таяныш,
Өкінем іштей, кетеді қиял, ой алыс.
Кінәсіз сәби неліктен азап шегеді,
Неліктен өмір осынша толған аяныш?!

Адамдар неге уланып түтін, арақтан,
Ауаға, жерге қасірет, індет таратқан?!
Пеңделеріңді бақытсыз етіп мұншама,
Сынаққа салып қинадың неге Жаратқан?!

Сұлу қыз

Сұлу қызды сымбатты Шынардайын,
Болып жүрем көруге құмар дәйім.
Өзі сондай әдепті, тәрбиелі,
Жақсылық та жасауға тұрар дайын.

Ойлы қара көздері сұлу қандай,
Сәлемі де, сөзі де шырын балдай.
Үлбіреген ақ жүзі күн секілді,
Шуағына боламын жылынғандай.

Жарасады толқынды қара шашы,
Кірпіктері, қиылған қара қасы.
Тал бойында бір мін жоқ, қыпша белді,
Қыздардың ол сұлуы, тамашасы!

Сай келмейтін талайлар талғамыма,
Шынар қызға көңілім толғаны ма?
Қуанамын осындай сұлу қыздың,
Сыйласатын танысым болғанына.

Жақсылық бар жайнаған гүл өңінде,
Оятатын бал сезім жүрегімде.
Ажарына ақылы, мінезі сай,
Қандай жақсы қыздар бар бұл өмірде!

* * *

Сені ойлап, қиялдаймын, аяулым,
Басқа жанды сүйе алмаймын, аяулым.
Сені енді қия алмаймын, аяулым,
Сенсіз жерге сыя алмаймын, аяулым.

Сені сүймей жүре алмаймын, аяулым,
Сенсіз жайнап күле алмаймын, аяулым.
Сенсіз енді тұра алмаймын, аяулым,
Сенсіз өмір сүре алмаймын, аяулым!

Шырайлым

Саған жетер қыз бар ма екен әлемде,
Көрінбейсің, жолдамайсың сәлем де.
Жазылмай жүр сенсіз жақсы өлең де,
Көрмеймін бе, енді сені көрем бе?!

Жүрегімді жаулап алған шырайлым,
Көрмей сені қалай ұзақ шыдаймын.
Мейірімінен үміттеніп құдайдың,
Жалбарынып сені ғана сұраймын.

Көңілімді баурап алған сұлуым,
Сағынамын жүрегіңнің жылуын.
Сенсіз қиын енді жайнап күлуім,
Сенсіз қиын бақытты өмір сүруім.

Жан-жүрегім сағынады, шөлдейді,
Сенен басқа жанға көңіл бөлмейді.
Көрмесем де сені ұмытқым келмейді,
Шын махаббат сөндірсен де, сөнбейді.

* * *

Сен кеткен соң алыс жерге, қарағым,
Еш қызығы қалмағандай қаланың,
Айдалада жалғызсырап қалғандай,
Сені қатты сағынып мен барамын.

Сен бар кезде қуанышқа жарыдым,
Жүрегіме дауа болып дарыдың.
Енді, міне, кеткендейсің өзіңмен
Бірге алып көңілімнің жарығын.

Күнім болып жадыратып жүр едің,
Сен келгенше қалай шыдап жүремін?!
Түн секілді кеудем қалды қаңырап,
Саған еріп кетіп қалды жүрегім.

Бақыт екен сені көріп жүргенім,
Көз алдымда бейнең, жүзің, күлгенің.
Күндіз-түні сағынамын, ойлаймын,
Көрмесем де мен сенімен біргемін!

Сағынамын сені

Сағынамын, дүрсілдейді жүрегім,
Бір өзіңсің — арманым мен тілегім.
Сені қалай сағынбай мен жүремін,
Сенсіз қалай бақытты өмір сүремін?!

Кешір, егер артық айтсам сөзімді,
Жасыра алмай жүректегі сезімді.
Әдемісің, маған қатты ұнайсың,
Барлық қыздан артық көрем өзіңді.

Сағынамын сені, жаным, әрдайым,
Қара бұлттай торлап алды саруайым.
Күнім болшы, көңілімді көтерші,
Гүлім болшы, өмірімді арнайын.

Аспанымда жарқыраған бол Айым,
Нұрға толсын, жырға толсын маңайым.
Бағым болшы, жарым болшы сен менің,
Ең бақытты, армансыз жан болайын!

* * *

Болмаса да алатын көп айлығым,
Бауырларым, елім — бақыт, байлығым.
Солар барда келер шаттық, қуаныш,
Солар барда жоламайды қайғы-мұң.

Солар мені қиындықтан құтқарып,
Талай ауыр кезеңдерден шықты алып.
Демеуімен, көмегімен, пейілімен,
Бәрімізге келе жатыр құт дарып.

Бақыттымын жақсы өмір сүргелі,
Біреуден кеш, ал біреуден ілгері.
Тілейтінім — жаратқаннан күн-түні,
Бәрінің де аман-есен жүргені.

Аман болсын бауырларым, елім де,
Солар барда жайым болар менің де.
Өмір сүрем қайғы-мұңсыз, уайымсыз,
Пейілі кең, байтақ, жомарт жерімде.

* * *

Жаным менің, кеттің-ау хабарласпай,
Жақсы кездер болды ма оралмастай?!
Түнереді аспан да, жаңбыр жауып,
Тырс-тырс етіп көзімнен тамар жастай.

Шуақ шашқан күндерім қайда кетті,
Аймалаған самалмен майда лепті.
Жұлдызнама мен жайлы:
«Жолбарыстай
Шабамын деп мерт болма Айға!» депті.

Үміт гүлі кеудеңде солмағасын,
Бақытыңды армандап толғанасың.
Сағынамын өзіңді ұмыта алмай,
Ғашықтыққа амалым болмағасын.

Кетер емес бұл қимас сезім менен,
Түндерім көп сені ойлап көз ілмеген.
Армандаймын, аңсаймын, сағынамын,
Бірге жүрген күндерді өзіңменен.

* * *

Жүрегім, сүюден бір жалықпағын,
Келеді қыран болып қалықтағым.
Шарықтағым келеді, шабыттанып,
Жанады өлең жазсам анық бағым.

Өмірде қыран болмай жеңіс күтпе,
Шаршама самғаудан бір, келістік пе?!
Қыбырлап жер бетінде жүргеніңнен,
Мың артық еркін ұшқан кеңістікте.

Қаптап жүр шықылықтап шымшықтарың,
Қоқысқа, талға тығып тұмсықтарың.
Биікте қыран болып ұша алмасаң,
Түтінге, шаң-тозаңға тұншыққаның.

Көретін биіктен-ақ қырағысың,
Аңсамай жеңісіңді тұрамысың.
Жүргеннен ұшқан оңай биіктерде,
Сүйетін еркіндікті қыран үшін.

* * *

Өмір деген ұстатпайтын сынаптай,
Аз уақытқа берілетін сынақтай.
Жүргеніңмен қиындықты ұнатпай,
Қоя алмайды өмір сені құлатпай.

Өршеленбей шыға алмайсың өрге сен,
Шынықпайсың қиындықты көрмесең.
Арпалысып азаптармен, жеңілмей,
Әлсіздікке мүлде ерік берме сен.

Өмір деген өте шығар қас-қағым,
Келіп тұрар бәрін қайта бастағың.
Қиындықтан, бейнетінен қаймықпай,
Ойларыңды іске асырып тастағын.

Өмір деген ұқсайды екен құр атқа,
Орта жолда жатам кейде құлап та.
Адам дәйім үлгереді бірақ та,
Аз ғұмырда жетем десе мұратқа.

* * *

Құдайым, жиі қолдап, қиналдырып,
Келесің мені өзіңе иландырып.
Сақтайтын күнәлардан ақ сауыттай,
Адамға керек екен имандылық.

Қуанам әрбір атқан ақ таңыма,
Есейген, есім кірген шақта мына.
Кеш біліп,
тістесем де бармағымды,
Қуанам сені іздеп тапқаным.

Сеніммен жырым енді қанаттансын,
Тануға сені көңілім талаптансын.
Мен сенің құлың емес,
ұлың болам,
Өйткені, бізді өзің жаратқансың!

Қолдай гөр өз балаңдай ұланыңды,
Арнайын жиі саған жыр-әнімді.
Қиналсам, саған ғана жалбарынып,
Оқимын қолға алып құранымды.

* * *

Жұлдызым, жана берші, шамшырағым,
Өзіңдей жарқырасын жан шуағым.
Тәңірден байлық емес, елге керек,
Шалқыған шабытты жыр, ән сұрадым.

Самал жел аймаласын, аймаласын,
Жұлдызға қарап түнде ойланасың.
Жерде де жетеді екен жақсы адамдар,
Жұлдыздай жарық еткен айналасын.

Жыр туса сай келетін талғамына,
Жетермін еңбегіммен қалғанына.
Жұлдыздай жарқыраған жырым менің
Қарымта болсын елден алғаныма.

Жұлдызым, жарқырайсың, биіктесің,
Сезімді нұрың қалай иітпесін?!
Сен мені сол биікке шақыра бер,
Жырымның мәртебесі биіктесін!

* * *

Қайда жүрсің, қайда жүрсің, сүйгенім,
Қандай екен жүзің, шашың, кигенің?
Неге, неге ойламайсың сен мені,
Бәрібір ме саған отқа күйгенім?

Қайдасың сен, қайда жүрсің, періштем,
Қандай екен зәмзәм суы сен ішкен?
Қайдан іздеп табар екем өзіңді,
Табамын ба әлде жұмақ-пейіштен?

Аманбысың, қайда жүрсің, сүйіктім,
Лағындай еркелеген киіктің,
Білесің бе, білмейсің бе сен әлде,
Жүргенімді тозағында күйіктің?

Хабарласпай, жүрсің неге, сұлуым,
Жүрегіңнің шашпай маған жылуын?
Көрмей сені, армандаған періштем,
Мүмкін бе енді күндей жайнап, күлуім?

* * *

Сұлусың, әлі жап-жас өрімдейсің,
«Періштеңмін» деп маған көрінбейсің.
Жанымды тебіrentіп жылы сөзбен,
Емдеуге жүрегімді ерінбейсің.

Расында, періштенің өзіндейсің,
Мөп-мөлдір, тұнып тұрған сезімдейсің.
Меңдегі саған деген махаббаттың
Жылуын, неге, жаным, сезінбейсің?

Сен маған сырттай ғана құмартасың,
Алыстан тау секілді мұнартасың.
Тілейсің жаратқаннан тілеуімді,
Сүйдің деп маған қандай кінә артасың?

Бейнеңді көз алдыма елестетем,
Періште бар ма, әлде елес пе екен?..
Көрінбей сүйген жанға,
сағындырып,
Азапқа салу күнә емес пе екен?!

* * *

Болар едім бақытты сен келгенде,
Салып қойдың көрінбей сергелдеңге.
Алматыдан жаныма жәй таппаймын,
Өзіңді іздеп көшеде сенделгенде.

Алаңда да жүргенде алаңдаймын,
Көріп қалар ма екем деп қарайлаймын.
Жақсы көрсең неге сен іздемейсің,
Бақытыңа неліктен баланбаймын?

Неге сені іздесем табылмайсың,
Мені іздеп неге сен сабылмайсың?
Көңілімді білдірсем өлеңіммен,
Үйреншікті нәрседей қабылдайсың.

Неге мені сүймейсің, сағынбайсың,
Ғашықтықтың еркіне бағынбайсың?
Алдарқатып алыстан қол бұлғаған,
Мұнарланған көгілдір сағымдайсың...

* * *

Қолдадың мені
 қиналып жүрген кезімде,
Мейірімді жүзің,
 жайнайды нұр боп көзің де.
Көргендей нағыз
 керемет сұлу аруды,
Жүрегім толқып,
 шомылдым аппақ сезімге.

Жүрегің таза,
 сәуледей нұрлы шырайың,
Сүйкімді қызға
 қызықпай қалай тұрайын.
Қайғыдан мені
 құтқару үшін қуантып,
Періште қызын
 жіберген шығар құдайым.

Үлбіреп тұрсың
 киіктің сұлу лағындай,
Баурайды сезім
 еркіме менің бағынбай.
Мөлдіреп тұрсың
 гүлдерге тұнған тамшыдай,
Балбырап тұрсың
 балауса, балғын шағымдай.

Қуантып мені,
 құдайым берді қол ұшын,
Риза болып,
 жолымен жүру — борышым.
Құтқардың мені,
 жанымды мұңнан тазартып,
Мейірімді ару,
 саған да рахмет сол үшін!

* * *

Рахатқа алғаш рет батқан жандай,
Маужырап бақ ішінде жатқан қандай.
Кілемдей мамық, жасыл шөптің, гүлдің,
Жағымды жұпар иісі татқан балдай.

Жібектей жанға жайлы самал қандай,
Боласың армансыз бір демалғандай.
Сүйсініп табиғаттың бояуларын,
Сімірер жайнап екі жанар қанбай.

Мен жүрмін раушан гүлдер ортасында,
Сүйікті жақындарым бар қасымда.
Бөлендім тағы да бір қуанышқа
Бауырмал адамдардың арқасында.

Шуылдап салқын суды аспандатып,
Субұрқақ бейне көкке шашқан жақұт.
Шаттанып табиғатқа жыр жазамын,
Мен үшін жоқ қой бұдан асқан бақыт.

* * *

Осынау кемелденген дер шағымда,
Келмейді демалғым да, шаршағым да.
Шарлайын емін-еркін кең әлемді,
Армансыз өмір сүріп жер шарында.

Жазамын, ойланамын, қиялдаймын,
Кей-кейде өз-өзіме сыя алмаймын.
Көрмесем кең дүниені, табиғатты,
Өмірді өліп-өшіп сүйе алмаймын.

Көрмесем кең дүниені сағынамын,
Сұлулық саясында бағым, әнім.
Жүрмесем рахаттанып, шабыттанып,
Көңілсіз ғұмыр кешіп неғыламын?!

Тірліктің керегі не күйбеңдеген,
Күйбеңге еркін жаным үйренбеген.
Құстардай сайрап, жыр мен әнге қосып,
Өмірді қандай жақсы сүйген деген!

* * *

Адамға қымбат еді өмір қандай,
Балқиды қызығына көңіл қанбай.
Болады өлең жазып жатқан шақта,
Жүрегім, жаным нұрға шомылғандай.

Жер беті ондай сәтте жұмақ қандай!
Боламын жырмен жанды жұбатқандай.
Шабыттың қызығына, ләззатына,
Көңілім кете ме екен шын-ақ қанбай.

Тұрмыстың қиындығын ұмыттырған,
Жыр деген — сұлулық қой тұнып тұрған.
Осындай оттай ыстық махаббатым,
Өмірдің қадірін де шын ұқтырған.

Ажалдың ескен лебі салқын қандай,
Өмірге қашып жаным, талпынғандай.
Өлеңге, бұл өмірдің рахатына,
Кетермін сондықтан да, бәлкім, қанбай.

* * *

Күтіп тұр ма жадыраған жаз алдан,
Аман қалдым тағы да бір ажалдан.
Бар ма әлі құпиялар, қызықтар,
Байқалмаған, сыртта қалып назардан.

Арпалысып қызым үшін, жыр үшін,
Берілмеймін бітпегендей бір ісім.
Таусылмапты әлі менің тынысым,
Бар екен ғой әлі менің ырысым.

Сарқылмапты әлі менің сезімім,
Жоғалтпапты жүрегім де өз үнін.
Кете алмайды жәндіктер де, адам да,
Міндеттерін орындамай өзінің.

Табиғаттың заңына бас иемін,
Қабылдаймын сырқатымның жиі емін.
Күресемін қиындықпен жыр жазып,
Өйткені мен өмірді шын сүйемін!

* * *

Өткізсем де қанша жылды, қанша айды,
Жаным менің тазалықты аңсайды.
Көңіліме тозаң түссе, шаң жұқса,
Жаңбырлатып көз жасым мен ар шайды.

Өмір бізге берілген бір сынақтай,
Жамандықтан жиренемін ұнатпай.
Таза болып тұрса деймін жүрегім,
Сезімдерім тұнып мөлдір бұлақтай.

Ұнатамын ардың қардай аспағын,
Кешкім келмей жердің қара батпағын.
Сезімімді, жүрегімді, жанымды
Келеді ақ, пәк қалпында сақтағым.

Қандай абзал жамандыққа бармаған,
Өміріңді жақсылыққа арнаған.
Адал болып ғұмыр кешу — бір бақыт,
Мазаламай разы болса ар маған.

* * *

Білмеймін енді күнім не боларын,
Белгісіз оңаларым, жоғаларым.
Қолдай ма енді мені інілерім,
Қолдай ма енді мені ағаларым?

Бола ма енді менің аңсағаным,
Қиналар күйгелектеп қанша жаным.
Осы ма арманыма жетер шағым,
Осы ма әлде менің шаршағаным?

Кезі ме өмірдің бұл өшіретін,
Кезі ме әлде тағы өсіретін.
Сыйлай ма тағдыр бағын, қуанышын,
Сыйлай ма әлде мұңын, қасіретін?

Білмеймін не болады болашағым,
Өмірдің алды бұлдыр, тола сағым.
Келеді көз алдыма жас күндерім,
Келеді көз алдыма бала шағым.

Білмеймін, бар ма менің келешегім,
Естімей өтсем екен ел өсегін.
Бар шығар мені күткен бір қуаныш,
Бар шығар елге әлі берешегім.

* * *

Жақсы болсаң жасырынам тасаң,
Мейірімің бір басыңнан аса ма?
Жасамасаң, мейлі, қайырым-жақсылық,
Жалғандықпен жаманшылық жасама.

Жалғандығын білгеннен соң тосыннан,
Сырт айналдым сенген талай досымнан.
Сырласатын жақын досың болмаса,
Айрыласың күндей көңіл хошыңнан.

Құрметтеймін құлай сүйіп досымды,
Пайдаланар кейбіреулер осымды.
Көңіліңде болса титтей кіреуке,
Аулақ барып тіккің менен қосыңды.

Дос болмаймын уыты бар арамен,
Дос болмаймын жақындасып парамен.
Жеткілікті менің адал достарым,
Жалған досқа бұл дүниеде зар емен.

* * *

Мен енді оңай сынбас болаттаймын,
Жаныма қайғы-мұңды жолатпаймын.
Көкте еркін самғаған құстай болып,
Алыс ұшып, шыңдарға қонақтаймын.

Аулақтап қастан бүгін, достан бүгін,
Жанымның артық көрдім бостандығын.
Күйбеңі мол тірлікті елемеймін,
Емес тек өмірден бұл қашқандығым.

Адамның ауған кезде бастан бағы,
Айырылар жақын жүрген достан дағы.
Сенерім, сыйынарым, сүйенішім —
Мейірімді Алла ғана аспандағы.

Қайғымның тапқандаймын өзім емін,
Күнәдан, жамандықтан безінемін.
Жаным мен ойым азат болғандықтан,
Өзімді бақытты жан сезінемін.

Ғашықтық құдіреті

Ғаламат екен ғой бұл сезім деген,
Мен мұны бұрын қалай сезінбегем.
Сезіндім махаббаттың құдіретін
Өзіңе ғашық болған кезімде мен.

Сезімім жүрегімде тасып бүгін,
Көңілім бір көруге асықты мың.
Шыдатпай бара жатыр, өртеп мені,
Лапылдап саған деген ғашықтығым.

Сен, неткен, сұлу едің, көркем едің,
Әзілдеп жұмбақ сөзбен еркеледің.
Сол сөзден жүрегіме шоқ түскендей,
Алаулап сағыныштан өртенемін.

Алысып бұл ғаламат сезімменен,
Кетті ғой мүлде сабыр төзім менен.
Қолыңа тапсырамын тағдырымды,
Бақытты болам ба деп өзіңменен.

Шашқандай маған шұғыла-шапағатын
Бал сезім ғашықтық деп аталатын.
Бөлеші мені бақыт құшағына,
О, менің армандаған махаббатым!

* * *

Тасыған балғын бал кезім,
Теңіздей соққан кемерге.
Шіркін-ай, мөлдір сол сезім,
Оралып қайта келер ме?!

Қайдасың, менің арманым,
Алаулап атқан таңдарым,
Алғашқы мөлдір махаббат,
Таңдайдан кетпес бал дәмің.

Шарқ ұрып көңіл шағала,
Сағынып қайта оралар.
Сүйгенім алыс жағада,
Тұрғандай бұлғап орамал.

Болуды бірге жазбаған,
Тағдырым: «бәрі кеш» дейді.
Алғашқы сезім маздаған,
Жүректе мәңгі өшпейді.

* * *

Оңалмай қиын тірлігім,
Салса да қанша әуреге.
Жайнайды алдан нұрлы күн,
Боянып алтын сәулеге.

Жадырап, жайнап алтын күн,
Шашады күліп арайын.
Шаттанып бірге халқыммен,
Бақытты күнге барайын!

Түнеріп тағы айналам,
Уайымның бұлты төнбесін.
Жадырап, күліп, жайнаған,
Бақыттың күні сөнбесін!

Болашақ қандай көңілді,
Жетуге аз-ақ қалдым ба?!
Шуаққа бөлеп өмірді,
Шақырып тұр ғой алдымда.

* * *

Бағынбай жылдам уақытқа,
Жүрекке тұнған нұрмысың?
Бөлемей мені бақытқа,
Ұмытып, қалқам, жүрмісің?

Қадірін білмес сезімнің
Ғашық боп құлай сүймеген.
Жәудіреп тұрған көзіңнің
Отына жанып күйген ем.

Махаббат — сезім бал шырын,
Жаныңның шөлі қанбайтын.
Махаббат — келген бақ құсың,
Үркітсең қайта қонбайтын.

Берілем ғашық сезімге,
Құмарым әлі тарқамай.
Әлемнің нұры көзіңде,
Мөлдіреп тұр ғой, қалқам-ай.

Шырағым-ай

Мен сені көрген сайын тебіренем,
Ғажайып сұлулыққа еміренем.
Жайнайды жанарларың мөлдіреген,
Толқиды қара шашың желбіреген.

Жанымнан бүгін тағы өтіп едің,
Арманға толып кетті көкірегім.
Сүйкімді, сұлу күндей, шырағым-ай,
Неге ерте туылдым деп өкінемін.

Жаныма сондай жақын, сүйікті едің,
Өзіңді көрмей көптен күйікті едім.
Өзіңдей басқа жанды сүйіп пе едім,
Жеткізбей күннен-күнге биіктедің.

Ұқсайсың қырдың әсем гүлдеріне,
Құмартам сыңғыр қағып күлгеніңе.
Қуанам сенің өмір сүрегеніңе,
Күн сайын сені көріп жүргеніме.

Өзіңді жолықтырды, сірә, құдай,
Тарқамас сені көрмей құмарым-ай.
Мөп-мөддір менің кәусар бұлағым-ай,
Жанымды қинадың-ау шырағым-ай!

Әйелдерге тарту

I

Мерекесін әйелдердің, қыздардың
Көптен күткен әлем жұрты, халқымыз.
Ерітіңіз жүректегі мұз-қарды,
Әйелдерге бүгін сыйлық тартыңыз.

Жетпей жатса қымбатына ақшаңыз,
Ұсыныңыз көктемнің бір шоқ гүлін.
Құлпырады сонда көңіл-бақшаңыз,
Әйелдерсіз бұл өмірде жоқ күнің.

Аруларға қалайда сый тартыңыз,
Тым болмаса мақтау сөзбен алдаңыз.
Әйелдерсіз дәрменсізбіз, жартымыз,
Серік етіп жаратқан ғой Алламыз.

Сымбатымен жаулап Әйел жер-көкті,
Жылуымен жібітеді тамырын.
Ғашық етіп, баурап алып еркекті,
Сездірмей-ақ жүргізеді әмірін.

Жүрегіне жетсін жылы сөзіңіз,
Жылы самал нәзік гүлді өпкендей.
Айтпасам да білесіз ғой өзіңіз,
Көңілі тасып, жадырасын көктемдей.

Әйел деген, ана деген — ғажап ат,
Ешқашан да жамандыққа қимаңыз.
Болсаңыз сіз ер көңілді азамат,
Әйелдерді өмір бойы сыйлаңыз!

II

Әйелдер — әрбір үйдің берекесі,
Жайнаған өмір гүлі, ел еркесі.
Сондықтан бәрімізге шын қуаныш —
Аналардың, қыздардың мерекесі.

Әйелге қандай теңеу таба аларсыз,
Саялап жұмақ жанын паналарсыз.
Мүмкін бе жалғасуы тіршіліктің,
Сәбиін әлдилеген аналарсыз.

Көрген жан қызығатын, шаттанатын,
Әйелді гүлге теңер мақтап ақын.
Әйелдер — абыройлы азаматтар,
Ел үшін адал қызмет атқаратын.

Тамсанып елге тарап жатқан аңыз,
Үлгілі аналармен мақтанамыз.
Тамаша, қанша ұлы әйелдер бар,
Лайықты Ана деген атқа нағыз.

Жүреміз мақтан етіп біз бәріміз,
Еридi шуағына мұз жанымыз.
Жайқалған көктемдегі қызғалдақтай,
Құлпырып жүре берсін қыздарымыз.

Ананы үлгі тұтар жолымыз бар,
Жайнаған айналамыз толы қыздар.
Әйелдер, құттықтаймыз мерекемен,
Бақытты, аман-есен болыңыздар!

* * *

Ер жігіттер, ренжітпеңдер қыздарды,
Қыздың жаны гүлдей нәзік болады.
Сезсе егер салқындықты, ызғарды,
Үлбіреген көңіл лезде солады.

Содан кейін қиын болар, жігітім,
Ол арудың жүрегіне жол табу.
Сөндірмеңдер ақ сенімін, үмітін,
Жігіттік пе уәдеден жалтару?!

Өмір сүріп бір жүрекпен, бір жанмен,
Қыздар сүйсе жанын құрбан етеді.
Ренжітсең, қанша сүйіп тұрғанмен,
Көңілі қалып, құс боп ұшып кетеді.

Сыйла қызды! Сүй оны сен! Құрметте!
Қолдап жүрер ол періштең емес пе?!
Пәк сезімін аялай біл, кірлетпе,
Сонда сені сүйенішім демес пе!

Қыздар гүлі, қыздар нұры өмірдің,
Сыйлай алсаң көңілі оның солмайды.
Қыздар – сыйы бізге берген Тәңірдің,
Сондықтан да ренжітуге болмайды!

* * *

Сенен жақсы қыз таба алмай келемін,
Жүрегімнің білерсің тек сен емін.
Тек өзіңді сүйіп келем мен әлі,
Сондықтан да махаббатқа сенемін.

Сенен артық жақсы қыз жоқ мен үшін,
Сағынамын, сүйемін мен сені шын.
Ғұмырыма мәңгі азық болатын
Сенсің — менің байлық тұнған кенішім.

Жүрем сені бір көруге құмартып,
Жүрегіме арылмастай мұң артып.
Сүймей, күймей басқа қызбен жүргенше
Сені сырттай сағынғаным мың артық.

Емеспіз ғой сен де, мен де айыпты,
Ғашық жүрек күнге құшақ жайыпты.
Саған деген сағынышым, сезімім,
Жан дүниемді нұрландырды, байытты.

Жүрегімді толтырдың сен арайға,
Сендей жап-жас сұлу маған қарай ма?!
Бақыттымын сүйгеніме өзіңді,
Саған соны айта алмаймын алайда...

* * *

Не деген сұлу жаралған жансың, қарағым,
Айналды басым ішкендей сезім шарабын.
Не деген сұлу мөлдіреп тұрған жанарың!
Арбалған жандай келеді саған қарағым.

Өзіңді аппақ періште қызға баладым,
Ажарың айдай, ерекше екен жамалың.
Құралай көзің мөлдіреп маған қарадың,
Жүрегім толқып, өртеніп, жанып барамын.

Майысып белің, бұлтиып екі анарың,
Толқыңды қара шашыңды қолмен тарадың.
Қарадым ұзақ қызығып саған, қарағым,
Болмауға ғашық амалым жоқ қой амалым!

* * *

Шаттанып ғашық сезімге,
Әнімді саған арнадым.
Бақытты сол бір кезімде,
Ренжіттің неге, арманым?

Сүйгім кеп қайта бетіңнен,
Сағынып сені айтам ән.
Өкпелеп саған кетіп ем,
Оралдым қимай қайтадан.

Жанымды өртей жаздаған,
Сезімді қалай өшірем.
Махаббат үшін маздаған,
Бәрін де, жаным, кешірем.

Өмірім сенсіз көңілсіз,
Соғады сен деп жүрегім.
Жаным-ау, айтшы, өзіңсіз,
Қалай мен өмір сүремін?

* * *

Жүрекпен жүрек сырласып,
Көңілдің өртін жүр басып.
Құмартқан раушан гүліне,
Бұлбұлдай мен де бір ғашық.

Құстардай бақта сайраған,
Еміреніп сені айналам.
Сен жүрсең, гүлім, жанымда,
Құлпырып өмір жайнаған.

Қиын ғой өмір расында,
Төгілер шықтай жасым да.
Боламын бірақ бақытты,
Сен жүрсең, жаным, қасымда.

Жаз өтер, әлі келер күз,
Тағдырға мынау не дерміз...
Сезімге сенсек сөнбейтін,
Бәрін де бірге жеңерміз.

Ауылға келгенде

Туған жерім, менің Жаңақорғаным,
Он бес жыл сен болдың асыл арманым.
Жерлестерім шақырған соң тойыңа,
Келдім енді, жөн болар деп барғаным.

Аңсағаным, сағынышым сен едің,
Туған жерім, неткен байтақ кең едің!
Құшағыңа алдың ата-анамдай,
Жатсынбадың, неге келдің демедің.

Самал желің белгісіндей қайырымның,
Он бес жылда қанша жаннан айрылдым!
Қорқып едім қарсы алар деп танымай,
Кейіпкерін есіме алып Байронның.

Өзгеріпті жаңа үйлер мен көшелер,
Таныр ма ем келсем бұдан кеш егер?!
Туған жерін ұмытады қандай жан,
Көп жыл келмей кеткенімді кеше гөр!

Бейнең сенің көзіме оттай басылды,
Көңілім шалқып, тынысым бір ашылды.
Қуанамын көріп туған үйімді,
Топырағыңды, жусаныңды, тасыңды.

Көбейіпті мен білмейтін жастарың,
Келіп жатыр туыстарым, достарым.
Өзгелерден маған жақын секілді
Көршілерім, барлық ауылдастарым.

Туған жері — ақындардың панасы,
Шабытты ол оятады-ау, шамасы.
Секілдісің, өскен өлкем, мен үшін —
Толстойдың «Ясная Полянасы».

Соқсын, мейлі, аптап желің, дауылың,
Елемеспін енді жолдың ауырын.
Жайнай берші, менің Жаңақорғаным,
Туған жерім, ойнап-өскен ауылым!

Туған елім

Туған елім, ғажап тауың, далаң да,
Шалқып жүрмін сұлу, жасыл қалаңда.
Қандай дархан, қандай әсем, сұлусың,
Саған жетер жер бар ма екен ғаламда?!

Самал желің қандай жайлы жел еді,
Мені бақыт құшағына бөледі.
Рахаттанып сенің салқын саяңда
Мәңгі-бақи өмір сүргім келеді.

Туған жерім, өзіңе жер жете ме,
Өскен адам сені тастап кете ме?!
Әлдилеген туған ата-анамдай,
Жаныма сен ең жақынсың етене.

Топырағың, ауаң, суың емдеген,
Қанбай саған жан-жүрегім шөлдеген.
Өмір сүрген сендей ғажап өлкеде
Бақыттымын, бақыттымын мен деген!

Тебіренген жырлап сені Қасым да,
Қымбат маған гүлің, шөбің, тасың да.
Азат елім, туған жерім кең байтақ,
Тіл жетпестей ғажайыпсың расыңда!

Тауға барғанда

Тау ішінде, өзеннің жағасында,
Отырмын мен ағаштар арасында.
Шабыттанып, еріксіз ән саламын,
Қарап қойып аршалы дара шыңға.

Алатаудың қызықтап аршаларын,
Таза ауаның жұтамын бал шарабын.
Көкірегім ашылып, көңілім сергіп,
Басылғандай қалжырап шаршағаным.

Алатаудың көрдің бе сілемдерін,
Алуан гүлді көк жасыл кілемдерін.
Аңғарынан аңқылдап аймалаған,
Сезіндің бе сап-салқын жібек желін?

Қарадың ба өзенге сарқыраған,
Күн нұрына шағылысып жарқыраған.
Мұздай, мөлдір суына жуындың ба,
Қандай рахат табарсың артық одан?

Керемет қой тау ішін араласаң,
Бұталы сай, Медеу мен Алма-Арасан.
Құр қалғандай боласың бар қызықтан,
Тауға жазда баруға жарамасаң.

Тау өзенін сүйемін күркіреген,
Салқын лебі жанымды сілкілеген.
Тауға барсам, ашылып көкірегім,
Ағытылып кетеді-ай, шіркін, өлең!

* * *

Қандай ғажап, қандай сұлу жаңа алаң,
Жаңа алаңға жазда барсам жаңарам.
Гүлге толған гүлзарларды аралап,
Көңілімнен кетер уайым, бар алаң.

Бүр жарады жаңа ойлар басымда,
Субұрқағы маржан суын шашуда.
Шабытымды, шаттығымды шалқытып,
Сүйген қызым отыр менің қасымда.

Жүрегім де толқығандай ән-жырға,
Қарап күнге, гүлге және бал қызға.
Осы менің қуанышым, бақытым,
Созылса екен таусылмайтын сан жылға.

* * *

Болдың да асыл армандай,
Кеттің-ау тағы, қарағым.
Жалғанда жалғыз қалғандай,
Сағынып, жанып барамын.

Жайдары жүзің жайнаған,
Нұр шашты бейне толған Ай.
Бағымды жіпсіз байлаған,
Алдамшы қатал жалған-ай.

Қол жетпес Айды ойлаған,
Жүректің лаулап жанғаны-ай.
Қарауға көзім тоймаған,
Қомағай, тәтті арман-ай.

Еркіме сезім бағынбай,
Өтем бе сені аңсаумен.
Армандап күткен бағымдай,
Келсеңші тағы, жан сәулем.

Туған жер

Туған жерім, мен өзіңді сағындым,
Жүзуші едің арасында сағымның.
Алтын ұям, әлдилеген бесігім,
Қуәсі сен менің бала шағымның.

Қайырмасы:

О, туған жер, тірегім,
Сені сүйген жүрегім.
Сағындым мен өзіңді,
Сағындым мен сыр елін.
Қай қалада тұрсам да,
Ойлап сені жүремін.

Туған жерім, ғұмыр кешкен үй ішім,
Сен өмірдің баға жетпес сыйысың.
Аңсадым мен топырағыңның жылуын,
Аңсадым мен жусаныңның иісін.

Аңсадым мен дариямды су ішкен,
Тоғайымды жиде терген уыспен.
Құран оқып ата-бабам басына,
Қайтсам ба екен қауышып дос-туыспен?!

Нағашыма

Өсірген, мәпелеген анашымды,
Ақ пейіл жақсы көрем нағашымды.
Жиеннің еркелігін көтеретін,
Таппассың нағашыдай жанашырды.

Сыйлайтын қолындағы бар асылды,
Мінезі жібек самал, бала сынды.
Жиенін бәйек болып қарсы алатын,
Сағындым көңілі дархан нағашымды.

«Білінер заттың құны бағасынан,
Үйдің де жақсылығы ағашынан».
Ер жігіт нағашыға тартып туар,
Жігіттің жақсылығы нағашыдан.

Қадірлі асқар таудай нағашым бар,
Жиен мен нағашының арасы бал.
Сыртымнан тілеуімді тілеп жүрген,
Әрдайым аман болсын нағашылар!

Қазақтың тойлары

Қандай жақсы халқымыздың тойлары,
Көңіліндей дархан, ашық, жайдары!
Бүгін, міне, отау құрып екі жас,
Той басталып, кең дастархан жайнады.

Жас жұбайлар, құтты болсын тойларың,
Әнге, биге сергіп қалсын бойларың.
Қабыл болсын ақ тілегі халықтың,
Орындалсын армандарың, ойларың!

Той тамаша жақсыларды жинаған,
Қуаныштар қойындарға сыймаған.
Қандай жақсы қазағымның дәстүрі
Құдаларын мың жылдық деп сыйлаған!

Жоғалмасын өнегелі салтымыз,
Ән-күйіміз, қазы-қарта, бал қымыз.
Өзгермесін қонақжайлық қалпымыз,
Қуанышын тойлай берсін халқымыз.

Кел, халайық, жақсы бір той жасайық,
Беташармен келін бетін ашайық.
Жар-жар айтып, тойбастармен, батамен,
Әнмен, жырмен тойға шашу шашайық!

* * *

Талпынып, үміт күтіп болашақтан,
Өнерге құштар болдым бала шақтан.
Өлеңнің Құлагері болсам дедім,
Даланы дүбірлетіп дара шапқан.

Табиғат сыйлап дарын, қабілетті,
Құдайым тілегімді қабыл етті.
Қайырымды, мейірімді болғанымен,
Кейде өмір емес екен әділетті.

Десем де жаман ақын атанбайын,
Мәреге жетпей құлап жатам дәйім.
Сол сәтте жүйрік көңіл құлазиды,
Жоқтаған Құлагерін Ақандайын.

Бәйгеге елім өзі қосқан атын,
Мен емес күншілдерден жасқанатын.
Пырағы болып жырдың самғай берем,
Талмайды көрінбейтін қос қанатым.

* * *

Жаныма жақын едің, сүйікті едің,
Көздері мөлдіреген киік пе едің?!
Жүректі елжіреткен махаббаттың
Нұрымен, жалынымен биіктедім.

Тасытты арман, бақыт қуатымды,
Жүректен бұлақ болып жыр атылды.
Қайрылмай кеттің неге, ұмыттың ба,
Үйренген, суын ішкен суатыңды.

Жоғалдың, содан бері оралмадың,
Жер шарын шарлап сені таба алмадым.
Тұрады әлі күнге көз алдымда,
Жәудіреп нұрға толы жанарларың.

Ойламай қалай сені тұра аламын,
Жанымды жаулап алған, құралайым,
Көзіме бір көрініп кетсең еді,
Тағдырдан өзге бақыт сұрамайын.

Әкеттің үмітімді, арманымды,
Білмеппін сені үркітіп алғанымды.
Кеткенде қош айтысып, құралайым,
Сезіндім мүлде жалғыз қалғанымды.

* * *

Сыртқа шықсам қалыпты шиіе гүлдеп,
Үйде жатпас едім-ау білгенімде.
Есім шықты-ау бір қызды сүйемін деп,
Көктем өтер мәңгіріп жүргенімде.

Аңғармаппын шиенің бүр жарғанын,
Енді, міне, гүлденіп жасанып тұр.
Жаным құшып аңсаған ізгі арманым,
Қуаныштан қалғандай жасарып бір.

Гүлдегенін байқадым өріктің де,
Мойным созып келеді иіскегім.
Қуанғаным жетпей ме көріп күнде,
Жөн бола ма қол созып тиіскенім?!

Нәзік гүлдер қаламас тигенімді,
Қаулап өсіп, қарашы, үлгергенін.
Дәл осындай қуаныш – сүйгенімді
Көп күн бойы сағынып бір көргенім.

Қызықтырып, қуантып шиіе гүлмен,
Жұпар сеуіп жатқандай жүрегіме.
Сұлулықты рахат-ау сүйе білген,
Ләззат алып жеткендей тілегіңе!

Абаймен сырласу

(толғау)

1

Ал, Абай, домбырамды қолға алайын,
Шертейін, тебіренейін, толғанайын.
Сөгілген боздап жауып, қалың бұлттай,
Сейілсін көңіліме толған уайым.

Жыр жазсам көңілімде тұрмас уайым,
Айығар сізбен сұхбат құрған сайын.
Назар сал, ақын Абай, хакім Абай,
Рухыңмен кеңесейін, сырласайын.

Өзіңсіз өткені рас бір ғасырдың,
Сонда да мен өзіңнің сырласыңмын.
Айтайын өлеңіммен елдің жайын,
Қайтейін мұңын шағып бір басымның.

Жеткізіп айта аламын қалай ғана,
Көңіліңе ұнамаса қарайлама.
Уайымын көңілімнің ұғар деймін,
Халықтың қамын жеген Абай ғана.

Ашынып ақыл айттың өз халқыңа,
Жетер деп сабақ алып сөз парқына.

«Қазағың, қалың елің, қайран жұртың»
Бәрібір қала берді қаз-қалпыңда.

2

Жем болған аңқаулықпен өзгелерге,
Баяғы жалқау қазақ өзгерер ме?!
Керек қой жан аямай еңбек ету,
Тәуелсіз еркіндігін сезген елге.

Өңдемей, жерін сатып еріншектер,
Пайдасын көріп жатыр келімсектер.
Еркіндеп алға баспай тірлігіміз,
Қашанғы артқа қарай шегіншектер?!

Жетеді жер астында байлығымыз,
Аспанда ашық нұрлы Ай, Күніміз.
Сонда да қымбатшылық өкпе қысып,
Неліктен жетпей жатыр айлығымыз?!

Айтпаймын кедеймін деп өз басымды,
Қол жайып көрсеткем жоқ көз жасымды.
Еріншек, жалқау болсақ жалпы қазақ,
Білемін өзгелерден озбасымды.

Сондықтан күйінемін, ашынамын,
Сырымды қайтіп елден жасырамын?
Қалаймын, қалың елдің қамын ойлап,
Әрдайым жанымыздың ашығанын.

Қайтеміз әлдекімге ұнамасақ,
Жалқаулық жөнделе ме сынамасақ?!

Бұйырмай байлығымыз өзімізге,
Болғаны өзгеден нан сұрамасақ.

Ұлы Абай, тұра берші төрімде сен,
Маған да байлық келмес көрінбесем.
Кеттің ғой ақыл айтып баршамызға,
«Еңбек ет, тоярсың, — деп — ерінбесең».

3

Өмірге болсаң егер қарап тұрар,
Айтатын нәрсе көп қой сабақ қылар.
Қаптап жүр «пияншіктер» араққұмар,
Тұтқынға толып кетті абақтылар.

Қаптап жүр сәудегерлер пайдақұмар,
Адамды алдау үшін айла қылар.
Кедейдің жүрген жері базар маңы,
Халықтың нанын жеуге бай да құмар.

Тіл табу қиын ойы тайыздармен,
Байыған қарыздармен, пайыздармен.
Көресің тіпті, талай жемқорлықты,
Алысқа шыға қалсаң пойыздармен.

Қаптап жүр жалақорлар, парақорлар,
Қулар мен өсекшілер, пәлеқорлар.
Шығады қарсы алдыңнан қайда барсаң,
Тұсаған қадамыңды жаңа торлар.

Осындай жайды көрем айналамнан,
Адалдық, ар мен ұят қайда қалған?!

Көп адам пайдакүнем болып кетті,
Еркіндік, бостандықты пайдаланған.

Ағайын, адаспайық, ойланайық,
Ойланып іс жасайық ерге лайық.
«Біріміз бірімізді дос көрейік»,
Үлгілі өсіп-өнген ел болайық.

4

Бұратана деп бізді «ұлы» халық,
Қанша жыл қорласа да, құрымадық.
Аңсаған азаттыққа жеттік бүгін,
Қуандық, тәуелсіз ел құрып алып.

Жаңадан бой көтерді Астанамыз,
Мақтанып мол байлықпен, мастанамыз.
Болам деп үлкен ғалым болашақта,
Шет елде оқып жатыр жас баламыз.

Келеді бай мен кедей дараланып,
Пысықтар ел байлығын талап алып,
Рахатын солар көріп бұл өмірдің,
Азабын тартып жатыр қара халық.

Аз болып шетелдіктен айлығымыз,
Соларға кетіп жатыр байлығымыз.
Тәуелсіз ел болдық деп қуансақ та,
Халықтың жайын ойлап қайғылымыз.

Қалың қазақ дос көре алмай бір-бірін,
Ұмытып жүр әлі тату бірлігін.
Отырса да иен байлықтың үстінде,
Жөңдей алмай келе жатыр тірлігін.

«Бас-басына би болам деп қиқымдар»,
Билік үшін жанын салып митыңдар.
Жұдырықтай жұмылмаса бес саусақ,
Бөлшектенген елде қандай сүйкім бар?!

Әлдекімге тие ме деп зияным,
Жалтақтайды, үндемейді зиялым.
Шәкірттердей ұстазына тәуелді,
Өз пайдасы билеп алған қиялын.

Нарық заңы адалдықты көгендер,
Көбейіп тұр бай боламын дегендер.
Азайып тұр, селдіреп тұр селеудей,
Едігедей елдің қамын жегендер.

Әкесінен қалған меншік мұрадай,
Талап жатыр байлар елден сұрамай.
«Қалың елім, қазағым» деп күңіренер
Керек болып тұр өзіңдей бір Абай.

Абай ата, білесің ғой өзің де,
Қилы-қилы заман болды кезінде.

Орыс тілін ғылым-білім тілі деп,
Мақтап кеткен екенсің бір сөзіңде.

Алға тартып, үлгі етіп сол сөзіңді,
Намыссыздар өз тілінен безінді.
Қалай сыйлап қадірлеймін өзгені,
Қазақпын деп сыйламасам өзімді?!

Адастырды талай жұртты бодандық,
Қасиетінен жұрдай етіп адамдық,
Өзге тілде шүлдір қағып, алжасып,
Өз тіліңді білмеу — нағыз надандық!

Ана тілде бастық оқып, жазбады,
Орыс тілі «шырақ» болып маздады.
Өркендеді құрып еркін үстемдік,
Қазақ тілі құрып кете жаздады.

Ертең бастық болады деп баласын,
Орысшаға берді улап санасын.
Ойламады ана тілін сыйламау —
Сыйламаумен бірдей ғой деп анасын.

Есті жиып, алдық, міне, Азаттық,
Жүр біреулер әлі тілін мазақ қып.
Өз тілінде оқымаған баладан,
Қандай қасиет күтеміз біз қазақтық?!

7

Өзіңнен көмек сұрап, ұлы Абайым,
Мен қалай іштей налып, жыламайын?!

Әлі де тыныш елдің шырқын бұзып,
Жау болып бір-біріне жүр ағайын.

Алмайды «дос бол» деген ақылыңды,
Ұқпайды зердесімен нақылыңды.
Келеміз біз де әлі іштен тынып,
Бола алмай сендей ақын батыл үнді.

Адамдар бір-бірінен сырт айналып,
Барады өміріміз сұрқайланып.
Безінген өз тілінен, өз дінінен,
Салты жоқ, рухы жоқ бұл қай халық?!

Келемін өлең жазып көптен налып,
Азаттық келсе де бір көктемді алып.
Жаңарып, қайта оянып, ойланбайтын,
Япырай, бұл самарқау неткен халық?!

Күн сайын айғай салсаң сен жартасқа,
Мен барып жыр оқимын балбал тасқа.
Сезімсіз, қаз-қалпыңда сол баяғы,
Селт етіп сергімейді-ау, меңіреу қасқа.

Не айтып жатыр демес ақын ағам,
Даңғаза ән тілейді сахнадан.
Бұл күнде «оқу өтіп» кеткендерден,
Қадірлі жаңа қазақ оқымаған.

Шіреніп, сәлем бермес жаңа байлар,
Келеді сонда басқа талай ойлар.
Қарабайлар бұл күнде абыройлы,
Айрылды қадірінен дана Абайлар.

Қаптады жемқор, сараң қарынбайлар,
 Азайды билер елдің қамын ойлар.
 Көргенде кергіп жүрген көп наданды,
 Ашынып, іштен тынып, қаның қайнар.

Ұлы Абай, саған айтам сырларымды,
 Кешірші марғау қыз бен ұлдарыңды.
 Білім мен өнер құмай талай жастар,
 Ойлап жүр сауық-сайран, бір қарыңды.

Жүйткітсе жүйрік көлік бай баласы,
 Шортандай шоршып түсер айналасы.
 «Әй» дейтін әже де жоқ, қожа да жоқ,
 Бар шығар қолдаушысы, «қайын ағасы».

Заманға қандай кінә таға аламыз?
 Болашаққа шамшырақ жаға аламыз —
 Қанағат, бірлік, мейірім, рахым беріп,
 Қолдасын бізді Алла-Тағаламыз.

8

Өнерге арнап мен де тағдырымды,
 Халқыма сыйлап келем ән-жырымды.
 Сырласып, жүрмін сені үлгі тұтып,
 Мекендеп, Абай, сенің даңғылыңды.

Тойланып мерейтойың, дүркіредің,
 Әлемге атың тарап, бір түледің.
 Көтерді төбесіне мақтан етіп,
 Жыл бойы тойлап әлем, жұртың, елің.

Ал, Абай, күңіренбей, күлімдеңіз,
Ілінер құлақтарға үнім деңіз.
Алдында мүсініңнің жыр оқимыз,
Жыл сайын сенің туған күнінде біз.

Ал, Абай, жаңалықпен танысыңыз,
Жарысып уақытпен алысыңыз.
Жаңғырып өлгеніміз қайта келіп,
Оралып жатыр барлық арысымыз.

Таныды бүкіл әлем еліңізді,
Серпіліп жаздық біз де белімізді.
Жан-жақтан қаптап қонақ келіп жатыр,
Тамсана мақтап байтақ жерімізді.

Оралып, қолдап жатыр құдайымыз,
Атқылап жер астынан мұнайымыз.
Аңсаған азаттықтың арқасында,
Ел болып, кірді, міне, шырайымыз.

Жырыңды оқып бүгін, толғанамыз,
Қастерлеп кітабыңды қолға аламыз.
Өшпейді сенің даңқың, сөзің алтын —
Өмірдің әр сәтінде қолданамыз.

Өзіңмен мұңдасамын, сырласамын,
Мауқымды, құмарымды бір басамын.
Сыйынып әруағыңа, ұлы Абай,
Келеді сендей өлмес жыр жасағым.

Болайын мен де ақын ғажап үнді,
Жеңейін қиындықты, азабымды.

Жырыммен оятайын, ойлантайын,
«Қалың ел, қайран жұртым, қазағымды!»

Әрдайым адал болсын жүрегіміз,
Өркендеп, орындалсын тілегіміз.
Сенейік кемел, жарқын болашаққа,
Бақытты болады деп ұлы еліміз!

9

Өзгеріс енбес жұрттың санасына
Сүйенбей сендей ұлы данасына.
Сен болып айтсам деп ем тату бол деп,
Қазақтың барша қыз бен баласына.

Сөзіміз жүрмес, тіпті, баламызға,
Байлық қой — піріміз де, данамыз да.
Ақшаға айырбастап ар-ұятты,
Саналы, дәулетті ел боламыз ба?

Тіктеліп жазған кезде белімізді,
Жемқорлық жайлап алды елімізді.
Біреулер өзімізге сатып жатыр,
Ежелгі туып-өскен жерімізді.

Еліктеп шетелді біз дара көрдік,
Жайылды сыбайластық, парақорлық.
Еліме СПИД деген індет келіп,
Көруде содан, тіпті, бала қорлық.

Үйренді жасап енді сауда халық,
Мақтаған саудагер жұрт жолда қалып.

Жаманның айтақтаған иттеріне,
Жақсыда жан қалмады таланбаған.

Еркінсіп, алған жандар батылданып,
Жамандап, «қалсам дейді ақымды алып».
Болып жүр тура сөзге тоқтамайтын,
Бұрынғы ер көңілді, ақын халық.

Адамда, сөзде қадір қалмағасын,
Шындықты айыра алмай дал боласың.
Екінің бірі кітап, жыр жазады,
Қой! – дейтін әділ сыншы болмағасын.

Барады қалмай адам елім дейтін,
Ел үшін еңбек етіп, ерінбейтін.
Шіркін-ай, болар ма едік біртұтас ел,
Жүздерге, руларға бөлінбейтін!

Бар болса, бірін-бірі көре алмайтын,
Жоқ болса, қолдап, көмек бере алмайтын,
Мінезі ағайынның ұмытылып,
Болса ғой енді қайтып оралмайтын.

Болса екен бірін-бірі қадірлейтін,
Койса екен әдеттерін жәбірлейтін.
Сүйсе екен әділдікті, адалдықты,
Өзгертер еді сонда өмір кейпін.

Жөнделсе жырымыз да, әніміз де,
Жанданса да тіліміз де, сәніміз де,
Тазарса жанымыз да, арымыз да
Бақытты болар едік бәріміз де!

Тағы да ойланайын, толғанайын,
Мен енді өз мінімді қолға алайын.
Айта алмай жүрмін әлі ақиқатты,
Болса да көңілімде толған уайым.

Көп екен қоқысым да, лайым да,
Бәрінен тазарайын
сынайын да.

Алдында ар-иманның жүгінбесем,
Кешірімес мені халқым, құдайым да.

Шындықты айтып жырмен бере алдым ба,
Өзіңдей батыл шыншыл бола алдым ба?
Мінім де, үндемейтін күнім де көп,
Сол үшін қиналамын ар алдында.

Елімнің, халқымның бір баласымын
Ойлаған татулығын, жарасымын.
Қадірлеп қасиетін,
мақтан тұтып,
Бойыма жиып өстім бар асылын.

Өскен бір ұлан едім сүйіп елін,
Сондықтан жамандыққа күйінемін.
Бақытты болса екен халқым менің
Қызығын көріп жарық дүниенің!

Ұлы Абай, биік сенің парасатың,
Өзіңдей керек бізге тамаша ақын.

Кемеңгер ойларыңмен, жырларыңмен
Халқыңа кезің келді қарасатын.

Тілейміз сендей дана бір дарынды,
Қолдашы қыздарыңды, ұлдарыңды.
Ойланар, бәлкім жақсы жолдан таймас,
Жастарым оқып өссе жырларыңды.

Батыстың қойып ессіз даңғазасын,
Түсінер сөз қадірін, өз бағасын.
Толғанар, тебіренер
көзін ашып,
Халықтық сезімдері маздағасын.

Оянар, есін жинап, шалықтамай,
Жырыңнан үлгі, өнеге алып талай.
Болады осал жаман, берекесіз
Өзіңдей ақын туған халық қалай?!

13

Білмеймін әлденеден жасқанам ба,
Келемін үйрене алмай жас қоғамға,
Шындықты, ақиқатты айтқызбайтын,
Кеңестік дәуір басып тастаған ба?

Көрді ғой халқым қанша зобалаңды,
Аштықты, билеп-төстеп тонағанды.
Қатыгез Сталиндік зұлмат кезең,
Жаламен жойған жоқ па көп адамды.

Айта алмау ақиқатты жаман қандай?
Өзгеріп, өміріміз оңалғандай.

Сонда да әлі де біз үндемейміз,
 Жасқанып,
 күшігінде таланғандай.

Жазайын шыншыл жыр мен дастан бүгін,
 Бергенде елім сөздің бостандығын.
 Айтайын

 азаттықпен халқым енді,
 Бақытқа жаңа есік ашқандығын.

Жырлайын өмірдің де жаңарғанын,
 Тойынып ішіміздің ағарғанын.
 Жақсарып келе жатыр тұрмысымыз,
 Еңбекпен орындалып бар арманым.

Алса екен еркіндігін тілім анық,
 Өсейік еңбек етіп, білім алып.
 Қосылып озық елдер қатарына,
 Болайық біз де өсіп ұлы халық.

14

Халқымды сүйемін мен,
 мақтан өтем,
 Эрдайым мақтап өтем,
 жақтап өтем.
 Күйініп, жақыным деп сынасам да,
 Сатпаймын ешқашанда жатқа бөтен.

Қазағым кең пейілді, ер көңілді,
 Қабылдап талай ұлтты, ерте білді.
 Ойлаймын болашағын отанымның,
 Уайымдап, бүгінімді, ертеңімді.

Бақытқа тұрмыз енді жақын қалып,
Үндемей, қол қусырып отырмалық.
Елдігін сақтап қалған намысымен,
Қазағым — ақын халық, батыр халық.

Көруге жақсылықты ынтығамын,
Келеді халқым үшін жыр құрағым.
Бақытты, дәулетті ел болса деймін,
Ұмытпай халқым бірлік-ынтымағын.

Халқыңның көріп енді беталысын,
Абайым, сен де тыныш жатамысың?
Өзіндей керек бізге адал жандар
Сүйетін, күйетін шын Отан үшін.

Кеңдіктен не көрмеді сайын далам,
Сондықтан ойлап жүр ғой уайым балаң.
Жан-жақтан қатер төніп келмесін деп,
Жырыммен елді қайрап, дайындалам.

Болсақ деп баласындай бір атаның,
Халқыма жыр арнауды ұнатамын.
Жасампаз халқын сүйіп ұл-қыздары,
Бақытқа жете берсін Ұлы Отаным!

Қуаныш

Дүниеге келді бүгін немерем.
Сүйіншіге, Алла, саған не берем?!
Рахмет саған, ризамын, қолдадың,
Өтеуіне жазам жақсы көп өлең.

Біздің үйде шаттық, думан, той бүгін.
Енді мені мазалауды қойды мұң.
Қызым аман, іңғалайды немерем,
Бұл өмірдің қызығына тойды кім?

Қанша уақыт тағат таппай күттік бақ,
Келді сәби айдай апшақ, топ-томпақ.
Ата болдың деп әзілдеп, жарыса
Туыстардың бәрі жатыр құттықтап.

Қонды бізге көптен күткен бақ бүгін,
Көңілім тасып, баса алмай тұр аптығын.
Есте қалар тәтті сезім, сәтті күн.
Жүрегіме симай кетті шаттығым.

Аман-есен бал қызымның туғанын
Абзал болар жақсылап бір жуғаным.
Таусылмайды енді менің берекем,
Тарқамайды мерекем мен думаным!

* * *

Бар екен өшпейтін бір сезім менде,
Қуатты ақылдан да, төзімнен де.
Ол менің саған деген махаббатым
Кіретін түсіме де көз ілгенде.

Сондықтан жыр жазамын өзің жайлы,
Іздеймін жақсы теңеу, сөз ыңғайлы.
Өзіңді ойламасам, сағынбасам,
Махаббат жайлы өлең жазылмайды.

Сол сезім жүрегімде суымайды.
Көңілім менің сенсіз жылымайды.
Жырыммен Күн секілді нұр себемін
Қайтсем де жылытам деп суық Айды.

Балқытқан кеңді домна пешіндеyimін.
Мазалап жүрген болсам кешір деймін.
Сүйсең де, сүймесең де, қалқам, мені,
Сол ыстық сезімімді өшірмеймін.

* * *

Өзіңсіз, жаным,
өмірде мынау бар ма сән?!
Көңілсіз өмір,
өзіңе ғашық болмасам.
Жетер ме қолым
бақытқа мәңгі аңсаған,
Ғұмырды саған,
жырымды саған арнасам?!

Не болып кетті
тірлігім өзі, білмеймін,
Өзіңсіз енді
жадырап, жайнап күлмеймін.
Күнім боп келіп
сәулеңді маған шашпасаң,
Көктемдей тағы
құлпырып қалай гүлдеймін?

Себелеп маған
маздаған Күннің ақ нұрын,
Жаудыршы тағы
сәуірдің жылы жаңбырын.
Қалмады сенсіз
өмірдің сәні, қызығы,
Өзіңсің жалғыз —
бақытым, бағым, тағдырым.

* * *

Бұл өмірден шын махаббат іздеймін,
Таппасам да, одан үміт үзбеймін.
Көктем өтті, жаз да өтті жайнаған,
Енді, міне, жабырқаған күздеймін.

Алда суық қыстың барын ойласам,
Уайымдаймын болады деп той қашан.
Қартайғанда, қурап қалған ағаштай,
Болғаны тек жалғыз қалып қоймасам.

Көрдік талай ғашықтықтың әуресін,
Жасқа келдік ұмытпайтын тәубесін.
Сүйгеніңді енді жалғыз қалдырып,
Қайда жүрсің, армандаған сәулешім?

* * *

Жаңбыр сезім жауды да,
 аспан шайдай ашылды,
Кемпірқосақ секілді
 көңілім көкке асылды.
Жадыраған жаныма
 Күннен шуақ шашылды,
Неге жанған көңіліңіз
 су сепкендей басылды.

Махаббатқа мәңгілік
 көңіліңіз шын сене ме,
Сүю деген сіз үшін
 ойыншық па немене?
Ғашық жүрек маздаған
 Күн секілді өшпейтін,
Оттай жанған көңіл де
 су сепкенге сене ме?

* * *

Өзіңсің пәк сезімге шомылдырған,
Жайнайды жаралғандай өмір нұрдан.
Сүйемін сені, жаным, армандаймын,
Өзіңнен басқа жанға көңіл бұрман.

Өзіңсің — махаббатым, тілегенім,
Табарсың өзің ғана жүрек емін.
Шіркін-ай, сен де маған ғашық болсаң,
Бақытты болып өмір сүрер едім!

Кетсем де енді, қалқам, асып ардан,
Өзіңді сүйгенімді жасыра алман.
Қуанам сені көріп жүргеніме,
Болсаң да қол жетпейтін асыл арман.

* * *

Бақытты жан болуға хақым бар ма,
Қадірлі болып алыс-жақындарға?
Уайымсыз, тыныш неге жүре алмайды
Қуанып өзгелердей ақындар да?

Берілмей қиял-ойға, уайым-мұңға,
Жүруге күліп-ойнап дайынмын ба?
Мінекей, шалқығаны шаттығымның,
Оңалып жақсарғаны жайымның да.

«Қиналып жасамай-ақ жұмыс бүгін,
Еркін бір алайыншы тыныс-тыным», —
Деп едім, бірақ жаным тыншымады,
Уайымдап бүкіл елдің тыныштығын.

Келсе де жоламағым мұңға, тіпті,
Жүрегім уайым-ойға шым батыпты.
Арылмай әлем қайғы-қасіреттен,
Ақындар бола алмайды-ау шын бақытты!

* * *

Достарым көп болса екен бақытты етер,
Жалған дос болмаса екен сатып кетер.
Өтірік күлген жылпос, қу адаммен
Дос болып өткізбейін уақыт бекер.

Көп болса шын достарың, қорқасың ба?
Жүрейін күліп-ойнап ортасында.
Келемін қуанышқа бөленумен
Мейірімді достарымның арқасында.

Әрдайым аман болсын сол достарым,
Ақкөңіл жолдастарым, сырластарым.
Жүргенде қолдап құрбы-құрдастарым,
Шалқиды көңілім мен жыр-дастаным.

* * *

Шынымен мені, қалқам, сүйген бе едің,
Онда мен саған неге үйленбедім?
Кешігіп, тым кешігіп кездестің ғой,
Сүюден күдер үзіп, күйгенде ерін.

Артық деп үйленуден еркіндігім,
Жүр едім,
 еліктірді көркің бүгін.
Бақытсыз махаббатты ұмыттырып,
Жазады жүректегі дертімді кім?

Шаршатты өмір түлкі бұралаңмен,
Ерлік қой — ғұмыр кешу бір адаммен.
Сен мені сүйдім дейсің, күйдім дейсің,
Сүймесем қалай бірге тұра алам мен.

Сүймеген адаммен сен тұрасың ба?
Кетесің бағытыңды бұрасың да.
Сенбеймін, әзілдемей шыныңды айтшы,
Сен мені сүйесің бе расында?

* * *

Қинады ғой тумай жақсы жыр мынау,
Тебіренбей, шабыттанбай жүрмін-ау.
Шабыт сыйлар Музам менің сен едің,
Көрінбейсің, қайда жүрсің, құрбым-ау?

Сен есімнен кетпей қойдың, өшпедің,
Жүрегімді жылытатын пеш пе едің?
Безетіндей мені мүлде ұмытып,
Қарағым-ау, саған сонша не істедім?

Ғашық еттің, махаббатқа сендірдің,
Сендірдің де, үміт отын сөндірдің.
Кездессе де қанша сұлу көшеде,
Керексің ғой маған жалғыз сен, құрбым.

Алыстадың жүрген жандай жырақта,
Жауап таппай жүрмін талай сұраққа.
Ару қыздар көп қой мынау өмірде,
Сағынамын, сені іздеймін бірақта.

* * *

Саған қолым жетпейтінін сеземін,
Бірақ сені іздеп, көше кеземін.
Оңашада жатып алып, қиялдап,
Сағынамын, өртенеді өзегім.

Сені көріп шықпадым бір құмардан,
Көңілімнен кетпей қойды бұл арман.
Аққулардай қия алмайтын серігін
Қиын екен үміт үзу сыңардан.

Бос қиялмен жүрмін кісі күлерлік,
Шамам болмай бақытты өмір сүрерлік.
Қайтсем де мен жүріп кетіп сен үшін
Жасасам ба деген едім бір ерлік.

Арманымнан бас тартпаймын , «бірбетпін»,
Керегі жоқ маған салқын құрметтің.
Ұмыт дейсің, ойла дейсің басқаны,
Махаббатсыз қалай өмір сүрмекпін?

Мойындамай үмітімнің жалғанын,
Дұрыс шығар ғашық болып қалғаным.
Тағдырымның көрем басқа салғанын,
Өзің аман жүре берші, арманым!

* * *

Керегі жоқ маған сенен өзгенің,
Сүйгендіктен — азабыңа төзгенім.
Орның сенің жүрегімнің төрінде,
Сенен безсем — махаббаттан безгенім.

Бәлкім, кейін бұл күйімді ұғарсың,
Сүймесең де маған жақын сыңарсың.
Жүрегіме шабыт, сезім сыйлаған,
Мүмкін, менің мәңгі Музам шығарсың?

Қуанамын көріп қалсам көшеде.
Саған деген пәк сезімім өше ме?
Күні бойы сағынамын көрмесем,
Бұйырғаны маған қандай пешене?

Күтем сені кезіп үйдің ауласын.
Елемеймін, мейлі, денем жаурасын.
Өкінбеймін сырттай жырлап өтсем де
Петраркадай армандаған Лаурасын.

* * *

Бола ма сені
 Ай менен Күнге теңесем,
Болмасаң лайық
 сүйгенім сенсің демес ем.
Өзіңе жетер
 сұлу қыз жоқ деп шын айтсам,
Жымиып күліп,
 сенбейсің маған неге сен?

Мен үшін артық
 ару қыз жоқ қой өзіңнен,
Көрдім де сені
 айрылдым сабыр, төзімнен.
Бағалау үшін
 сендегі ғажап көрікті
Керек пе қарау,
 расында, менің көзіммен?

Болдым ба Мәжнүн
 армандап өткен Ләйлісін,
Ел-жұрттан безген
 арқалап зарың, қайғысын.

Жарығын төккен
 күңгірттеу менің көңіліме,

Сүйгенім менің
Күнбісің әлде Аймысың?

Жанымды баурап
сәулелі, сұлу реңің,
Көргенде сені
жанады оттай жүрегім.
Айым да сенсің,
Күнім де сенсің нұр шашқан,
Өзіңді қалай
ұмытып өмір сүремін?!

Көктем әуендері

Күн күлімдеп, көктем келді тағы да,
Табиғаттың түрленетін шағы ма?
Ыбырсыған қоқысынан тазарып,
Жаңарып тұр санаторий бағы да.

Адамдар жүр киіп жеңіл киімдер,
Талдан-талға жүгіреді тиіндер.
Қыз-жігіттер, қызғалдақтай құлпырған,
Ғашық болар көктем келді, сүйіндер!

Сезімдердің кезі ғой бұл оянар,
Табиғат та түрлі түске боянар.
Ғашықтарға оңашада сырласар
Жасап жатыр бақтар жайлы саялар.

Тұтып жатыр шымылдығын, пердесін,
Ашып жатыр әсемдіктің көрмесін.
Сұлу көктем - махаббаттың маусымы
Жүректерді әнмен, жырмен тербесін!

* * *

Жарқырап тұр мейірленіп күн бүгін,
Серпіп тастап аспан бұлтын-түндігін.
Бақ ішінде көшеттерді қопсытып,
Бағбандар жүр бастап жаңа тірлігін.

Табысқандай мейірленіп көк пен жер,
Сыбырласып ағаштарды өпкен жел.
Бақытты ғой көшет пен гүл екендер
Келеді деп әлі талай көктемдер!

Қандай жақсы өткені тез уақыттың,
Шуақ шашып төбемізден жақұт Күн!
Би билеп жүр жасарғандай қарттар да,
Құшағында тербетіліп бақыттың.

Құстар шулап, мәз-мәйрам боп ән салған,
Ақын толқып, жырын жазып, тамсанған.
Қандай ғажап тербетіле ән тыңдап,
Қуанышпен көктемнің қарсы алған!

Табиғатты, жасыл еткен, гүлдеткен,
Көңілімізді, жанымызды түрленткен,
Келді тағы мейірімді бір көктем,
Бақыт еді, шаттық еді бұл, неткен!

* * *

Байымайсың бұл заманда
өмір сүрсең айлықпен,
Күн көріспен өткізеді
ғұмырларын көпшілік.
Ал біреулер тайрандап жүр
ұрлап жиған байлықпен,
Мәңгі-бақи көрмейтіндей
кедейлік пен жоқшылық.

Уығымыз берік болып,
кірген кезде есіміз,
Төзім бітіп, сын көзімен
айналаға қараймыз.
Үміт күтіп жүрген кезде,
түзелер деп көшіміз,
Көп кемшілік бар екенін
аңғармадық қалай біз?

Барлық жанға бірдей әділ
жасалды ма қамқорлық,
Теңсіздікке әлде қиын
уақыт па айыпты?
Жайлап алып елімізді
жегі құрттай жемқорлық,
Арамдықпен ебін тапқан
жандар сұмдық байыпты.

Сол байлығын қайда алып
кетер екен өлгенде,
Туған елім, қандай көнбіс,
пейілі кең мекенсің?!
Талайлардың былықтары
ашылғанын көргенде,
Адал өмір сүргеніңе,
қуанады екенсің!

* * *

Бір сезім бар өшпеген әлі менде:
Дос боламын жаспен де, кәрімен де.
Жақсы көрем мейірімді адамдарды,
Сәбилерді ұнатам бәрінен де.

Кейде мен де жалығам барлығынан,
Көңілдердің сұп-суық тарлығынан.
Тағдырының қаша алмас зорлығынан
Қанатынан айырылса сорлы қыран.

Қиянатқа кей кезде ашынамын,
Оны айтпай қалайша жасырамын.
Дауылдатып түнерген бұлт секілді
Бұрқырап бір жыр жазып, басыламын.

Қиындықтар көрсем де жасымадым,
Бөленсем де шаттыққа тасымадым.
Махаббат пен мейірімін жүрегімнің
Жырлап, жазып кетуге асығамын.

Бір сезім бар өшпейтін әлі менде,
Қорықпайтын ажалдың кәрінен де.
Жақын болсын, жат болсын, адамдардың,
Сыйлас болғым келеді бәрімен де.

* * *

Көрдiм ғой мен ғашықтықтың әуресiн,
Қашан iздеп келесiң сен, сәулешiм?
Жарқыратып көңiлiмнiң әлемiн,
Шашпайсың ба махаббаттың сәулесiн?

Жайнатсыншы көңiлiмнiң әлемiн
Нұрлы жүзiң, жылы сөзiң, сәлемiң.
Жалыңдасын махаббаттан жүрегiм,
Бұрқырасын өзiң жайлы өлеңiм.

Көрмей жүрмiн ғашықтықтың пайдасын,
Сәулешiм-ау, ұмыттың ба, қайдасың?
Келшi тағы Күңдей болып күлiмдеп,
Қуаныштан өмiр қайта жайнасын!

* * *

Тағдырдың жаны маған ашымаған,
Сонда да көңілім әлі жасымаған.
Секілді дауылдатқан Қасым ағам,
Өзендей буырқанып тасып ағам.

Алдымда асуым көп алынбаған,
Сонда да тағдырға мен жалынбағам.
Тұлпардай мінезім бар арындаған,
Жыр жазам жүрегімнен жалындаған.

Кезде де өмірім тым қиындаған
Құдайдан басқаларға сиынбағам.
Соқса да қанша боран құйындаған,
Түспейді жұрт алдында сыйым, бағам.

Жүректе жалыным бар лапылдаған,
Темірдей балқып кетер жақындаған.
Жыр жазсам жігерленем, батылданам,
Ақын ба жанартаудай атылмаған?

* * *

Жазылмас жүрегімнің дерті — өлеңім,
Жалындап, шабыттанып, өргенемін.
Жазайын жырларымды жалықпастан,
Бағалар еңбегімді ертең елім.

Келмейді сөніп қалғым ерте менің,
Дүние, сен не деген көркем едің!
Қуанып, мейірленіп жақсылыққа,
Келеді өз елімде еркелегім.

Нәр алып, шабыттанып сұлулықпен,
Адаммын барлық жаннан жылу күткен.
Сүйемін құштарланып мен өмірді,
Жыр жазып сырласамын ұлылықпен.

Кезім көп сағынатын, тасынатын,
Көруге адамдарды асығатын.
Жырымды оқыған жұрт ойлар, бәлкім:
«Өмірде жүр екен, — деп, — ғашық ақын».

* * *

Жүзіңді самал сүйіп, Күн ыстаған
Көктемде қандай рахат тыныстаған.
Жаңарған табиғаттың керім кезі
Бітпейтін тауып берді жұмыс маған.

Қаланы жуып кетсе нәсер келіп,
Отырам қалам алып, әсерленіп.
Сананы тұрмыс билеп кеткен кезде,
Жыр жазу емес пе екен бос әурелік.

Шыңдықты айтпай қашан іркіліп ем,
Ойымды жеткіземін жыр тілімен.
Қалайша жасырамын сырларымды,
Кетермін бұл жалғаннан бір күні мен.

Күресіп, көп қиындық көріп келем,
Жазсам деп ерекше ой, көрікті өлең.
Азатпын, азаматпын, соңдықтан да
Жасқанбай қаламыма ерік берем.

* * *

Азық болған жаныма
жырым менің — жан балам.
Өлеңсіз де күн көріп
жүргендерге таң қалам.
Әр адамның, әрине,
өз жолы бар таңдаған.
Ән мен жырсыз, бәрібір,
жүректе от жанбаған.

Жанға азық аламыз
қасиетті өнерден,
Жаңартады ән мен жыр
сезімнің көнерген.
Өлең жазбай жүруге
қалай енді көнем мен,
Кетті неге азайып,
оқырман мен көрермен?

Жүре берсін оқымай
рухани нағандар,
Оған менің көңілім
болмасыншы алаңдар,
Өнеріңді, тіліңді
ұмытпаңдар, адамдар!
Бақыттымын, өйткені,
Өлең деген балам бар.

* * *

Сөйлескенде саған жиі қарадым,
Көздерімнің қиығымен ұрланып.
Мен өзіңмен танысқалы, қарағым,
Мына дүние сала берді нұрланып.

Менен, қалқам, кітабымды сұрадың,
Сосын жақсы екі кітап сыйладың.
Қандай көркем сұлу қызсың, шырағым,
Қуаныштан жер-көкке мен сыймадым.

Мен де өлең кітабымды ұсындым,
Өлең жазып, саған арнап, тамсанып.
Қуанып сен, мені жақсы түсіндің,
Жүрек тулап, қоя берді ән салып.

Риза болып, сүйдің мені жақындап,
Мен де сенің ақ жүзіңнен сүйген ем —
Сезім кетті жүрегімде лапылдап,
Бөлендім бір ғажап тәтті күйге мен.

Сол ғашықтық сезімімнен лаулаған
Оңашада туды осы өлеңім.
Сүйкімді қыз, жүрегімді жаулаған,
Мен өзіңді сондай жақсы көремін!

* * *

Білінбейді қадіріміз
 жер бетінде жүргенде,
Сағынамыз жақынымыз
 жер қойнына кіргенде.
Жаз дәурені тез көшеді
 адамнан да, гүлден де.
Өмір деген өте шығар,
 байқалмастан бір демде.

Өкінеді адам біткен
 жоғалтқанда жақынын,
Оятқандай бақытсыздық
 сезімі мен ақылын.
Туған елі еске алады
 өлгеннен соң ақынын,
Күтіп жүрген секілденіп,
 ғұмырының ақырын.

Тау да жақсы көрінеді
 алыстасаң расында,
Алып шыңдар асқақтайды
 ақ қар жатқан басында,
Жоғалтқан соң жақыныңды
 көмектеспес жасың да,
Асылыңды қадірлей біл
 жүрген кезде қасыңда!

* * *

Алматым, сұлу еді жазың қандай!
Қараймын гүлдеріңе көзім қанбай.
Жамылған жасыл желек бақтарыңда
Серуендеп, бойым сергіп жазылғандай.

Тау жаққа барсам салқын самал ескен,
Шаттанам кездегідей далада өскен.
Жұпары шыршалардың, алма ағаштың
Өмірі ұмытылып қала ма естен?!

Бақтарың, алаңдарың жасыл қандай,
Алуан гүлмен өрнек басылғандай.
Қасына барсам салқын су бұрқақтың,
Болады тынысым бір ашылғандай.

Аласың ыстықтасаң жаңбырлатып,
Сайратып құстарыңды сан жырлатып.
Қыдырып күні бойы емін-еркін,
Тапқандай қуанамын мен бір бақыт.

Болады шабытым да маздағандай,
Шаттанам бұрын өлең жазбағандай.
Жасанған той думанға сұлу қыздай,
Алматым, кереметсің жазда қандай!

* * *

Жетер енді үйіме қамалғаным,
Аңсап кетті сағынып самал жаным.
Көптен бері көрмедім достарымды,
Таза ауамен еркін бір демалмадым.

Айналдырмай үйімді абақтыға,
Серуендеп ашайын қабақты да.
Аяқтыға керек қой еркін жүру,
Ұшу керек болса егер қанаттыға.

Жасамай-ақ қояйын жұмыс бүгін,
Сыртқа шығып, алайын тыныс-тыным.
Қалың ойдан шаршадым қарт адамдай
Үй күшік боп ойлайтын тыныштығын.

Не табамын көп жұмыс жасағанда,
Демалайын қолым бір босағанда.
Өмір сүру керек қой құштарланып,
Қызық көру керек қой жас адамға!

Не табамын үйімде отырғаннан,
Жүрегімді уайымға батырғаннан.
Аямайды қызығын, қуанышын
Өмір өзін сүйетін батыр жаннан.

* * *

Қарапайым ғұмыр кешіп келемін,
Алданышым болып енді өлеңім.
Қанағатшыл, момын осы қалпымда
Қабылдаса қабылдасын мені елім.

Тағдыр басқа не салса да көнемін,
Ауру келсе үнсіз жасап мен емін.
Қанағатшыл, мейірімді адамға
Бақыт өзі келеді деп сенемін.

Медет тұтып қолымдағы барымды,
Ойлап жүрем ұятымды, арымды.
Сезінемін мен өзімді бақытты,
Сүйгендіктен жақын адамдарымды.

Қызықпаймын дүниеге, алтынға,
Қала берем қарапайым қалпымда.
Мен бақытты бола берем қуанып,
Бақыттылау бола берсе халқым да.

Елемеймін көңілдердің тарлығын,
Досы болам кешірімшіл арлының.
Елің үшін еңбек етсең ерінбей,
Құдай өзі жеткізеді барлығын!

* * *

Не істесем екен
 қарату үшін өзіңді,
От пенен суға
 тастасам ба екен өзімді?
Арнаған саған
 ұқпайсың жыр мен сөзімді.
Келмейді көргің
 мендегі ыстық сезімді.

Кенеттен байып,
 миллионер әлде болсам ба?
Атақты болып,
 есіңді әбден алсам ба?
Қызығып маған
 қарар ма едің сен сонда,
Бақытым менің
 болар ма едің сен сонда?

Не істесем екен,
 қарағым, енді не істесем,
Көңілің түсіп,
 алуың үшін еске сен?
Кешейін барып,
 теңізді егер кеш десең,
Қайтемін енді
 жанымды өртеп, өшпесең?

Қалайша, қалқам,
жанымнан менің от сөнбек,
Соғады ғашық жүрегім
жанып, тек сен деп.
Армандай берем
тезірек жүріп кетсем деп,
Қаратып сені,
бақытқа бөлеп өтсем деп...

* * *

Тағы да бір аурудан қалдым аман,
Денем мынау қаусаған, қалжыраған,
Жаным мынау қиналған, қан жылаған,
Енді қандай қуаныш қалды маған?

Сыртта көктем маужырап балбыраған,
Жасыл желек жамылған сәнді қалам!
Сезімімді қалай мен жандыра алам,
Құмарымды қалай мен қандыра алам?

Жазылса екен қинамай енді жарам,
Соқпаса екен жауратып жанды боран.
Жайнаса екен осылай сәнді қалам,
Сыйласа екен шаттығын мәңгі маған!

Жақсы адамдар

Мейірімді, ақылды жақсы адамдар,
Сендер аман жүріңдер, ақсамаңдар!
Бақ санаңдар адалдық, абыройды,
Байыса да ақша деп қақсағандар.

Жүргендіктен өмірде байқап бәрін,
Мен де жиі жаныма жай таппадым.
Абалап жүр сендерге талай иттер,
Біреулердің есітіп айтақтарын.

Жандарыңның өшірмей жарықтарын,
Алшаң басып жүріңдер алыптарым.
Айқындалар кімнің кім екендігі,
Көріп отыр түсініп халық бәрін.

Қиналдық деп ешқашан мойымаңдар,
Жақсы адамдар жақсының жайын аңдар.
Ел алдында масқара болып жатыр
Жемқорлықпен, ұрлықпен байығандар.

Бір-біріңді қолдаңдар, тастамаңдар,
Бақыттылау болсын деп басқа жандар.
Жолы болып жатса да жылпостардың,
Бұл өмірдің тірегі — жақсы адамдар!

Жақсылық пен жамандық

Барлығын да түсінесің, білесің,
Білесің де, іштен тынып жүресің.
Бұл дүниеде жақсылық пен жамандық
Ешқашанда тоқтатпайды күресін.

Бірін-бірі жеңіп жатыр кезекпен.
Шалып жиі, теуіп жатыр өзектен.
Ес білгелі адамзаттың басынан
Талай ауыр, қиын-қыстау кез өткен.

Қаншама рет өзгерді екен замандар,
Қаншама рет соғысты екен адамдар?!
Жойылған жоқ жақсылық пен жамандық,
Әлі өмірде жақсы да бар, жаман бар.

Көңілім соны аңғарады, ұғады,
Бірде анау, бірде мынау жығады.
Мен сенемін:

жамандықты жақсылық
Ақыры бір мәңгі жеңіп шығады!

* * *

Тағдыр мені жиі қатты сынайды,
Бірақ маған өмір сүру ұнайды.
Таусылмайды қызығы бұл дүниенің,
Өткізсең де қанша жылды, күн-айды.

Неткен, қызық дүкендерге кіргенің,
Керегіңді іздеп, таңдап жүргенің.
Қандай рахат талай жерді аралап,
Тамашалап, бақытты өмір сүргенің!

Қуантады жақсы киім кигенің,
Еңбегіңмен табыс жинап үйгенің.
Достарыңды көріп жиі көшеде,
Сұлу қызға ғашық болып сүйгенің!

Көңіліңді көтергенде қызып той,
Рахатқа батар балқып, жүзіп бой.
Менің әзір қартайғым да келмейді,
Аман жүріп, өмір сүру қызық қой!

* * *

Қайтемін жұрттың өсегін,
Өз үйім — өлең төсегім.
Жырымды жазып оңаша,
Тып-тыныш ғұмыр кешемін.

Қиналып жүрген жан аз ба,
Жығылып содан намазға?
Арылам барлық уайымнан,
Сырымды жазып қағазға.

Пеңдесі нені тіледі,
Құдайым бәрін біледі.
Жүрегі таза адамдар
Қорықпай өмір сүреді.

Өзгелер, мейлі, сынасын,
Құдайға ісім ұнасын.
Азапқа түспес адал жан,
Арамдай ойлап күнәсін.

Иманым, арым — таразым,
Жайнамаз болар қағазым.
Жырымды жазып тазарсам —
Сол болар менің намазым.

Без үйім — үлкен сарайым,
Тынығып, тыныс алайын.
Жырыммен мұңнан арылып,
Әрдайым адал болайын!

Жыл - он екі ай

Тағы да келді, міне, арғымақ жыл,
Қалайша арындамай қалғымақ жыр?!
Сескенбей талай қиын бөгеттерден
Жұлқынып, тұлпар болып қарғып-ақ жүр.

Қарсы алдым шабыттанып қаңтар айын,
Шаттықпен жаңарғандай жан сарайым.
Келгенде менің жылым — жылқы жылы.
Қалайша жыр тұлпарды қаңтарайын?!

Жаңа жыл келе берсін ақпандатып,
Ақ қарға жан емеспін жатқан батып.
Ақпанда бұрқыратып жыр жазамын,
Адамдай қиындықтан тапқан бақыт.

Қуантып келер көктем, Наурызымыз,
Шапқандай жазылады бауырымыз.
Аузымыз аққа жетіп,
 Наурыз тойын
Тойлаймыз, шалқып көңіл,
 ән-жырымыз.

Содан соң жаңбырлатып сәуір келер,
Түрленіп жердің беті тәуірленер.

Гүлденіп бақта жеміс ағаштары,
Тілегін адамдардың тәңір берер.

Қарсы алып одан кейін мамыр айын,
Көңілден кетер барлық сарыуайым.
Тойлаймыз Бірлік күнін, Жеңіс күнін,
Қуанбай мейрамдарда неғылайын.

Шаттанып қарсы алайын маусымымды,
Арылтқан ақша қардан тау-шыңымды.
Жайлауда қымыз ішіп, рахаттанып,
Тояйын жеміске де бал-шырынды.

Келеді сосын айым шілде деген,
Жасанар қала үлде-бұлдеменен.
Қауын мен қарбыз пісіп ыстығымен,
Жүрермін қарық болып гүлге де мен.

Қарсы алып тамылжыған тамыз айын,
Тіліме балын, сөлін тамызайын.
Сусындап қанттай тәтті қарбызымен,
Қақтайын қауын тіліп қазыдайын.

Жеткенде қоңырсалқын қыркүйегім,
Қуанар жинап болып жұртым егін.
Мектепте қауышады оқушылар,
Жасанып, киіп алып бір киерін.

Басталса берекелі Қазанымыз,
Көбейер табысымыз, жазарымыз.
Қамбаға толса бидай, күрішіміз,
Үйде де асқа толар қазанымыз.

Келгенде сары түсті қарашамыз,
Көбейер той мен думан-тамашамыз.
Жиналып менің туған күнімде де,
Достармен, туыстармен жарасамыз.

Салқындау болғанымен желтоқсаным,
Болмайды дел-сал тәнім, селсоқ қаным.
Шаттанып қарсы аламыз Жаңа жылды,
Елемей қар жауғанын, жел соққанын.

Тойлармыз талай тойды, мерекені,
Белгілі қазақ тойшыл ел екені.
Ырысын, жақсылығын ала келер,
Өзінше әр ай қызық берекелі.

Жазылар әлі талай жырларымыз,
Зымырап арғымақтай жылдарымыз.
Қуаныш сыйлап әрбір жыл — он екі ай,
Бақытты болайықшы біз бәріміз!

* * *

Далада жаңбыр енді басылғандай,
Біржола Күннің көзі ашылғандай.
Табиғат мөлдіреп тұр айнадай боп.
Айнала сұлу қандай, жасыл қандай!

Озонмен қандай рахат тыныстаған,
Ешкіммен ренжіспеген, ұрыспаған!
Жазайын тағы өлең бұрқыратып,
Табиғат тауып берді жұмыс маған.

Тебіреніп өлең жазып басылайын,
Жасырмай сырымды айтып, ашылайын.
Осындай елім барда, жерім барда,
Тағдырға бас имейін, жасымайын.

Жаудырып сезімімді тазарайын,
Келді ме жақсы өлеңдер жазар айым?!
Жаңарып жадыраған өмір мынау
Кеудеме құйып жатыр өз арайын.

Бақтарды, көшелерді аралайын,
Жаныма сұлулықтан нәр алайын.
Рахат қой өмір сүру жер бетінде,
Мейірімді, тату болса бар ағайын.

Шашады мейірім шуақ-шапағатын,
Кезім бе бақытты жан атанатын?
Ешқашан мынау жарық дүниеге
Өшпейді құштарлығым, махаббатым!

Дидары нұрлы дүние

Дидары нұрлы, жүрегі жырлы дүние,
Сүйемін сені күйіне, жаным сүйіне.
Әлемсің ғажап алуан тылсым сырымен
Үйлесіп жатқан менің де көңіл күйіме.

Мен кетсем кетем, сен бірақ мәңгі тірісің,
Өзіңді сүйген жүректің сазды жырысың.
Рахмет саған шаттығың үшін, мұң үшін,
Таза ауаң үшін, жайдары шуақ-нұр үшін!

Сүрініп қалып, қиналып кейде жүрсем де,
Көңілім жақын, ықыласым менің бір сенде.
Сүйгенім үшін ақ пейіл адал жүрекпен
Сыйладың маған жақсылығыңмен жыр сен де.

Сақтады мені өзіңнің дарқан пейілің,
Есімде талай саяңда құрған сейілім.
Қасіреті мол, қуанышы көл бұл өмір
Сыйлады маған махаббат, бақыт, мейірім.

Жанымды менің жылытты жылы шуағың,
Жүректің қылын тербеді сазды шу-әнің.
Шырағым өшіп, сөнсем де , жерге енсем де,
Қия алмай сені гүл болып қайта шығамын.

* * *

Ғұмыр кешкен мейіріммен, арымен,
Қуат алған жақсылықтың нәрінен,
Жан едім мен ақ ниеттен жаралған:
Шуақ күтем адамдардың бәрінен.

Мейірбанды достарым бар, бар ағам
Пейілімен қуантуға жараған.
Жаймашуақ лебізінен жақсының
Көңілімне реніш реніш бұлты тараған.

Солар жинап бақытымды құраған,
Болмасам да мейірімдерін сұраған.
Бір ағалар жүрсе маған жол ашып,
Жолды кесіп, бөгеп жүрер бір ағам.

Су да сұрап іше алмайсың сараңнан,
Аса алмайтын адамдығы араннан.
Талай асыл азаматты ақсатып,
Аңсадыңдар кеткеннен соң араңнан.

Зардап шекті кейіп, жасап зарын ән,
Арам ойлы адамдардың барынан.
Көп болса екен бұл өмірде адамдар
Аса алмайтын адалдықтан, арынан.

* * *

Тағдыр, маған тіршілік бер аздаған,
Махббат бер жүрегіме маздаған.
Сұлу емес онсыз жарық дүние,
Мол шуағым неге сөне жаздаған?!

Жырым болсын, нұрым болсын ылайым,
Жанашырлық шайсын көңіл лайын.
Құлар болсам адал болып құлайын,
Жылар болсам жұртпен бірге жылайын.

Тағдыр, мені доссыз етпе, аяғын,
Жөнделмесе жөнделмесін аяғым.
Оралмаса оралмасын баяғым,
Бәрінен де қиын жеке, саяғым.

Солар менің өмірдегі тірегім —
Адамдарсыз қалай өмір сүремін?
Мейірімнің соқтыр Алтынкүрегін,
Елім десін, елжіресін жүрегім!

Ренжімеймін, ризамын
кеңдігіңе, жасаған,
Жер бетінде тірі жүрмін
халқым тыныш, бас аман.
Қуанамын, өтінемін,
аман болсын әрдайым
Бауырларым, қызым, досым,
туған елім, босағам!

* * *

Білмеймін қалай енді жағарымды,
Білмеймін қалай тыныш табарымды.
Кешегі сағынысқан қайран достар
Бұл күнде алмай кетті хабарымды.

Сүйсініп пейіліне, мол арына,
Сеніп ем сүйенішім боларына.
Өзара келіскендей үнсіз кетті,
Түсінбей жүрмін енді соларына.

Әлде мен сай келмедім талғамына,
Шынымен достың көңілі қалғаны ма?
Айнымас достық деген ұлы сөздің
Амалсыз сенемін бе жалғанына.

Ескеріп телефон да шалмағаны,
Ұмытып, бәлкім, еске алмағаны.
Жаныма қатты батты, жабырқатты
Қасымда достың мүлде қалмағаны.

Өмірдің айтып індет-обаларын,
Адамдар еске алуда тобаларын.
Бір үрей, бір үмітпен әуреленіп,
Жүрміз бе күтіп соңы не боларын.

Ұнатып қалған ба жұрт дау-дамайды,
Біреулер таныстығын саудалайды.
Қалтқысыз қамқор болған қайран достар
Көңілімді енді неге ауламайды?

Болды ма әлде бүгін бағым бәсең,
Намысым дейді «ешкімге жағынба сен».
Достарсыз өмір сүру оңай болса,
Оларды мен осынша сағынбас ем.

* * *

Жүрегім де Күн секілді жалындар,
Жылыныңдар, жарық-жылу алыңдар.
Күн мен адам жүрегінің қызуын
Әлі өлшеп білген де жоқ ғалымдар.

Жылытып жүр жерді қанша жұлдыздар,
Жүректері Күндей ғажап ұл-қыздар.
Солар шуақ сепкендіктен күлімдеп,
Еріп кетер әлемдегі күллі ызғар.

Сол жалынды ұл-қыздардың бірі – мен,
Адамдарға сәуле шашқан жырымен.
Жарқырайды Күндей жанып жүрегім
Махаббаттың, мейірімнің нұрымен.

Шаршамайды алаулаған сары Күн,
Бірақ ол да сөнер деген бар ұғым.
Өкінбеймін сөнсе менің жүрегім
Жер бетіне сыйлап жылу-жарығын.

* * *

Достарым келсе үйге көңілденем,
Кеткендей болып мүлде жеңіл денем.
Жадырап жақсы ойлардан жан-жүрегім,
Жазамын көпке дейін көңілді өлең.

Шаттанып, естігенде жылы сөзін,
Көремін жақын достың ырыс өзін.
Бөлейтін жақсылыққа жан-дүниенді,
Шынында, достық деген — ұлы сезім.

Қаламын қуанышқа қарық болып,
Аққандай мөлдір суға арық толып.
Кенеттен жақсы көрер досым келсе,
Кетеді үйдің іші жарық болып.

Кезімде достарыммен сәлемдескен
Ұмытып шығарамын әлемді естен.
Достыққа достық жасау — парыз міндет,
Қарызым кетпесе екен төленбестен.

Қуанып, досты күтіп келем деген,
Жол тосып кездерім көп елеңдеген.
Сыйлайтын жақсы достар жиі келсе,
Көңілді болар еді-ау өлең деген.

* * *

Тағы да шықты бүгін жайраңдап күн,
Мұндайда қуанбайды сайрандап кім?!
Серуендеп жүрген қандай адамдармен
Ішінде жапырақтарын жайған бақтың.

Жоқ енді көңілімде ешқандай мұң,
Еркінмін, ештеңеден жасқанбаймын.
Ауадан, күн нұрынан қуат алып,
Шаттыққа жаңа есік ашқандаймын.

Тисе де құлап талай тасқа маңдай,
Келсем де шаршап-талып жасқа қандай.
Ұмытып өткен шақтың уайымдарын,
Өмірді болам қайта бастағандай.

Көрдім де жарқыраған таң арайын,
Қуандым көңілімнен тарап уайым.
Жуынған шықпен жасыл табиғаттай
Жадырап мен де енді жаңарайын.

* * *

Көз алдыма келді бүгін
ішкі дүние-әлемім,
Өткен шақтар жолдап маған
сағынышты сәлемін.
Үлгердім бе бұл өмірдің
алып сыйын, бар емін.
Асығамын — әлде жақын
қалғаны ма мәренің?

Дүниеде әрбір адам
қайталанбас бір әлем,
Сондықтан да бір-бірмен
түсінісіп жүр әрең.
Мүмкін болса жер бетінде
мәңгі-бақи тұрар ең,
Бекер келген жоқ шығармын
бұл өмірге, сірә, мен.

Өзің үшін ғұмыр кешсең
болар өмір көңілсіз,
Үй секілді жылуы жоқ
қалған қыста көмірсіз.
Жалғыз қалсам жүрем мен де
қуана алмай көп үнсіз,
Ғұмыр кеше алмаймын мен
адамдарсыз, өмірсіз.

* * *

Аспанда қарғалар жүр қарқылдаған,
Қыран жоқ найзағайдай жарқылдаған.
Адам тұр қарқ-қарқ күліп, қарнын сипап,
Мейірімі өз басынан артылмаған.

Суықта торғайлар жүр бүрсеңдеген,
Ниетпен жылы үйге кірсем деген.
Қараймын келбетіне адамдардың
Жылтырап көздерінде нұр сөнбеген.

Келмейді,
 сиреген бе көгершіндер,
Олар да безер бізден, көрерсіңдер.
Қаптады қарғалар мен сауысқандар,
Азайып сұлу үнді өнершілдер.

Көміліп жатыр енді дала қарға,
Журмесін қиын болып балаларға.
Күн суып кетер ме екен
 боран соғып,
Көбейіп кетіпті ғой ала қарға...

* * *

Өмір жайлы кімдер біліп, кім ұққан,
Біреулер бар дүниеге құныққан.
Біреулерді өмір қолдап, жылытқан,
Біреулерді өмір мүлде ұмытқан.

Өмір жайлы айта алады қай кісі,
Өмірдің бар қаттысы мен жайлысы.
Өмірдің бар алтыны мен жәй мысы,
Өмірдің бар шаттығы мен қайғысы.

Өмір деген күрделі ғой расында,
Бірде күлсең,
 бірде тамар жасың да.
Бәрі болар бағың тұрса басыңда,
Бағың тайса дос та қалмас қасыңда.

Өмір жайлы таусылмайды сұрағың,
Өмір деген аз-ақ уақыт тұрағың.
Бірте-бірте семе берер құрағың,
Бірте-бірте сөне берер шырағың.

Өмір жайлы не білесің, досым-ау,
Сырласайық тіршілікте осынау.
Бақыт келсе керек екен тасымау,
Бейнет келсе керек екен жасымау.

Өмірдің бар жақсысы мен жаманы,
Келер-кетер түрлі-түрлі заманы.
Құлығы бар, шындығы бар шамалы,
Өмір бейне бітпес ойын алаңы.

Әйелдер

Әйелдерден көп көріппін жақсылық,
Мейірімнен көрмеппін мен тапшылық.
Бар олардың ғажап асыл қасиеті —
Жақындарын қорғап тұрар сақшылық.

Әйелге тән төзімділік, даналық,
Жан тебірентер нәзіктік пен жаңалық.
Сыйлады да маған Жарық дүниені,
Әдділеді қасиетімен аналық.

Әйел жандар ақтығындай арымның,
Махаббаттың құдіретімен дарынмын.
Қиналғанда жан сақтадым, әлдендім
Жүрегінің жылуымен жарымның.

Дәрігер де болып әйел емдеген,
Әйел сынды қамқор ерлер кемде-кем.
Әлі күнге ықыласымен солардың
Мейірленіп, шарықтаймын мен деген.

Әйел гүлі, көркі емес қай елдің?
Азаматы жақсылыққа бай елдің.
Бұл өмірдің тірегіндей, күніндей
Қасиетіне бас иемін әйелдің!

Бауырларыма

Қайырыммен қамқор болып , қарақтарым,
Жатсыңдар маған енді қарап бәрің.
Әл беріп көмектерің қиналғанда,
Жандандым өн бойыма тарап қаным.

Кезім аз қиналмаған, ауырмаған,
Жұмыссыз тұрмысым да ауырлаған.
Әрдайым қуанамын тағдырымның
Сендердей бергеніне бауыр маған.

Өздерің ашықтырмай асыраған,
Кезі жоқ жандарыңның ашымаған.
Қасымда сендер қолдап жүргендіктен
Көңілім әлі менің жасымаған.

Қашаңда маған жылы орталарың,
Өшпейді сондықтан да нар талабым.
Жүргенім жеңіп бейнет, қиындықты
Достардың, өздеріңнің арқаларың.

Қасымда сендер барда қамықпаймын,
Өмірді сүюден де жалықпаймын.
Көңілім көтеріліп, шабыттанып
Аспанда қыран болып қалықтаймын.

Ұшатын сендерсіңдер қанаттарым,
Мейірімді бауырларым, қарақтарым.
Әрқашан аман болып жүріңдерші,
Сендерден айырмасын жаратқаным.

* * *

Айналайын, балапаным, бал қызым,
Қошақаным, жалғандағы жалғызым.
Қуанышым, иісі жұпар жалбызым,
Кейде ойлап өткіземін таңды ұзын.

Қызым менің, қызғалдағым, қызығым,
Еркелейтін, тыңдамайтын «бұзығым».
Меруертім, алтын, күміс жүзігім,
Кім ойламас жайын жалғыз қызының.

Балбыраған, аялаған жемісім,
Өмірдегі мақтанышым, жеңісім.
Таусылмайтын бақыт, байлық, кенішім,
Өмір сүріп жүрмін ғой мен сен үшін.

Бір өзіңсің жұбанышым, тірегім,
Келеді бар жолдарыңды күрегім.
Сенен, жаным, жалғыз ғана тілегім:
Азамат бол, адал болсын жүрегің.

* * *

Жүрегіме ұялаған сезімдер,
Тыным таппай жердің бетін кезіңдер.
Жамандықтан әрқашанда безіңдер,
Қиындыққа мойымаңдар, төзіңдер.

Әрбір үйге барып ұя салыңдар,
Бұлбұл болып әсем әнге салыңдар.
Секілденіп алаулаған жалыңдар
Жүректерде жылу болып қалыңдар.

Сырларымды самал болып жайыңдар,
Тербетілсін тыңдап терек, қайыңдар.
Көңілдерден сейілсін мұң-уайымдар,
Мойымасын жұртым, айналайыңдар.

Жер бетіне жыл құсындай тараңдар,
Жақсыларға жоламасын жамандар.
Жақсылықпен қуантуға жараңдар,
Бақыттылау өмір сүрсін адамдар.

* * *

«Нұр-тас» деген тау бар екен Мекеде
Алғаш түскен Алламыздың аяты.
Жәй тау болса халық тәжім ете ме,
Қойылмаған шығар жайдан-жай аты.

Сол таудың бір үңгірінде пайғамбар
Жәбірейіл періштемен кездескен.
«Жәбәл-нур» деп таудың атын қойғандар
Шығармасын депті сол бір кезді естен.

Алламыздың нұры түсіп, елшісі
Жеткізіпті оның аят-сәлемін.
Болып құран адамдардың еншісі,
Жаулап алды мұсылмандар әлемін.

Бір Алланың пендесімін, құлымын
Дейді барлық Мұхаммедтің үмбеті.
Пайғамбардың қасиетті ілімін
Оқып-білу – мұсылманның міндеті.

«Мен өзіңді тамшы қаннан жараттым»... —
Қасиетті Алланың бұл сүресін
Тасқа жазып өз тілінде араптың,
Қойған екен тауға жаңа бір есім.

Берілді ме әлде маған сол есім,
Досым айтты –білмеуші едім бұрын мен.
Алла мені ақ нұрына бөлесін,
Мен де жұртқа нұр шашайын жырыммен.

* * *

Біреулер жақсы адамды жамандаса,
Тимейді тыңдау оңай маған да аса.
Жабыла жамандаймыз бір азамат
Қызметін күні бұрын тәмамдаса.

Сыртынан біреулердің тас атамыз,
Қылмысын жасамаған жасатамыз.
Адамды көзі жоқта жамандауды
Үйреткен жоқ еді ғой еш атамыз.

Жасаймыз неге біздер кәпір ісін,
Көзіне айт болса бәрі ақыры шын.
Болмаса шақыр оны жекпе-жекке,
Қорқақтық өліммен тең батыр үшін.

Тиылар қашан осы есек дәме,
Қалатын батырсынып, кесектене.
Расында жақсы болсаң, батыр болсаң
Сыртынан басқаларды өсектеме.

Шыр-пыр болып терезеге
ұрынады көбелек,
Қашанғы бұл көңіл байғұс
қаға бермек ебелек.
Шошындырып өрмелеп жүр
төбеде дәу өрмекші —
Қанымды ішіп қанбақшы ма
оған менен не керек?

Әккілікпен талайларды
түсірген-ау торға мың,
Қалай жатам қараңғыда
күтіп қанды сорғанын.
Сөндірмейін шам жарығын
жүрегіндей жақсының —
Жаманатты жасқандырып,
тұрсын болып қорғаным.

* * *

Басқамын мен, бұрынғыдан басқамын,
Жасқа жеттім жайын ойлар басқаның.
Уайым емес жүдеулігі күйімнің,
Уайым маған үш мүшелден асқаным.

Қалжыратып келді тағы мүшелім,
Ала-алмады төніп келіп үш өлім.
Жазатайым жазым болған шақтарда
Жан шақырдым беріп көмек-күш елім.

Көмек болды көптігі де туыстың,
Бұл өмірде қанша бал мен у іштім.
Жақсылармен жақындасып, жарасып,
Жылпостардан жан сауғалап, суыстым.

Мүмкін еді әлсіреуім, сөнерім,
Көп болмаса сүйенерім, сенерім.
Серік болды сенім артқан жақсы адам
Зәру елге арналсын деп өнерім.

Өлеңдеттім келгенінше өз әлім,
Көңілденді кеудемдегі азалы үн.
Жазарымды жазып кетсем болғаны
Жан алқымнан алмай тұрып ажалым.

Алда шығар биігім мен тереңім,
Ерен істен іздейді тек ер емін.
Теремін де жақсылығын жанымның,
Еліме көп өлең жазып беремін.

Қазір маған осы ғана — бас уайым,
Мейлі, қанша жастан аман асайын.
Енді қалған ғұмырымда қайтсем де
Халқыма арнап бір жақсылық жасайын.

* * *

Менің де бір өшпейтін мақсатым бар,
Күндейтіндер болса егер ақсатыңдар.
«Алтын жерде жатпайды» дегендейін,
Жерде қалмас бәрібір жақсы ақындар.

Қудалаңдар соңына түсіп бәрің
Кеткен кезде күйзеліп, ішіп дарын.
Өлген соң да өшпейді шын талантты,
Көзі кетсе ұмытылар «пысықтарың».

Қақпайлаңдар дарынды, өсектеңдер,
Өздеріңнен төмен деп есептеңдер.
Еш еткендер еңбегін шын ақынның —
Бұл дүниеден өздері бос өткендер.

Ұмытқандар арларын, имандарын,
Ақиқат қой қыршыннан қиғандарың.
Жоғалмайды бәрібір, мұқалмайды
Саф алтыннан жырларын құйған дарын.

Оның өзі соғылған саф алмастан,
Жарқылдайды жасымай, тот алмастан.
Суырылады қынаптан кез келгенде
Тірлігінде жүрсе де аталмастан.

Жақсылыққа сенуден талмас дарын,
Қас көрмейді заты бір қандастарын.
Қамықпайды қалса да қалтарыста,
Қадірлер деп халқым мен жан достарым.

Менің де бір көздеген мұратым бар,
Барсыңдар ма қақпан, тор құратындар?
Сендер түгілі өлімге бас имейді
Өлеңдері өміршең тірі ақындар.

Ана тілім

Ана тілім, қасиетті, Ана тілім,
Әйгілеген Абайды дана тілім.
Қандай қиын еліңде әлі күнге
Өгей болып, қиналып қалатының.

Өркен жайып дамыдың талай заман,
Мына ғасыр қорлаған қалай жаман?
Құри жаздап, қайтадан жандансаң да,
Қалің мүшкіл жан-жаққа қарайлаған.

Өгейсітті, жұтатты ғасыр қатты,
Талай жандар менсінбей, тосырқашты.
Ана тілін, тамырын танымайтын
Қалай енді жөндейміз жас ұрпақты?

Өз тілінен болыпты ұялатын,
Жан бола ма халқын ол сүйе алатын?
Ана тілім, өктемдік таяғын жеп,
Көп көрдің-ау тағдырдың қиянатын.

Салтымыз да күйзелді, дініміз де,
Демеген соң қазақша білім ізде.
Ұялатын, қорқатын кез де болды
Көшелерде сөйлеуге тілімізде.

Қабылдадық қуанып заңды бүгін,
Дәлелденді байлығың, мәнділігің.
Бақытты ғой әрбір ұлт бұл әлемде
Өз тілінің сезінсе мәңгілігін.

Ана тілім, қиналған, Ана тілім,
Атты таңың, сейіліп қара түнің.
Ар-намысы халқымның жоғалмаса
Еш күмәнсіз шын теңдік алатының.

* * *

Жиілеп кетті өлеңде жылау,
Түсіну қиын уақытты маған.
Шабытым келсе, әлемде мынау
Болмайды менен бақытты адам.

Білген соң жарық Ай-күнім барын,
Етпейтін болдым өлімді елең.
Ұмытып мүлде қайғының бәрін,
Келеді жазғым көңілді өлең.

Бір жылы сөзден емделер жанбыз,
Дүниеге жеке тумайды еге.
Сезініп өзін пенделер жалғыз,
Қайғымен жанын улайды неге?

Алыстап кетті ғажайып көктем,
Жылытар қалай жырақтан алау.
Неліктен мүлде азайып кеткен
Өзгенің жайын мұратқа балау?

Тұрған соң енді жырақта Күннен,
Тағы да келді Алтын күз жерге.
Күлер ем — жан аз бірақ та күлген,
Кезіге берем салқын жүздерге.

Тоңазып, жаурап даламыз күзде,
Кезеңде қиын төзім шын біткен.
Алыстап, суып барамыз біз де,
Асқындап кеткен өзімшілдіктен.

Әдемі қыз

Көрген сәтте есім кете
 ғашық болдым мен саған,
Әдемі қыз қиялдағы
 арманымдай аңсаған.
Сәл көрмесем сағынамын,
 асығамын жеткенше,
Күні бойы ойлап сені
 қуаныштан ән салам.

Мәз боламын маған тоқтап
 түсе қалса назарың,
Қандай жақсы ұяңдығың,
 жанарларың, ажарың.
Жақын келіп алыстаған
 аспандағы ай-жұлдыз,
Оралғандай қайта қызып
 жастық думан-базарым.

Жарқын екен жаз дидарың
 жарқыраған ақ таңдай,
Жүрегімнің сезімдері
 мөлдіреген пәк қандай.
Үміттеніп, көңілім тасып
 көрген сайын мен сені,
Қуанамын көп іздеген
 бақытымды тапқандай.

Жыр лебіз

Екі жас бірін-бірі жолықтырды,
Ұнатып,
 айнымастай болып құрбы.
Тойында шарап құйған бокалдардай
Жүректер қуанышқа толып тұрды.

Бұл күнді олар қанша армандады,
Жұлдыздай жымың қағып алдан бағы.
Сабылып іздеп қанша бақыт құсын
Қондырды қолдарына, алданбады.

Қуантып армандаған ата-ананы,
Елінен олар тілек-бата алады.
Сыйласып туған-туыс, жақындары
Мың жылдық құда-жекжат атанады.

Жігіттің қалап алған жары — бағы,
Жарымен берік болсын шаңырағы.
Құрметтеп, риза болып ата-енесі,
Қолдасын ата-баба әруағы.

Алданып дүниеге қызыл-жасыл,
Жастардың татулығы бұзылмасын.
Өмірдің қиындығын бірге көріп,
Сақтасын махаббаттай сезімді асыл.

Ару көктем

Тағы да көктем келді, көктем келді,
Соқтырып салқын самал, өкпек желді.
Сағындым қызыл-жасыл қала кейпін,
Сағындым гүл жамылған көк белдерді.

Қарашы күннің шайдай ашылғанын,
Жып-жылы шуағы мол шашылғанын.
Сергітіп, шақырады серуендеуге
Аралап жастық шақтың жасыл бағын.

Қарсы алдым тағы да бір көктемімді,
Қуандым, есіме алмай өткенімді.
Отырмын ұмыта алмай ару қызды
Түсімде алғаш рет өпкенімді.

Келіпті бал дәуренім көптен күткен,
Жаңартар бар дүниені көктем біткен.
Көктем боп мен өзім де кеткендеймін
Түсімде арманымды өпкендіктен.

Ол, неткен, керемет қыз, керемет қыз,
Сол қызға, тағдыр, бізді керек еткіз.
Күлімдеп күн көзіндей жүзін бұрса
Қолына жанымызды берер ек біз.

Ол, неткен, тамаша қыз, тамаша қыз,
Құмартып, елтіп қалдық балаша біз.
Қуанып ықыласына, назарына,
Сағынып, сағат сайын бал ашамыз.

Ибалы, ұстайды екен өзін керім,
Бақыттың балдай дәмін сезінді ерін.
Шыныдан шампан тасып төгілгендей
Шаттықтан шалқып кетті сезімдерім.

Ол, неткен, ғажайып қыз, ғажайып қыз,
Сымбатын сары алтынмен жазайық жүз.
Жайқалған таңғажайып көктем гүлін
Алуға қолымызды созайық біз.

Сені іздедім

(Әні бар)

Көп іздедім, саған әрең кездестім,
Шын бақыттың келгендігін сезбес кім?!
Махаббаттың шуағына шомдырған
Сендей жақын бола алмайды өзге ешкім.

Білдім енді бұл дүниеде барыңды,
Құлағына ілді тағдыр зарымды.
Қуанамын сені көріп, сүйсініп,
Көргендей-ақ мәңгі сүйер жарымды.

Сенсің менің жанға балар серігім,
Шуағыңа келеді көп ерігім.
Дәлелдегім келеді бір ерлікпен,
Саған деген көңілімнің берігін.

Өзімді бір сынайын да, ұнайын —
Сенсің менің шырайлым мен шынайым.
Сенсің менің өміріме мәңгілік,
Жарық-жылу беріп тұрар күн-айым.

Маған бақыт — ғұмыр кешу сенімен,
Көңіліме ұялаған сенім ең.
Сырым осы сенбесең де, сенсең де —
Өмір бойы сүйіп өтем сені мен.

* * *

« Мен деп ойла»...
Мұқағали.

Өзіңсің сағынарым, аңсағаным.
Сені ойлап түсімде де ән саламын.
Тыңдасаң мен деп ойла құстар әнін,
Сімірсең мен деп ойла таң саламын.

Өзіңді сүйіп өту — мәңгі ұраным,
Бір көрсем құмарымды қандырамын.
Шуақты мен деп ойла аймаласа,
Тыңдасаң мен деп ойла жаңбыр әнін.

Жаңбырдай нөсерлетіп басыламын,
Жайнаған күндей болып ашыламын.
Сайрайды сандуғаштар жүрегімде,
Тыңдатып махаббаттың асыл әнін.

Сүюден, сәулем, қалай жалығамын,
Жаңылмай жан сырыңды әлі ұғамын.
«Сағынып, сарғаямын», сүйем сені,
Сүйгендей мәңгі өшпес халық әнін.

* * *

Күннен-күнге жақын тартып арамыз,
Кете алмастай болып мүлде барамыз.
Меңде сонша ғашықтық та жоқ еді
Етерліктей естігеннің бәрі аңыз.

Берген жоқ-ты тағдыр ондай күй маған,
Тым жас едің, бәлкім, сені қинаған.
Бірақ менің жүрегімде бір сезім
Ояныпты сені жатқа қимаған.

Әлі сол бір сезім сергек, ояулы,
Сен қиналсаң, жаным менің қаяулы.
Өкінбеймін, ризамын тағдырға
Сені сонша еткен маған аяулы.

Ешқашанда жаныма жат санаман,
Жалған ойға бермей, тіпті, сана, мән.
Жан жылуын жақынына сыйлаған
Жаным менің, жүрсең екен сен аман!

* * *

Ес білгелі тірлігімнен
ізdedім мән-мағына,
Бір керемет күндерімді
алдан күтіп сағына.
Жеткенімде сол бақыттан
күдер үзер шағыма,
Кездесті бір таңғажайып
сезім менің бағыма.

Аяладым жүрегімде
сөндірмей сол сезімді
Қайта оятқан сәбидей пәк
уайымсыз кезімді.
Жабырқаған жаным жайнап
бақыт дәмін сезінді,
Төрт құбыласы түгел,
бүтін жан санадым өзімді.

Қуаныштан жас баладай
болып кеттім көңілді,
Жайнап өмір, гүлдер қаптап,
құлпыртқандай өңірді.
Жаным мейірім шуағына байып,
көңілім семірді,
Жарық дүниеде мен бекерге
сүрмеппін бұл өмірді.

* * *

Жүрегімде сайрамады
 үнсіз қалып бұлбұлым,
Қар астында қалып әлде
 солғаның ба бұл, гүлім.
Қатал аяз қапылыста
 қалтыратты көктемді,
Қалай енді жылытамын
 тоңазытқан өкпенді?

Көтере алмай қар салмағын
 солды ма әлде сабағың,
Түнерген бұлт секілденіп
 түсіп кетті қабағым.
Сен қуаныш сыйлаушы едің,
 үлбіреген нәзігім,
Қорғанышың бола алмадым —
 алдында сол жазығым.

Желмен ұшып жерге түсіп,
 жаншылды ма желегің.
Жетесізбін, жай-күйіңді
 келмеді ме елегім.
Ұмытуға тырысып ем,
 көрмеген ем мұны айып,
Енді, міне, сені жоқтап
 отырмын мен мұңайып.

Қадіріңе жете алмадым,
нәзік жанды сұлуым,
Көзқуаныш болып енді
кім сыйлайды жылуын?
Күн күлімдеп қар ерісе
тіріле ме тамырың,
Гүлдендіріп жылдамырақ
келсе екен мамырым.

* * *

Сыздайды жиі,
жүрегім дертті, жаралы,
Сонда да онда
махаббат-сезім бар әлі.
Қаралы етіп,
қайрылмай кетіп барады,
Қарамнан үркіп
даланың ерке маралы.

Қуатын оны
жоқ менің жүйрік көлігім.
Басылып қалған
бойдағы жастық желігім.
Далада еркін,
еркелеп өскен, елігім,
Қолына алдап
түсірер екен сені кім?

Бағыма емес,
жолықтың менің сорыма.
Жалтарып кетсем —
ездікке оны жорыма.
Кедергі болғым
келмейді сенің жолыңа.
Түспесең екен
зұлымның құрған торына.

* * *

Не болды, жаным,
 қалдым мен мүлде түсінбей,
Суынып лезде
 көңілің неден қалғанын.
Ғашық күндерім
 өте де шықты түсімдей,
Дәлелдеп тағы
 сезімнің әлсіз-жалғанын.

Өкінем енді,
 бұзған не тәтті ұйқымды,
Күйкі өмір екен —
 көрері сергек-ояудың.
Білмей-ақ қойғын
 бақытсыз, сорлы сиқымды.
Өтінем сенен —
 керегі де жоқ аяудың.

Орнына келмес
 қираған айна ешқашан,
Жарқ етіп бір сәт
 көрсетті дүние ғажабын.
Өзіңмен, сәулем,
 мәңгілік қалай қоштасам,
Тартамын қанша
 өкінішімнің азабын?..

Сүйемін сені
сүйгендей, қалқам, өзімді,
Тілеймін бақыт,
сондықтан бәрін көтерем.
Қайтарып берсең
ұйқыдай тәтті кезімді,
Алақанымда
аялап мәңгі өтер ем.

Сүйемін сені

Сүйемін сені сүйгендей жазғы жаңбырды,
Сүйемін сені сүйгендей сұлу тағдырды.
Сүйемін сені қыстағы күннің нұрындай,
Сүйемін сені жүректен туған жырымдай.
Сүйемін сені армандап күткен бағымдай,
Сүйемін сені думанды жастық шағымдай.
Сүйемін сені аялап сақтар арымдай,
Сүйемін сені жалғанда жалғыз жарымдай,
Сүйемін сені өмірдің ауа, суындай,
Сүйемін сені көңілім мәңгі суынбай.
Сүйемін сені жаныма ең бір жақындай,
Сүйемін сені, өртеніп сүйем ақындай.

* * *

Жаным-ай, енді саған не демекпін?
Өзім де жел айдаған ебелекпін.
Қонарымды сай біліп жүргенімде
Жай-күйіңді ескеріп-елемеппін.

Жүрсең де көңіліме ұнап дәйім,
Десем де ренжітпейін, жылатпайын,
Ақ сәуледей бақытым абайсызда
Қолымнан шығып кетті сынаптайын.

Әлде мен ұшып-қонған көбелекпін,
Тынымсыз қанатымды себелеппін.
Гүлім-ау, тек өзіңнің нәріңді алмай,
Мен сенен неге кеттім, неге кеттің?!

Тұрса да көңілім саған құлап дәйім,
Десем де жалғыз саған тұрақтайын,
Тағдырдың желі айдап, өте шықтым,
Шайқалып қала бердің құрақтайын.

Көкесі осы болар кереметтің —
Телефон шырылдаса елең еттім.
Барында бағаламай бақытымды
Жоғалтып алғаннан соң керек еттім.

Гүлдер

Нәзік гүлдер, ақ гүлдер, раушан гүлдер,
Үндеседі секілді ансамбльдер.
Шалқып кетті көңілім шабыттанып,
Арылғандай басымнан сарсаң күндер.

Гүлдер, гүлдер, көзімді қызықтырған,
Қия алмаймын етуге үзіп құрбан.
Өтсем екен сендерден шабыт алып,
Салқындатпай көңілімді қызып тұрған.

Мен сендерден сезім мен ой аламын,
Аялағым келеді, саялағым.
Жұпар иісі аңқыған сұлу гүлдер,
Қызықтауға қалайша тоя аламын?!

Аралаймын жайқалған жасыл бақты,
Сұлулыққа құмарым басылмапты.
Табиғатқа ризамын, сұлу гүлдер,
Өздеріңдей жаратқан асыл затты.

Гүлдер, гүлдер, сыйлаған шапағатын,
Сұлулықтың символы аталатын.
Жұпар шашып, жайқалып,
жүрегімнің
Ояттыңдар сезімін-махаббатын.

* * *

Тоқташы, жаным,
тыңдашы менің зарымды,
Қайтаршы маған
үміт пен армандарымды.
Тарылды дүние,
қинады өкініш арымды,
Сүйемін сені,
сүйгендей мәңгі жарымды.

Кетпеші, жаным,
қайтадан маған қарашы,
Жанарың емдеп,
жазылсын жүрек жарасы.
Алыстап күнде
көңіл мен көңіл арасы,
Таусылды әбден
құрбыңның айла-шарасы.

Кешірші мені
қызғаныш, күдік қинады,
Сонда да сені
жүрегім жатқа қимады.
Тағдырым аяп,
өзіңді маған сыйлады,
Қайтейін бірақ,
маңдайға бағым сыймады.

Оралшы, жаным,
 қайтаршы нұрлы шағымды,
Шыдамым бітті,
 жүрегім сыздап, сағынды.
Еркіңе еркім,
 сезімге төзім бағынды,
Сыйлашы қайта
 қолымнан ұшқан бағымды.

Шақырам сені
 күн сайын атап атыңды,
Жансың ғой жақсы,
 ажарлы, нәзік, ақылды.
Тірлігім сенсіз
 болмайды тәтті, татымды.
Ұмытам қалай
 аяулы махаббатымды.

Түсінші мені,
 кеш ұқтым сенің сырыңды,
Аптыққан көңіл
 сүрінбес жерде сүрінді.
Жаныма келші,
 жүрейін көріп түріңді,
Арнайын саған
 өмірім менен жырымды.

* * *

Жүрегімде гүл өсті таңғажайып,
Құшағымды жүрдім сол жанға жайып.
Көріп едім түсімде толған айды,
Көзімді ашсам, болыпты демде ғайып.

Әкеткендей әлдекім ұрлап Айды,
Кеудемді бір өкініш тырналайды.
Аялаған гүлі тез құраған соң,
Жүрегім де әндетіп жырламайды.

Сенім, сезім кеткендей мәңгі азайып,
Сүймей қайтіп жақсы жыр, ән жазайық.
Күдер үзіп бақыттан, махаббаттан,
Тіршілігім болып тұр алмағайып...
Жүрегімде күн өшті таңғажайып.

* * *

Махаббатты мойындадым амалсыз,
Сенсіз жаным жаз секілді самалсыз.
Сенсіз көңілім жан секілді жанарсыз,
Кеттің неге, кеттің неге хабарсыз.

Сенсіз өмір түн секілді жарықсыз,
Сенсіз сезім шөл секілді арықсыз.
Сенсіз дәптер секілдімін әріпсіз,
Есалаң бір күй кешемін парықсыз.

Қиялым да құс секілді қанатсыз,
Сенделеді сергелдең ой санатсыз.
Алаңдаймын адамдардай сағатсыз.
Күтем сені, күтем сені тағатсыз.

Сенсіз тірлік тағамдардай қатықсыз,
Сенсіз бағым тәж секілді жақұтсыз.
Білмес едім оны мұнша уақытсыз —
Сенсіз, сәулем, жан екенмін бақытсыз.

* * *

Өзіңді өлердей сағындым, қарағым,
Көрмесем, сүймесем тұра алмай барамын.
Кетпейді көзімнің алдынан елесің,
Сағындым, сарғайдым, сен қашан келесің.

Баруға, ұшуға жоқ әттең, қанатым,
Көзімнен ыстық жас болды ғой таматын.
Жүрегім ғашықтық отымен жанады,
Құмарым бір сүймей қалайша қанады.

Өзіңді көре алмай таусылды амалым,
Өзіңсің — шырағым, шуағым, самалым.
Көңілімнің жайнаған гүлісің, Күнісің,
Өзіңсіз демігіп, тарылды тынысым.

Қуаты жоқ сенсіз ауаның, жарықтың,
Зерігіп, сені бір көре алмай зарықтым.
Қиналып барамын жаңдай-ақ төзімсіз,
Мен өмір сүремін қалайша, өзіңсіз?!

* * *

Ырзамын саған, әрқашан саған ырзамын,
Кеудемде менің
 жақтың сен өшпес жыр — жалын.
Аралап еркін өмірдің әсем гүлзарын,
Бақытты болып,
 уайымсыз күліп жүр, жаным.

Жүрсең де тартып тірліктің мұңын, азабын,
Ұмытпа, жаным, өмірдің сұлу, ғажабын.
Тұрады күтіп бақыты алдан тазаның,
Сыйлаймын сені,
 сағыныш өлең жазамын.

Сүю деп біліп ғұмырдың тәтті бар мәнін,
Сүйіктім саған, қаншама өлең арнадым.
Кеудеме менің мәңгілік жаз боп орнадың,
Қалдың сен болып құшпаған әсем арманым.

Бұза алмай кеттік өмірдің қатал бір заңын,
Жырымды оқып жүректің ащы біл зарын.
Жүрсең де қайда
 өзіңмен, қалқам бір жаным,
Ырзамын саған, әрқашан саған ырзамын.

Қимаймын сені

(Әні бар)

Тілеймін сені, сұраймын сені тағдырдан,
Жан құрбым менің жанымды оттай жандырған.
Сезімім менің жаңарып қайта жаңғырған,
Жолында сенің, жолында сенің жан құрбан.

Жанымда енді жүрмесең, жаным, болмайды,
Өзіңсіз көңілім өмірге тасып толмайды.
Айрылсам сенен болады өшпес сол қайғы,
Тек сенің адал сезімің мені қолдайды.

Өзіңсіз, жаным, бақытым сәл-ақ, болмашы,
Жайнашы, гүлім, жанымда жүрші, солмашы.
Аялап өтер бақытым болшы, аяулым,
Қолдашы мені қасірет, қайғым болмашы.

Қимаймын сені басқаға жаным, қимаймын,
Сондықтан сені, өзімді оймен қинаймын.
Сыйлаймын қалай өзгеге, жаным, мен сені,
Өзіңсіз, сірә, дүниеге енді сыймаймын.

* * *

Барамыз мұнша неге майдаланып,
Момынның аңғалдығын пайдаланып?
Ақылмен ойлап тапқан біздің «Восход»
Топырақ әкелді ғой айдан алып.

Шырқырап, мейірімді аңсап туып,
Кетеміз кейін қулық, мансап қуып.
Үндемей қиянатты көре тұра,
Әділ ме аузымызды қалсақ буып.

Адамды етер еңбек, ақыл аңыз.
Дегенмен өмір жұмбақ — бақылаңыз.
Шырылдап шыңдық үшін жүрсе біреу,
Біреуіміз пайда тілеп сатыламыз.

Өзіңнен озса біреу тұсап қалып,
Парамен арамзаның ісі ақталып.
Осынау әділетті жақсы өмірде
Барамыз неге мұнша ұсақталып.

* * *

Тұрып кеткім келеді, тұра алмаймын,
Жүріп кеткім келеді, жүре алмаймын.
Желегі желкілдеген дер шағында
Құлаған жел — дауылдан шынардаймын.

Ай өтті, тек үмітпен тыныстадым,
Теңселіп кетгі бауыр, туысқаным.
Қараймын терезеден: сыртта — көктем,
Қол бұлғап шақырады гүлстаным.

Түлкідей өмір шіркін бұлаң қағыш...
Саулықта жүрген екем құр алданып.
Қадірін білмей келген жалғыз досым
Қасымнан шықпай қойды шыр айналып.

Жалықтым аурухана иісінен де,
Сарғайып, іштен налып күрсінем бе?
Есендік деген нағыз бақыт екен,
Тағы да дәмін татып, сүйсінем бе?

Шыдайын, шыда дейді жұрт та маған,
Мұңымды сыңайменен құптамаған.
...Өмір деген отаудың есігінен
Еркін кірмей, қалайша сыртта қалам?

Сүйікті мекенім

Сүйікті мекенім, сүйікті мекенім,
Жоқ сенің орманың, биік тау, не көлің.
Жазың да тым ыстық, ал қысың тым қатал,
Рас және көп жерден көріксіз екенің.

Қырымға таң қалғам, Кавказ да тамаша,
Эльбрус басына сәдесі жараса
Қасқиып тұрғанда, ойлағам: «Мекенім
Бұл жұмбақ өлкемен алмас, — деп, — таласа».

Үзіліп сапарым, жаттым мен шалғайда,
Шайқалды жас жаным, тиіп тас маңдайға.
Шегінді көп арман, ал бірақ туған жер
Жадыңнан кетпейді екен-ау ондайда!

Кеудемді қысқандай тарылып кеңістік,
Бөлендім киелі сезімге ең ыстық.
Сағындым, көруге зар болдым, ұқтым мен
Туған жер дегенде жоқтығын кемістік.

Өмірге наз

Қапыда қар жауғызып көктемімде,
Солдырып гүлдерімді бөктерімде.
Ей, өмір, мен өзіңнен тумағандай,
Шынымен өгей бала еткенің бе?!

Балғын ем бар уызы бойында әлі,
Шырқалып үлгермеген тойыңда әні.
Бар сөлін сорғалатқан көз жасындай
Орманның секілді еттің қайыңдары.

Алдымнан тұман бүркеп, жол таппаймын,
Қия алмай өткен күнге жалтақтаймын.
Еліне қарай-қарай
Қан майданға
Аттанып бара жатқан солдаттаймын.

Жалындай құшағымды жайғанымда,
Мұндай күн келетінін ойладым ба?
Байқамай жем жегізген бәйге атыңдай,
Сәулемнің әлде бағын байладым ба?!

Бойынан сал-серіше сән кетпеген,
Қуанам, күйзелемін, еңбектенем.
Сен кейде сүйкімдісің бұрынғыдан,
Сәбидей тәй-тәй тұрып, еңбектеген.

Жан емен жоқты тілеп, өкпелейтін,
«Қызықсыз өтті-ау күндер текке» дейтін.
Мен туған перзентіңмін, баладай-ақ
Шешенің қарғысын да кектемейтін.

Ұсынғанмен қызығын, балқаймағын,
Тіршілікте у да бар,
Алмай дәмін
түсінбейміз, түсеміз арбауына,
Суимыз бірте-бірте қалмай жалын.

Сәулешім, бақ мансапты армандама,
Епті боп құс ілем деп қарманба да.
Бір күні тақсіретін тартар тістің
Тәттіге есі-дерті ауған бала.

Барғанбыз талайлардың үйіне де,
Қайтқанбыз күйіне де, сүйіне де.
Көргенбіз адасқанын талайлардың
Есі ауып әлем-жәлем дүниеге.

Бой ұрсаң ой сезімнің тереңіне,
Кешілмін өмір бәрін береріне.
Махаббатсыз бақыт жоқ бұл өмірде,
Ал бақытсыз байлықтың керегі не?

Жетемін армандаған жеңістерге,
Самғасам, қыран болып қалықтасам.

2

Мен әлі биіктерге талпынамын,
Шарықтап, жүрегімде шалқып әнім.
Бойымда тасқындаған қуат болса,
Қалайша шаршадым деп алқынамын?!

Теңіздей шабыттанып шарқ ұрамын,
Өмірге тарқаған жоқ бар құмарым.
Әлі де самғай ұшып нұрлы аспанда,
Келеді күндей болып жарқырағым.

Сенемін бақыт таңы атарына,
Аттанам алыс арман сапарына.
Таласып жер бетінен дән шоқыған
Қарғаның қосылмаймын қатарына.

Білемін өз жолымды, өз бағамды,
Тілеймін жалын болып маздағанды.
Қалаймын біреулердей атақ үшін
Құлықпен жалған өлең жазбағанды.

Бір күні орындалар бар арманым,
Жарқырап қуаныштан жанарларым.
Әлі де сарқылмаймын, жарқылдаймын,
Рас болса ақын болып жаралғаным.

3

Өлеңім жүрегімнен тасқындаған,
Сезімім дерт секілді асқындаған.
Жаным жас, жүрегім – от, көңілім жас,
Жүрмейді әмірі жыл-жастың маған.

Өзендей тасып аққан арнасынан,
Жөңкіліп тыным таппай алға асығам.
Күн сайын шабыттанам шыңға қарап
Мәңгілік кетпейтін мұз-қар басынан.

Қырандай қиындықтан қас қақпаған,
Көңілім асқар таудай асқақтаған.
Ешқашан ақын жаны қартаймайды,
Сондықтан өмір бойы жас боп қалам.

Алысып тағдырыммен, күйікпенен,
Әлі де өмірді мен сүйіп келем.
Аспанда қалықтаған қыран құстай,
Самғатып шақырады биікке өлең.

Мен қалай тыныш жүріп жан бағамын,
Ақындық ғұмыр болса – таңдағаным?!
Жүргенше жер бетінде қарға болып,
Мың артық қыран болып самғағаным!

4

Зымырап ғарыш жаққа самғап барам,
Төменде қалып дала, шаңдақ, боран.

Биікке шығып алып ғарышкердей,
Сырымды жырмен барлық жанға ақтарам.

Биікте қандай ғажап қалықтаған,
Сезімнен жерге сыймай жанып барам.
Шығайын кеңістікке, еркіндікке,
Кеудеме сыйсын түгел алып далам.

Қасыңда болса достар қорқасың ба,
Қалмайын қу тірліктің қалқасында.
Қырандай дүр сілкінді халқым менің.
Аңсаған азаттықтың арқасында.

Самғады аспан жаққа көп қараған,
Ғарыштың кемесімен от бораған.
Мен бүгін қиялыммен ұшып барам,
Секілді Талғат бауырым, Тоқтар ағам.

Биікте қыран болып ғажап ұшқан,
Көреді жер-жаһанды көз алыстан.
Шарықтап бара жатыр аспан жаққа
Әлемді таң қалдырып Қазақстан.

* * *

Гауһардай сұлу еді өмір неткен
Жайнады, жадырады көңіл-көктем
Сүйеді бетімізден жеңіл леппен
Жаударып рахман нұрын тәңір көктем.

Келеді бүршік атып қыз-қайыңдар
Ештеңе жоқ секілді біз уайымдар.
Жаңарған, күлімдеген өмір жайлы
Айтатын талай-талай ізгі ойым бар.

Оянып, сезімдерім армандарым
Бақыттың күткендеймін алдан бәрін.
Балаймын үмітіме, сеніміме
Талдардың жаңа бүршік жарғандарын.

Гүл шығар күнге жайып алақанын
Қарсы алып қуанышпен, жаңа таңын
Оралды қарлығаштар ұясына
Тағы да өсіруге балапанын...

Қазақ аруы

Поэма

1

Қыр гүліндей әлі ешкім үзбеген,
Үлбіреген, сұлу, нәзік қыз деген.
Аруларға ғашық болып келеміз,
Төлегендей Қыз Жібегін іздеген.

Қазағымның арулары қаншама,
Ақын біткен жырлап өткен тамсана.
Қолың жетсе сұлуыңа шын сүйген,
Сен өзіңді ең бақытты жан сана.

Жарық күндей бар тіршілік нәр алған,
Арулардан жерге шуақ таралған.
Рас, рас, әйел жаны тым нәзік,
Гүлдей болып сүю үшін жаралған.

Олар жайлы жырлап дәйім жүр ақын,
Әйел ғажап, аялауға тұратын.
Әйел — ару, әйел — ана, әйел — жар,
Өмір бойы жырлап өту — мұратым.

Төзімімен жеңген тағдыр ызғарын,
Қасиетінің тауыса алмаспыз біз бәрін.

Бірақ, бірақ, жырлай бергім келеді,
Қазағымның қайсар батыр қыздарын.

Толғантады Әлия мен Мәншүгім,
Таң қалдырып әндеріндей Шәмшінің.
Жүрегімді тебіrentіп жүр енді,
Тағдыры бір ару қыздың — әншінің.

Бақытына бөгет болмай басқаның,
Сырттай ғана ғашық болар жастамын.
Сол бір қызға болса деймін ескерткіш,
Жүрегімнен құйылған бір дастаным.

2

Жайнаған жұлдызы бар маңдайында,
Сайраған бұлбұлы бар таңдайында.
Ауылда тұрып жатты бір әнші қыз,
Дастаным сол бір сұлу жан жайында.

Жас еді толған Айдай он бесінде,
Арманы бүршік жарған кеудесінде.
Жүретін елдің бәрін таң қалдырып,
Шәмшінің әндерімен ән кешінде.

Мектептің тоғызыншы класында,
Жоқ еді одан сұлу, расында.
Болған соң өзі сұлу, өзі әнші,
Қызықпай жақсы қызға тұрасың ба?!

Көктемнің сұлу гүлсіз несі көктем,
Махаббат маусымы ғой есінеткен.

Оныншы кластағы бозбаланың,
Сол қызға сол көктемде есі кеткен.

Ойы да, тілегі де — сол болатын,
Әніне, ажарына таң қалатын.
Көрмесе тұра алмайтын халге жетіп,
Толғанып ғашықтықтан болған ақын.

Кете алмай Жер секілді Күнді айналған,
Сол қызды күндіз іздеп, түнде ойланған.
Қиылып қарай берсе көзін алмай,
Қыз қашып қайда барсын ондайлардан.

Жігіт те қызығардай көркем еді,
Жүректі ерітетін өрт өлеңі.
Шоғына маздап жанған көздерінің,
Жүрегі қыз байғұстың өртенеді.

Шоқ түссе жүрек қалай тұрсын жанбай,
Болады көрген сайын қымсынғандай.
Ұғысқан көзбен ғана екі ғашық,
Алғашқы сезім деген тылсым қандай?!

Шама жоқ ол сезіммен алысуға,
Жетпейді батылы да танысуға.
Көп уақыт амал таппай жүрді жігіт,
Мұңайып, кеткендей-ақ салы суға.

Күн сайын ауласының іргесінде,
Ғашығын торуылдап жүргесін бе —
Ақыры жетіп жігіт арманына,
Танысты қызбен жаздың бір кешінде.

Толқуын жүрегiнiң әрең басып,
Тiлдестi жақын келiп амандасып.
Аңсаған мұратына жетедi екен,
Шынымен болса егер адам ғашық.

Ұяла амандасқан жылы жүзбен,
Сөйлесiп армандаған сұлу қызбен,
Қуанып, қатар жүрiп келе жатты,
Қалықтап қос аққудай суда жүзген.

Жiгiттiң қуаныштан көңiлi тасып,
Осылай келе жатты екi ғашық.
Басталды балдай тәттi қызық күндер,
Сырласып бiрге жүрген қол ұстасып.

3

Сахарада шөлдеп келiп қаталап,
Бұлақ суын сiмiргендей жата қап,
Мейiрiмдi қандыратын зәмзәмдай,
Тәттi, неткен, ең алғашқы махаббат!

Сол бiр мөдiр сезiмге не жетедi,
Адамды ол шын бақытты етедi,
Сондықтан да махаббатын алғашқы,
Барлық жандар ұмыта алмай өтедi.

Бiрiн-бiрi сүйсе жастар несi мiн?
Кiнәлi ме кеткенiне есiнiң?
Сәл көрмесе сағынады ғашығын,
Ойлап iштей қайталайды есiмiн.

Тұла бойы тұнып тұрған ізгілік,
Қыз бойынан табылады жүз қылық,
Тәрбиелі, жақсы оқиды сабағын,
Ән салады концерттерді қыздырып.

Артистердей айтқан кезде өлеңді,
Төбіренесің толқын билеп денеңді.
Өнерімен, өнегелі мінезбен
Сол қыз елдің құрметіне бөленді.

Үміт күтіп, таңдай қақты күллі аудан,
Ақын жігіт танбай жүрді жырлаудан.
Сұлу үнді бұлбұл бақта сайраса,
Кім жалығар елтіп оны тыңдаудан?!

Ғашық болып бөленгенде сезімге,
Бұлбұл болып кетесің ғой өзің де.
Құлпырады гүлдей жайнап сұлу қыз,
Сахнада ән шырқаған кезінде.

Ән секілді өмірінің бар мәні,
Әнші болу — оның жалғыз арманы.
Шын ұмтылсаң мақсатыңа жетесің,
Арманыңа адал болсаң болғаны.

4

Өмірдің ащысы бар, тәттісі бар,
Адамды тезге салып қатты сынар.
Сүйгені кетіп алыс Алматыға,
Азаптың дәмін алғаш татты Шынар.

Күндері бірге жүрген ертегі еді,
Назданып ғашығына еркеледі.
Жете алмай енді аңсаған арманына,
Сарғайып, сағыныштан өртенеді.

Алматы болып енді аңсағаны,
Ыңылдап, қиялданып ән салады.
Әлі де бір жылы бар бітірмеген,
Сүйгенін мерекеде қарсы алады.

Оқиды сағынышты хаттарынан,
Жырларын ағыл-тегіл ақтарылған.
Өмірде қызық нәрсе жоқ секілді,
Екеуі бірге жүрген шақтарынан.

Бақыттың татқан күндер алғаш дәмін,
Тілейді Алматыда жалғасқанын.
Сүйгенін сағынады жалғызсырап,
Жүрсе де қимай құрбы-жолдастарын.

Қайтарып қызық кездің қарымтасын,
Оқуға салды енді бар ынтасын.
Қарапайым қызметші ата-анасы,
Адалды өмір қайтіп жарылқасын?!

Олардың күшін іштей шамалайды,
Сенбесе өз күшіне жарамайды.
Байғұстар болашағын ойлап бұның,
Әнші-әртіс болғанын қаламайды.

Сынауға өнерпазды құмар дәйім,
Жолынан айнытуға тұрар дайын.
Қайтпады алған беттен Шынар бірақ,
Қасқайып қарсы тұрған шынардайын.

Өнерге ғашық адам жасқана ма,
Алмастан «төрт» пен «бестен» басқа баға,
Бітіріп ойдағыдай мектепті қыз,
Аттанып кетті жазда астанаға.

5

Ол кезде Алматы ғой астанамыз,
Көркіне көңіл тоймай мас боламыз,
Жүресіз біраз ұзақ пәтер іздеп,
Болмаса туысыңыз, баспанаңыз.

Қамшылап арманыңыз, намысыңыз,
Оқуға келдіңіз бе — жарысыңыз.
Қаншама білімді жан болсаңыз да,
Тым қиын болмаса бір танысыңыз.

Өнердің жолын қуып бала шақтан,
Армандап, үміт күтіп болашақтан,
Оқуға түсіп кету қиын бірден,
Дарынды болсаңыз да дара шапқан.

Өмірде кезің аз ба алданбаған,
Сынақта жетпей қалып алған бағаң.
Шынар да ащы дәмін татты өмірдің,
Түсе алмай оқуына армандаған.

Күресіп, арман үшін алысқан-ды,
Өте алмай соңғы сәтте қалыс қалды,
Қайсар қыз жыласа да, мойымады,
Қайтуға ауылына намыстанды.

Қимады жігітін де қасындағы,
Бөліскен қиындығын басындағы.
«Келесі жылы қайта тапсырам» деп,
Барды ол комбинатқа осындағы.

Уақытша бола тұрмақ тоқымашы,
Бұл іске болмаса да ықыласы.
Ауылына барса егер ата-анасы
Демей ме: «Әнші оқуын оқымашы...»

Әншілік олар үшін атақ қана,
Қыздарын тастар дей ме матап қала,
«Ауылға қайт!» десе де, қайтпады қыз,
Бар екен комбинатта жатақхана.

Сол үшін жұмысқа ол орналасты,
Ісі де содан кейін алға басты,
Ерінбей станокпен мата тоқып,
Бөлмеде көп қыздармен араласты.

Комбинат АХБК аталатын,
Шығарған оның елге мата даңқын.
Жұмыстан қолы боста Шынар сұлу
Іздейтін ең алғашқы махаббатын.

Қаланы аралайтын жігітімен,
Баратын театрға ретімен.

Оңаша қалған кезде ән салатын,
Айнымай сол бұрынғы үмітінен.

Арманы асқақ жанға бар ма тыным,
Көркі де шабыт сыйлар Алматының.
Жайнаған алқасындай Жетісудың,
Бірі ғой жердің жасыл жәннатының.

Қызықтап Шынар оның салтанатын,
Үйлердің сәулетіне тамсанатын.
Қараса асқар шыңды Алатауға,
Жүрегі бұлбұл болып ән салатын.

Жасыл желек жамылған сұлу қала,
Түскендей күнен-күнге сұлулана,
Өседі алаңдарда алуан гүлдер,
Қарайсың, қимайсың еш жұлуға да.

Шынардың жаны рахат тапқаны шын,
Осында ғұмыр кешіп жатқаны үшін.
Кейде тек орыс тілді қалалықтар
Басатын су сепкендей мақтанышын.

Қазақша сөйлесең өз астананда,
Қарайтын, қарағандай басқа адамға.
Қалайша қуанды олар десеңізші,
Биліктен қазақты алып тастағанда.

Қазақты отаршылдар оңдырған ба,
Солар ғой сенім гүлін солдырған да,
Мәз болды, босап қалған орынтаққа,
Орталық өз адамын қондырғанда.

Қазақтың ұмыттырып қазақтығын,
Жоймақшы болған олар қазақ тілін,
Басынды озбырлықпен, міне, тағы
Халықты армандаған азаттығын.

Талады, жерін, елін жұтаң қылды,
Жайлауын, тілін, дінін тұтам қылды.
Ақыры өзі қазған орға түсіп,
Қазақтың намыс отын тұтандырды.

Сол күні қаптады жұрт жаңа алаңға,
Шыдамай иттер арын талағанға.
Өзегін намыс оты өртеп жатса,
Аязға, қатерге жұрт қараған ба?

Жастар да қатал қысқа қарамапты:
Алаңға шеру тартып бара жатты.
Шынар да барды бірге достарымен,
Көруге алаңдағы ғаламатты.

6

Ол жастар емес еді үгіттелген,
Әділдік табамыз деп үміттенген.
Мұз басып, жаурап тұрған алаң сонда
Көрінбей кетті қыз бен жігіттерден.

Қорқытқан, дұрыс жауап қайтармаған
Билікке шулап жастар айқайлаған,
«Менің Қазақстаным!» әнін шырқап,
Ойларын айтып жатты айта алмаған.

Өр әні Жұмекен мен Шәмші ағаның,
Сездірмей жаурағанын, шаршағанын,
Рухтанып, жігерленіп тұрды жастар,
Көрсен де қалың қолдың қоршағанын.

Иттердің үргеніне қарамады,
Үстіне су шашса да тарамды,
Лап беріп милиция, қарулы әскер
Жастарды ұрып-соғып жаралады.

Осылай жазалады қараңғыда,
Жендеттер аш қасқырдай жалаңды да.
Басталды қырғын-топан бір арпалыс,
Сезбейтін адамды да, жараңды да.

Жастарды ұрып әскер бастарынан,
Сүйрейді ұстап алып шаштарынан,
Сол түні қазақ елі күңіренді,
Айрылып талай қыршын жастарынан.

Намысты жастар оңай тарасын ба,
Озбырлар оған, бірақ, қарасын ба?!
Таяқ жеп, жерде құлап жатты Шынар,
Жаралы қыз-жігіттер арасында.

Қаншама ұмтылса да тұра алмады,
Тұрса да, тәлтіректеп жүре алмады,
Әлсіреп құлап түсті естен танып,
Үлгерді аузына алып бір Алланы.

Таң ата әрең-әрең есін жиды,
Аңғарды өн бойынан тосын күйді,

Мұз болған аяқ-қолы қозғалмайды,
Еңіреп омырауына жасын құйды.

Білмейді, қай маңайда, қай далада,
Тірі жан көрінбейді айналада.
Жансыз қалған жастардың ортасында,
Бір сайда жатыр екен айдалада.

Орнынан сүйретіліп тұрды Шынар,
Шамасы келсе біраз жүргісі бар,
Азапты өзі емес пе тілеп алған,
Еңіреп жылағанмен кімді сынар?!

Алаңға кім кінәлі барғаны үшін,
Аллаға шүкір аман қалғаны үшін.
Билікке қарсы шықты өз еркімен,
Тапталпай қорғау үшін ар-намысын.

Ұрынып, бір пәлеге қалды басы,
Сорғалап омырауына тамды жасы.
Білді ме сонда өзі

Азаттықтың

Болғанын алғашқы бір қарлығашы?!

Білсе ғой сол бір қиын шақта Шынар,
Санасын оятқан бұл бақ та шығар.
Әйтеуір, ілбіп басып, дөңнен асса,
Жүр екен сиыр бағып бақташылар.

Бойынан әлі кетіп қуаныштан,
Шақырды қолын бұлғап бұл алыстан,

Жүгіріп қызды көріп, үнін естіп,
Бақташы екі жігіт құрақ ұшқан.

Шошыды жақын келіп түрін көріп,
Болған деп ойламайсың бұрын көрік.
Қан-жоса бет-ауызы, шашы дода,
Кезеріп ерні кеткен тілімденіп.

Түсінбей екі жігіт болды аң-таң,
«Не болды, деп сұрады, саған, қалқам?»
Тіл қатпай, құлай жаздап тұрған қызды,
Ұмтылып, сүйей берді екі жақтан.

Тіріліп, жан біткендей кеудесіне,
Шынардың көзі жетті өлмесіне,
Жігіттер жаны ашып, көмектесіп,
Жеткізді түнге қарай бөлмесіне.

Екеуі жолда қанша жетеледі,
Жүре алмай қалса, қолға көтереді.
Шынардың тұла бойын суық алған,
Тынымсыз күрк-күрк етіп жөтеледі.

7

Көк жөтел тиылмады келгесін де,
Ай бойы жатты Шынар бөлмесінде.
Жабысты желтоқсанның суық желі,
Кетпейтін шаншу болып кеудесінде.

Талай күн түсті азап, қиналысқа,
Жұмыста салды оны жиналысқа.

Естіді талай-талай ауыр сөзді,
Аяз боп тиетұғын ар-намысқа.

Қуылды жұмыстан да, ұйымнан да,
Бұл заман қиын болды құйыннан да.
Құдайдан көмек сұрап жүрді Шынар,
Көзінен парлап жасы сыйынғанда.

Қайтуға дәті де жоқ ауылына,
Не айтпақ ата-ана, бауырына?!
Қаланы кезіп кетті жапырақтай,
Ұшырап қатал тағдыр дауылына.

Безінді жігіті де қарамастан,
Бастарын достары да ала қашқан.
Басынан өтті талай ауыр күндер,
Аштықпен, ауруымен жағаласқан.

Үйі жоқ, вокзалдарды паналады,
Жантайып орындықта дем алады.
Кей кезде бас сұғатын жер табылмай,
Қаланы жұмыс іздеп аралады.

Елемей Шынар шаршап-шалдыққанын,
Сыздамай кетсе дейді қалғып қарын.
Амалсыз үрлеп жейді ашыққан соң,
Қоқыстан тауып нанның қалдықтарын.

Еш жерге алмады оны жұмысқа да,
Естиді тергеу менен ұрыс қана.
Милиция төлқұжатын алып қойып,
Айыптап жазып берген бұрыштама.

Түн түгіл, нұрынан да үркер күннің,
Айтары жұрттың:

«Елге кір келтірдің!»

Тапты да, милициядан қашып жүріп,
Үйінде тұрды ұзақ бір кемпірдің.

Сол жалғыз кемпір бұған пана болды,
Жаны ашып, ана орнына ана болды.
Бұл оның кірін жуып, бағып-қақты,
Тапқанша заман ауып, жаңа жолды.

Отаны тәуелсіздік алған кезде,
Шаттықтан жасы тамды қалған көзде.
Оралды дос-жараны, жақындары,
Алданған өсек-аяң, жалған сөзге.

Ақталды, азабы да аяқталып,
Қиналған ел-жұртынан саяқ қалып.
Дәріштеп желтоқсанның батырларын,
Есіне алып жатты аяп халық.

8

Адамнан арман, сірә, күшті шығар,
Ақыры институтқа түсті Шынар.
Аңсаған арманына қол жеткен соң,
Шаттықтан құстай болып ұшқысы бар.

Қатал қыс қуратқандай тал шыбықты,
Көңілі ұзақ уақыт жаншылыпты,
Сүйікті институтта есін жиып,
Бастады Шынар қайта әншілікті.

Ән айтты сахнаның төрінен де,
Деген жоқ жұртқа жаман көрінем бе?!
Құптады ата-анасы, дос-жараны,
Сол бұған демеу болды бәрінен де.

Басынан өткізді қыз ұлы сынды,
Тырысты оралтсам деп ырысымды.
Қаптаған көрерменнің көз алдында,
Баяғы ақын жігіт гүл ұсынды.

Жүрегін қыздың қайғы тілімдеді,
Жүзінен бірақ мұңы білінбеді.
Жігітке қарап, үнсіз гүлін алып,
Әдеппен басын иіп күлімдеді.

Бар еді қазір оның басқа бағы,
Баққаны соның ғана қас-қабағы.
Ақынның гүлін елеп алғанымен,
Көңілі оны бірақ қоштамады.

Кештен соң жігіт алдан тосып алды,
Кешірім сұрап әбден есін алды.
«Қалған көңіл — шыққан жан» дегендейін,
Кешірердей енді оны несі қалды?!

Қалайша сүйген көңілі сұрқай жанды?
Кес-кестеп жолын тағы шырқ айналды,
Жігіттің қылығынан жүрегі айнып,
Қош бол! — деп Шынар одан сырт айналды...

Қош айтып Шынар сол бір арманына,
Айналды басқа адамның жан-жарына.
Әнімен тербеп елдің жан жүрегін,
Күн болып шуақ шашты бар маңына.

9

Бәрі де әлі күнге ел есінде,
Өмірдің сол бір қиын белесінде,
Қазақтың қайсар мінез өр қыздары,
Жігітке үлгі болды, сенесің бе?!

«Жігіттер, қашпаңдар!» деп ұрандады,
Саңқылдап бейне таудың қырандары.
Қыздардың көріп алға ұмтылғанын,
Ілеспей жігіттер де тұра алмады.

Солардың ерлігімен мұң айықты,
Тағдыры тәлкек болды — кім айыпты?
Қазақтың намысты ұл мен батыр қызы
Кез-келген атақ-даңққа лайықты.

Ол жайлы болар қанша толғансақ та,
Батырға, оғын салған қорамсаққа,
Ақыры бір ескерткіш қойды елім,
Он бес жыл желтоқсанға толған шақта.

Ерлікке шақырғандай халқын әлі,
Тас мүсін алға ұмтылып талпынады.
Қолынан ұшырған ақ көгершіндей,
Рухы ел көгінде шарқ ұрады.

Сол жайлы менің осы дастаным да,
Рухы бар Желтоқсанның жастарымда.
Сондағы Шәмші ағаның ұранды әні,
Қалқыды Әнұран боп аспанымда!

МАЗМҰНЫ

Жарық күнім.....	5
«Өмір, кейде қайғы-қасірет шексем де...».....	6
«Талай белес, асудан асқанымда...».....	7
Азаттық.....	8
Адамдар.....	10
«Сақта мені Құдайым, жалған достан...».....	11
Өнердегі достарыма.....	12
Айналайын арманым.....	13
Сүйіктім.....	14
«Айнымас ғашық сезіммен...».....	15
Анашым.....	16
Жан әке.....	17
Бажалар.....	18
Таң жыры.....	19
«Теңіздей тасып жырым, шалқып әнім...».....	20
«Жүрегімнің табарсың тек сен емін...».....	21
«Сұлу қыз көрдім жүзінен жылы күн күлген...».....	22
Жетісу.....	23
Қайырлы таң, адамдар!.....	25
«Адамдар-ай, мен сендерге ырзамын...».....	27
«Жоқ менде саған деген, Өмір, өкпе...».....	28
«Серпіп тастап ойды басқан еңсені...».....	29
«Өмір, тыңдат сағыныш сазын маған...».....	30
«Өмір, қалай жамандыққа барайын...».....	31
«Жанарларды арбаған мынау Жарық дүние...».....	32
«Нағыз адал досым менің сен бе едің...».....	34
Ғашықпын, Өмір, саған.....	35
Сағындым, Өмір, сені.....	36
Қарыздармын.....	40
«Бойымда қуат барда, санам барда...».....	41
Мен сені аңсап жүрмін.....	42

Арманым менің.....	43
Адамдар-ай.....	44
Мейірім.....	46
Қайырымды қарындасқа.....	47
Қара көздер.....	49
«Елге берем жүректегі барымды...».....	50
Аяулым — әнім.....	52
«Басымнан талай қиын күндер өтті...».....	53
«Қоштаса алмай бейнеті мол өнермен...».....	54
«О, сұлулық, сені көрсем маздаймын...».....	55
«Өмірге келдім жаңбырлы, салқын күзде мен...».....	56
Туған күн.....	58
«Есімде сенің тәтті қылықтарың...».....	59
«Тұр ғой тағы шұғыласын шашып Күн...».....	60
«Шіркін-ай, дала бүгін қандай жарық...».....	61
«Қараймын ұзақ аздап тұрған бақтарға...».....	62
«Сынадың, тағдыр, құлады, талай, жылады...».....	64
«Әзірге қуатым бар, жүрек аман...».....	65
«Сәулешім, ғашық болу жасқа лайық...».....	66
«Жүрегім менің сезімге, жырға жомарт-ау...».....	67
«Көңілім менің, бозінген болып боздама...».....	68
«Сүйе гөр мені, тілей гөр мені, сүйіктім...».....	69
«Жұртым мені қуанышқа жарытты-ау...».....	71
«Адаммын ғой берген сезім, ми, ақыл...».....	72
«Өмірде іс жасама ұялатын...».....	73
Ғашық жүрек.....	74
Жырлайды жүрек.....	76
«Жетімді көрсем келеді үнсіз жылағым...».....	78
Сұлу қыз.....	79
«Сені ойлап, қиялдаймын, аяулым...».....	80
Шырайлым.....	81
«Сен кеткен соң алыс жерге, қарағым...».....	82
Сағынамын сені.....	83
«Болмаса да алатын көп айлығым...».....	84
«Жаным менің, кеттің-ау хабарласпай...».....	85
«Жүрегім, сүюден бір жалықпағын...».....	86
«Өмір деген ұстатпайтын сынаптай...».....	87
«Құдайым, жиі қолдап, қиналдырып...».....	88

«Жұлдызым, жана берші, шамшырағым...».....	89
«Қайда жүрсің, қайда жүрсің, сүйгенім...».....	90
«Сұлусың, әлі жап-жас өрімдейсің...».....	91
«Болар едім бақытты сен келгенде...».....	92
«Періштемсің, сен менің періштемсің...».....	93
«Қолдадың мені қиналып жүрген кезімде...».....	94
«Рахатқа алғаш рет батқан жаңдай...».....	96
«Осынау кемелденген дер шағымда...».....	97
«Адамға қымбат еді өмір қандай...».....	98
«Күтіп тұр ма жадыраған жаз алдан...».....	99
«Өткізсем де қанша жылды, қанша айды...».....	100
«Білмеймін енді күнім не боларын...».....	101
«Ойланып, келдім бе деп кемеліме...».....	102
«Жақсы болсаң жасырынам тасаңа...».....	103
«Мен енді оңай сынбас болаттаймын...».....	104
Ғашықтық құдіреті.....	105
«Тасыған балғын бал кезім...».....	106
«Оңалмай қиын тірлігім...».....	107
«Бағынбай жылдам уақытқа...».....	108
Шырағым-ай.....	109
Әйелдерге тарту.....	110
«Ер жігіттер, ренжітпеңдер қыздарды...».....	113
«Сенен жақсы қыз таба алмай келемін...».....	114
«Не деген сұлу жаралған жансың, қарағым...».....	115
«Шаттанып ғашық сезімге...».....	116
«Жүрекпен жүрек сырласып...».....	117
«Алыстап кетті-ау өткен күн...».....	118
Ауылға келгенде.....	119
Туған елім.....	121
Тауға барғанда.....	122
«Қандай ғажап, қандай сұлу жаңа алаң...».....	124
«Болдың да асыл армандай...».....	125
Туған жер.....	126
Нағашыма.....	127
Қазақтың тойлары.....	128
«Талпынып, үміт күтіп болашақтан...».....	129
«Жаныма жақын едің, сүйікті едің...».....	130
«Сыртқа шықсам қалыпты шиіе гүлдеп...».....	131

Абаймен сырласу.....	132
Қуаныш.....	149
«Бар екен өшпейтін бір сезім менде...».....	150
«Өзіңсіз, жаным, өмірде мынау бар ма сән?!...».....	151
«Бұл өмірден шын махаббат іздеймін...».....	152
«Жаңбыр сезім жауды да, аспан шайдай ашылды...».....	153
«Өзіңсің пәк сезімге шомылдырған...».....	154
«Бақытты жан болуға хақым бар ма...».....	155
«Достарым көп болса екен бақытты етер...».....	156
«Шынымен мені, қалқам, сүйген бе едің...».....	157
«Бұл заманның ақындары жалтақтау...».....	158
«Қинады ғой тумай жақсы жыр мынау...».....	159
«Саған қолым жетпейтінін сеземін...».....	160
«Керегі жоқ маған сенен өзгенің...».....	161
«Бола ма сені Ай менен Күнге теңесем...».....	162
Көктем әуендері.....	164
«Жарқырап тұр мейірленіп күн бүгін...».....	165
«Байымайсың бұл заманда өмір сүрсең айлықпен...».....	166
«Бір сезім бар өшпеген әлі менде...».....	168
«Көрдім ғой мен ғашықтықтың әуресін...».....	169
«Тағдырдың жаны маған ашымаған...».....	170
«Жазылмас жүрегімнің дерті – өлеңім...».....	171
«Жүзіңді самал сүйіп, Күн ыстаған...».....	172
«Азық болған жаныма жырым менің – жан балам...».....	173
«Сөйлескенде саған жиі қарадым...».....	174
«Білінбейді қадіріміз жер бетінде жүргенде...».....	175
«Алматым, сұлу еді жазың қандай!...».....	176
«Жаным менің, сүймеу сені мүмкін бе?...».....	177
«Жетер енді үйіме қамалғаным...».....	178
«Қарапайым ғұмыр кешіп келемін...».....	179
«Не істесем екен қарату үшін өзіңді...».....	180
«Алатаудың сағындым шыршаларын...».....	182
«Тағы да бір аурудан қалдым аман...».....	183
Жақсы адамдар.....	184
Жақсылық пен жамандық.....	185
«Бар менің талай апам, ағатайым...».....	186
«Тағдыр мені жиі қатты сынайды...».....	187
«Қайтемін жұрттың өсегін...».....	188

Жыл – он екі ай.....	190
«Далада жаңбыр енді басылғандай...».....	193
Дидары нұрлы дүние.....	195
«Ғұмыр кешкен мейіріммен, арымен...».....	196
«Тағдыр, маған тіршілік бер аздаған...».....	197
«Рахмет, тағдыр, өлген жоқпын, мен әзірше тірімін...».....	198
«Білмеймін қалай енді жағарымды...».....	200
«Жүрегім де Күн секілді жалыңдар...».....	202
«Достарым келсе үйге көңілденем...».....	203
«Тағы да шықты бүгін жайраңдап күн...».....	204
«Көз алдыма келді бүгін ішкі дүние-әлемім...».....	205
«Аспанда қарғалар жүр қарқылдаған...».....	207
«Өмір жайлы кімдер біліп, кім ұққан...».....	208
Әйелдер.....	210
Бауырларыма.....	211
«Айналайын, балапаным, бал қызым...».....	213
«Жүрегіме ұялаған сезімдер...».....	214
««Нұр-тас» деген тау бар екен Мекеде...».....	215
«Біреулер жақсы адамды жамандаса...».....	217
«Түні бойы көз ілмедім төсегімде жиі аунап...».....	218
«Басқамын мен, бұрынғыдан басқамын...».....	220
«Менің де бір өшпейтін мақсатым бар...».....	222
Ана тілім.....	224
«Жиілеп кетті өлеңде жылау...».....	226
Әдемі қыз.....	228
Жыр лебіз.....	230
Ару көктем.....	232
Сені іздедім.....	234
«Өзіңсің сағынарым, аңсағаным...».....	235
«Күннен-күнге жақын тартып арамыз...».....	236
«Ес білгелі тірлігімнен іздедім мән-мағына.....	237
«Жүрегімде сайрамады үнсіз қалып бұлбұлым...».....	238
«Сыздайды жиі, жүрегім дертті, жаралы...».....	240
«Не болды, жаным, қалдым мен мүлде түсінбей...».....	241
Сүйемін сені.....	243
«Жаным-ай, енді саған не демекпін?...».....	244
Гүлдер.....	245
«Тоқташы, жаным, тыңдашы менің зарымды...».....	246

«Жүрегімде гүл өсті таңғажайып...».....	248
«Махаббатты мойындадым амалсыз...».....	249
«Өзіңді өлердей сағындым, қарағым...».....	250
«Ырзамын саған, әрқашан саған ырзамын...».....	251
Қимаймын сені.....	252
«Барамыз мұнша неге майдаланып...».....	253
«Тұрып кеткім келеді, тұра алмаймын...».....	254
Сүйікті мекенім.....	255
Өмірге наз.....	256
Л...ға.....	258
Самғау.....	259
«Гауһардай сұлу еді өмір неткен...».....	263
Қазақ аруы.....	264

Әдеби-көркем басылым

Нұртас
ИСАБАЕВ

АЙНАЛАЙЫН АРМАНЫМ

Редакторы: Құралай Ағыбаева
Корректор: Күнжан Кежекқызы
Суретші: Алтай Айтжанов
Мұқабасын көркемдеген: Дидар Құлкенов
Компьютерде беттеген: Айбек Алланазаров

Басуға қол қойған күні 11.08.14. Пішімі 84x108^{1/32}. Әріп түрі «Baltica». Офсеттік қағаз. Офсетті басылым. Шартты баспа табағы 15. Таралымы: мемлекеттік тапсырыспен 2000 дана + баспа есебінен 100 дана. Тапсырыс № 48



«Mereke baspasy» тауарлық белгісінің иесі —
“Мерекенің баспалар үйі” ЖШС.
050062, Алматы қаласы, Жұбанов көшесі, 66 Б.
Тел.: +7 /727/ 226 95 56.
e-mail: mereke.baspasy@mail.com



«Өлке» баспаханасы
050062, Алматы қ-сы,
1-ықш. ауд. 66 Б үй.

ISBN 978-601-7370-53-4



9 786017 370534